Қапантайқызы Ш.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

ОҚУ ҚҰРАЛЫ



Қапантайқызы Ш.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Оқу құралы

Астана, 2026

ӘОЖ 811.512.122
ББК 81.2 Қаз
Қ40

«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің» КеАҚ
Ғылыми кеңесі шешімімен ұсынылды (№19 хаттама, 29.06.2026 ж.).

2024-2026 ж.а. ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті тарапынан қаржыландырылатын AP23490928 «Қазақ тілі мен әдебиетін құндылық бағдарлы оқытудың инновациялық технологиясы» тақырыбындағы гранттық жоба аясында шығарылды.

Пікір жазғандар:
Ф.Ш. Оразбаева – педагогика ғылымдарының докторы, профессор;
Ж.А. Жакупов – филология ғылымдарының докторы, профессор;
Ж.Т. Дәулетбекова – педагогика ғылымдарының докторы, профессор.

Қапантайқызы Ш.
Қ40 **Қазақ тілін құндылық бағдарлы оқыту әдістемесі. Оқу құралы.** – Астана: Ab_Group, 2026. - 188 б.

ISBN 978-601-385-231-7

Оқу құралында мектепте қазақ тілін құндылық бағдарлы оқытудың теориялық және әдістемелік негіздері қарастырылған, сонымен қатар қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдеріне қазақ тілі сабақтарын құндылықтарға негіздей ұйымдастыруға мүмкіндік беретін мәтіндер мен тапсырмалар жүйесі ұсынылған.
Оқу құралы қазақ тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау білім беру бағдарламалары бойынша оқитын білім алушыларға және қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ беретін мұғалімдерге арналған.

ӘОЖ 811.512.122
ББК 81.2 Қаз

ISBN 978-601-385-231-7 © Қапантайқызы Ш., 2026

КІРІСПЕ

Адам оқу-білімге уақытын, энергиясын жұмсағандықтан өміріне пайдалы білім алуға ұмтылады. Алған білімі өз өмірін жақсартуға қызмет етуге жарайтын болса, құнды білім болады, уақытының текке кетпегені болады. А. Байтұрсынұлының «Баулу мектебі» атты мақаласында жазылған «Мектепке бала бергенде, ата-анасы баланы тұрмыс ісіне қайым болып, өмірдің азабын көрмей, рахатын көргендей адам болып шықсын деген үмітпен береді» деген сөзін М. Жұмабаев ұлттық педагогиканың негізін қалаған еңбегіне алғысөз етіп алғаны бекер емес. Сондықтан оқыту ұғымы әрқашан құнды, пайдалы білім беру ұғымымен қатар жүруі тиіс. Қазақ тілін оқытуда құндылық бағдарды ұстанудың маңызы да осында.

Қазақ тілі пәнінің қатардағы міндетті көп пәндермен салыстырғандағы айырмашылығы – ол оқушы өмірінің сапасын, әлеуметтік мәртебесін арттыруға, тұлғалық дамуына тікелей әсер ететін пән. Қазақ тілі – ұлттың рухани әлемін бейнелейтін, оның өткенін, бүгінін және болашағын байланыстыратын құндылық. Сондықтан оқушы қазақ тілінің құндылық мәнін толық түсініп, өз өміріндегі маңызды құндылық ретінде бағалауы үшін оны қарапайым грамматикалық құрылым ретінде ғана қарастырмай, мәдени, рухани және тарихи мәнмәтінде меңгерту қажет. Осы тұста қазақ тілін құндылық бағдарлы оқыту әдістемесі көмекке келеді.

Қазақ халқы қашанда сөз өнерін басты ұлттық құндылық деп санаған. Оған тіліміздегі «Сөз қадірі – өз қадірің», «Артық сөйле, кем сөйле, таразылап тең сөйле», «Жақсы байқап сөйлейді, жаман шайқап сөйлейді» деген мақал-мәтелдер куә. Оқушы сөз өнері жауһарларын танып, көркем сөздің мәнін сезініп, әр сөздің мағынасына, қолданысына, әсер ету қуатына мән бере оқыған кезде оның тілдік талғамы қалыптасады. Сөз арқылы жақсы мен жаманды, ізгілік пен қатігездікті, әділдік пен әділетсіздікті, парасат пен парықсыздықты ажырату қабілеті дамиды. Сөз өнерінің игілік таратушылық, тәрбиелік және тұлға қалыптастырушылық құдіреті де осында.

Қолыңыздағы оқу құралының мазмұны қазақ тілін құндылық бағдарлы оқыту әдістемесін теориялық, әдістемелік тұрғыдан меңгертуге, қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімінің бойында кәсіби тұрғыдан маңызды аксиологиялық құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталады. Қазақ тілін құндылық бағдарлы оқыту әдістемесі

жүзеге асуы үшін аксиолингводидактиканың негізгі төрт шарты орындалуы қажет. Олар: мәтін тілін талдай оқыту арқылы сөз өнері құндылығын меңгерту; мәтін мазмұны арқылы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды таныту; құндылық бағдарлы әдістерді қолдану және қазақ тілі мұғалімінің өз пәніне деген жоғары құндылық қатынасының болуы.

Қазақ тілі сабағында мұғалім оқушының бойында сөзге деген сүйіспеншілік, көркем сөз өнеріне деген қызығушылық, тілді ұлттық-мәдени феномен ретінде бағалау сынды құндылық негіздерін қалыптастырады. Ол үшін осы құндылықтар мен қасиеттер қазақ тілі мұғалімінің өз бойынан табылуы тиіс. Оқу құралы білім алушылардың қазақ тілі мұғалімі ретіндегі болашақ қызметін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін ауқымды ғылыми-әдістемелік база ұсыну; қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің бойында өз мамандығына, жүргізетін пәніне деген мақтаныш сезімін ояту; басты рухани құндылық, ұлттық мәдени мұра – қазақ тілін құндылық бағдарлы оқытуға деген саналы көзқарас, азаматтық ұстаным қалыптастыруға бағытталады.

Қазақ тілін құндылық бағдарлы оқыту әдістемесі А. Құнанбайұлының «толық адам», «асыл сөз», «бес асыл іс» және А. Байтұрсынұлының «баулу мектебі», «тірі білім», «сөз өнері» және «мәтін тілінің ғылымы» жайлы әдістемелік идеяларын теориялық негіз етіп алады. Еңбек «6B01717-Қазақ тілі мен әдебиеті», «7M01717-Қазақ тілі мен әдебиеті», «7M02305-Филология», «8D01717-Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламаларында жүргізілетін «Қазақ тілін оқыту әдістемесі», «Қазақ тілін жоғары мектепте оқыту әдістемесі», «Қазақ тілін оқытудың аксиолингводидактикасы» және «Қазақ тілін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері» пәндерінде қолдану үшін ұсынылады.

Құндылық бағдарлы оқыту әдістемесі қазақ тілін ең әуелі адамның жеке өз құндылығы, ұлт құндылығы, рухани құндылық ретінде оқытуды мақсат етеді. Қазақ тілі мұғалімдеріне ұлттық құндылықтармен толықтырылған ғылыми-әдістемелік білім мазмұнын, құндылық бағдарлы оқу материалдарын талдау мен оқытудың белсенді әдістерін қолдану жолдарын меңгерту арқылы ұлт құндылықтарын бойына сіңірген, елінің болашағына қызмет етуге дайын, кәсіби мәдениеті мен аксиологиялық құзыреттілігі жоғары педагог маман қалыптастыруға тиімді ықпал етеді.

I модуль

ҚАЗАҚ ТІЛІН ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

1.1 АКСИОЛОГИЯЛЫҚ ЛИНГВОӘДІСТЕМЕ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЫ

Дәрістің мақсаты:

Қазақ тілін құндылық бағдарлы оқытудың теориялық негіздерін Аксиологиялық лингвоәдістеме тұрғысынан түсіндіру арқылы тілді ұлттық, рухани құндылық ретінде таныту, сол арқылы оқушының тілдік тұлғасы мен құндылық санасын қалыптастыру жолдарын көрсету.

Қарастырылатын сұрақтар:

1. Қазіргі білім беру жүйесіндегі құндылық бағдарлы оқыту тұжырымдамасы және оның маңызы;
2. Аксиологиялық лингвоәдістеменің теориялық негіздері;
3. Қазақ тілін құндылық бағдарлы оқытудың басты қағидалары;
4. Қазақ тілін ұлттық мәдениет пен рухани құндылықтар негізінде оқытудың маңызы;
5. Қазақ тілін құндылық бағдарлы оқытудан күтілетін нәтижелер және аксиотілдік тұлға қалыптастыру мәселелері.

1. Қазіргі отандық білім беру кеңістігіндегі құндылық бағдарлы оқыту тұжырымдамасы

Қазіргі бастауыш, орта, жоғары білім беру жүйесінде оқу үдерісіне жеке тұлғаға бағытталған және құндылықтарға негізделген тұжырымдама енгізіле бастады. Бұл тұжырымдама дидактикалық бағыт ретінде барлық пәндерге қатысты және білім беру мен өзін-өзі дамыту үдерісінің ғылыми негіздерін құрайды. Ол білім беру жүйесінің әртүрлі деңгейлеріндегі сабақтастық, жүйелілік және мақсатты нәтижені көздеу қағидаларын ескере отырып, оқушылардың жас ерекшеліктері мен жеке қажеттіліктерін, қызығушылықтарын ескере отырып жүргізіледі.

Адам баласы қарастыратын ғылым жүйесі антропоцентристік тұрғыда адамды және оның айналасын зерттейді. Олай болса, сол ашылған, зерттелген ғылым негіздерін оқыту жүйесі де адамға, яғни жеке тұлғаға бағытталады және адамгершілік тәрбие беру дәстүрлеріне сүйенеді, оқушының тұлғалық дамуына, рухани, адамгершілік және зияткерлік қасиеттерінің қалыптасуына басымдық беріледі. Жеке тұлғаға бағытталған дидактиканың стратегиясы білім беру мен тәрбиелеу міндеттерін шешуде оқушы тұлғасының дамуын, оның жас ерекшеліктерін және құндылық бағдарын ескереді. Білім беру мазмұны оқушының әлемге және шындыққа деген өзіндік құндылық көзқарасын қалыптастыратын құрал қызметін атқарады. Соңғы жылдардағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер білім беру жүйесінің қайта құрылуына алып келді. Бұл өз кезегінде білімнің құндылық ретіндегі мәнін көтеріп, пәндерді оқытудың мазмұнын құндылық бағдарлы құруға себеп болды.

Құндылықтар ең әуелі философияның зерттеу нысаны ретінде қарастырыла бастаған. Философияның аксиология деп аталатын тармағы адам өміріндегі құндылықтар теориясын қарастырады. Аксиологиялық лингвистика тілдегі құндылықтар жүйесін зерттейді. Бұл сала соңғы жылдарда тіл білімінің дербес бір бағыты ретінде қарқынды дамып келеді. Қазақ тілін құндылық бағдарлы оқыту аксиолингводидактика ғылымының тұжырымдарына сүйене отырып, тілдік білімді жеке тұлғаның дүниетанымы мен адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың маңызды құралы ретінде меңгертуді көздейді.

Қазақ тілін құндылық бағдарлы оқыту әдістемесі толыққанды жүзеге асуы үшін аксиолингводидактиканың мәтін тілін талдай оқыту арқылы сөз өнері құндылығын меңгерту, мәтін мазмұны арқылы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды таныту, құндылық бағдарлы әдістерді қолдану және қазақ тілі мұғалімінің өз пәніне деген жоғары құндылық қатынасының болуы деген шарттары орындалуы тиіс.

Аксиолингводидактикада құндылықтар *негізінде* оқыту, құндылық *ретінде* оқыту, құндылық *бағдарлы* оқыту деген ұғымдар бар. *Құндылықтар негізінде оқытуда* білім беру стандарты мен оқу бағдарламаларында белгіленген құндылық

концептілері оқылым, тыңдалым мәтіндерінің мазмұны арқылы көрініс табады. Алайда қазақ тілі пәнінде мәтін мазмұнымен жұмысқа басымдық берілген кезде оқулық жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды жеткізетін мәтіндер жинағына айналып, оқушыны сөз өнеріне баулу деген өзінің негізгі мақсат-міндеттерінен алшақтап кетеді.

Оқушыға сөз өнерін меңгерту деген қазақ тілі сабағының басты міндеті қазақ тілінің өзін *құндылық ретінде оқыту* арқылы жүзеге асады. Ол негізінен мәтін тілін талдай оқыту әдістемесі негізінде шешімін табады.

Құндылық бағдарлы оқыту әдістемесі жоғарыда аталған екі бағыттың (құндылықтар негізінде және құндылық ретінде оқыту) басын біріктіре келіп, мәдени, рухани мазмұндағы тілге қатысты мәтіндер мазмұнындағы құндылықтарды талдау және мәтін тілін танытуға бағытталған құндылық бағдарлы әдістерді қолдану арқылы оқушының қазақ тіліне деген құндылық қатынасын қалыптастыруды көздейді (1-сурет).



1-сурет. Құндылық бағдарлы оқытудың екі бағыты.

Тілдік білім – дүниетанымдық және мәдени-философиялық категория. Оны күшпен, мәжбүрлеу арқылы меңгерту мүмкін емес. Өзін-өзі дамыту, жетілдіру мақсатын көздеген, сапалы өмір сүруге саналы түрде шешім қабылдаған адам тілдік білімді құндылық ретінде қабылдайды. Күрделі оқу-танымдық әрекетті құлшыныспен, саналы түрде, оңай және жеңіл жүзеге асыру үшін адамда алатын білімінің өз өміріне пайдалы, қажетті екендігіне

деген берік сенім, уәждеме болуы тиіс. Тілді оқытудың міндеті – оқушыға әлемнің тілдік бейнесін таныту арқылы өз жүрегінің ішкі үнін түсінікті, нақты және көркем түрде сыртқа шығарудың жолдарын меңгерту. Сондықтан қазақ тілін оқытуда оқушыға осы бағытта құндылық бағдар көрсетіп отыру маңызды. Әдетте адам тілді күнделікті қолданып жүргендіктен, оның құндылық мәнін сезіне бермейді. Ана сүтімен бойына сіңген, бала күнінен есейгенше қарым-қатынаста сенімді құралы болып келе жатқан тілді оқушы тиісті деңгейде бағалай алмай жатады. Себебі тіл ауа, су, тамақ тәрізді адамның күнделікті қажеттіліктерін өтеуге қызмет етеді. Әсіресе тілдің қоғамдық, әлеуметтік, мәдениеттанымдық мәні, мемлекеттің, ұлттың басты құндылығы ретіндегі саяси мәні туралы қарапайым оқушы ойлана бермейді. Тілді құндылық ретінде мойындау – бұл оған деген құрметтің, ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншіліктің белгісі. Егер адам өз тілінің шынайы құндылығын түсінсе, ол өзінің ұлттық мәдениетін де бағалайтын болады. Бұл ұлттық сана-сезімнің қалыптасуына ықпал етеді.

Қазақ тілін құндылық ретінде бағалай білу, оны өз өмірімен, болашақ мақсаттарымен байланыстыру арқылы оқушы жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды түсінеді. Қазақ тілін құндылық бағдарлы оқу үдерісінде оқушылар:

-Өз тұлғалық қасиеттерін бағалау арқылы өзін-өзі таниды;

-Өз ойын нақты әрі әсерлі жеткізе алу арқылы армандарына қол жеткізеді;

-Өзін тілдік тұлға ретінде таныту арқылы қоғамдағы орнын таба алады.

Осылайша қазақ тілін құндылық бағдарлы оқыту оқушының тілдік дағдыларымен қатар оның рухани-адамгершілік дүниетанымын қалыптастырады.

“Қазақ тілін жақсы меңгеру арқылы мен айналама ойым мен сезімдерімді жақсы жеткізе аламын, өзімді де, басқаларды да айқын түсінетін боламын, рухани бай, ақылды, шешен боламын және өмірде үлкен мақсаттарыма қол жеткізіп, бақытты боламын” деген идея оқушының ішкі сенімдерін, жеке бас уәждемелерін оятады. Алдымен іштей бағалау жүзеге асып, адам өз жеке бас пайдасын анықтап алған кезде ғана оның мақсаты айқын болады.

Ана тілінің құндылығын іштей, саналы түрде қабылдаған кезде ғана оқушы қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде қолдану мен дамытудың маңызы жайлы қоғамдық идеяларды түсініп, қолдайтын болады. Себебі алдымен ішкі, жеке бас уәждеме мықты бекімейінше ол қоғамдық, сыртқы уәждемеге ұласа алмайды.

Осы «тіл – құндылық» идеясының қазіргі қазақ тілі оқулықтарында жеткілікті деңгейде берілмеуі қазіргі ұлттық білім беру жүйесінің басты кемшілігі болып отыр. Оның қоғамдық-саяси жағдайларға байланысты көптеген себептері бар. Ең басты себебі – білім беру мазмұнындағы алаш зиялылары ұсынған ұлттық идеялардың жойыла бастауы, соның салдарынан қазақ тілі пәні өзінің басты мәнінен айырылып қалуы болды.

«Тіл – құндылық» идеясы мектеп оқушыларының жүрегіне орнығуы үшін ең алдымен оны мұғалімдер қауымы қабылдауы тиіс. Сонымен қатар, ең бастысы, құрғақ ұран түрінде қалып қоймай, шынайы іс жүзінде көрініс табуы үшін оны жүзеге асыра бастауы керек. Сол себепті қазақ тілін басты құндылық ретінде оқытудың әдістемелік негіздері айқындап алу маңызды.

2. Қазақ тілін құндылық бағдарлы оқыту әдістемесінің негізгі қағидалары

Қазақ тілін құндылық бағдарлы оқыту әдістемесі қазақ тілінің құндылығын санадағы ұғымдар (ассоциациялар) арқылы қабылдау, қазақ тілін эмоционалдық және логикалық бірлік ретінде оқыту, қазақ тілін ұлттық мәдениеттің маңызды бөлігі ретінде оқыту және қазақ тілі пәнін сөз өнерін меңгерту пәні ретінде оқыту қағидаларына сүйенеді.

1) Қазақ тілінің құндылығын санадағы ұғымдар (ассоциациялар) арқылы қабылдау қағидасы


Қазақ тілі жайлы ойлаған кезде адамның санасына «ана тілі – қазақ халқы – ата мекен – тәуелсіздік» деген сөздер тізбегі оралады. Осы аталған ұғымдардың ажырамас байланысын үздіксіз еске түсіріп отыру – адамның тілдік санасының қалыптасуындағы маңызды кезең. Бұл қағида оқушыларға қазақ тілінің құндылығын, маңызын түсінуге ықпал ететін тапсырмалар орындау арқылы тиімді түрде жүзеге асырылады. Ол үшін қазақ тілі оқулықтарында

берілетін мәтіндер мен тапсырмалар мазмұнында осы аталған құндылық концептілері жиі берілуі керек.

Сонымен қатар «Менің ана тілім», “Тілімнің болашағы – елімнің болашағы”, “Қазақ тілі – тәуелсіздік тұғыры” тақырыптарында шағын шығармалар жаздырып отыру ұсынылады. Шығарма жазудың эссе жазудан айырмашылығы үлкен, ең бастысы, шығарма оқушының шынайы сезімдерін еркін жеткізуіне мүмкіндік береді. Ал құндылықтар оларды сезінген кезде, сезімдерін қағазға түсірген кезде айқындала түседі, көкіректе берік орнығады.

Осы тапсырмаларды үздіксіз және жүйелі орындап отыру арқылы оқушы санасында «қазақ тілі» ұғымы жайлы:

- “шыр етіп дүниеге келген күннен бастап менің өмірімдегі ең жақын адамдардан естіп келе жатқан құдіретім”;
- “бойыма біткен мінезім мен өмірлік әдеттерімнің түп негізін көрсететін ата-бабаларымнан жеткен қасиетім”;
- “кез келген елде, жерде, мәдениеттер ықпалында жүрсем де, менің табиғи бірегейлігімді айқындайтын қорғаным”;
- “рухымды асқақтатын, ерекше күй сыйлайтын құндылығым” деген асқақ сезімдер орнығады (2-сурет).




2-сурет. Оқушы санасында қалыптасатын «қазақ тілі» құндылығы жайлы ұғымдар.

Осындай оқытудың нәтижесінде оқушылар **«Ана тілі дегеніміз не?»**, **«Ол қандай?»**, **«Ол халықтың өмірімен қалай байланысты?»**, **«Ана тілін білу не үшін маңызды?»** деген сұрақтарға жауап іздей отырып, жүрекпен сезінуді үйренеді. Осының нәтижесінде олардың ана тілі – қазақ тіліне деген сүйіспеншілігі артады, құндылық ретінде бағалайды.

2) Қазақ тілін эмоционалдық және логикалық бірлік ретінде оқыту қағидасы

Қазақ тілін оқыту барысында оның эмоционалдық және логикалық қырларын ұштастыру қажет. Тілдің табиғи жүйесі жайлы білімнің тарихы мен бүгіні, себебі мен салдарлары жайлы ақпараттарды өзара байланыста, ақылға салып, қисынын түсіне отырып қабылдау логикалық тұрғыда ойлау арқылы жүзеге асады. Ал тіл арқылы берілетін құнды ақпараттарды адам эмоционалдық тұрғыдан сезіну арқылы ғана қабылдай алады. Сондықтан қазақ тілін құндылық бағдарлы оқытуда оның фонетикалық, лексикалық және грамматикалық ерекшеліктерін әрі логикалық, әрі эмоционалдық тұрғыдан қабылдау маңызды.

Бұл қағида ойлау мен сөйлеуді дамыту бағытында ұйымдастырылатын түрлі оқу-танымдық әрекеттер арқылы жүзеге асады. Ол әрекеттер әрі салқын оймен, нақты тілдік ережелерге сүйену арқылы, әрі әрбір тілдік бірліктің құндылық мәнін бағалау сезімін іске қосу арқылы жүзеге асырылады (3-сурет).




3-сурет. Қазақ тілін құндылық бағдарлы оқытудың эмоционалдық және логикалық бірлігі.

Сондықтан белгілі бір тақырып бойынша пікір білдіру, сөз тіркестері мен сөйлемдерді талдау, мәтін құрастыру т.б. жұмыстар кезінде мұғалім оқушылардың тұжырым жасау дағдыларын қалыптастыруда оларға құндылық бағдар көрсетіп отыруға баса назар аударуы керек. Ол үшін қазақ тілі сабағында оқытылатын тілдік бірліктер жайлы білім мазмұны әрі жаңа білімді түсіндіру, әрі оқушының сезіміне әсер ету тұрғысынан ұсынылуы қажет.

3) Қазақ тілін ұлттық мәдениеттің маңызды бөлігі ретінде оқыту қағидасы

Тіл ұлт мәдениетінің қалыптасуы мен дамуында маңызды рөл атқарады. Жоғары мәдениеттілік деңгейіне ұмтылатын әрбір ұлт ең әуелі ана тілін дамытуы қажет. Себебі тіл – ұлт мәдениетінің бірегейлігін танытатын көрсеткіш. Сондықтан қазақ тілін оқытуда оның ұлт тарихындағы, мемлекеттің бүгінгі дәрежеге дейін жету жолындағы рөлін түсіндіру маңызды. Түрлі тақырыптарға қатысты оқулықта берілген мәліметтерге қосымша ретінде мұғалімнің өз тарапынан берілетін құнды ақпараттары оқушының ұлт мәдениеті жайлы дүниетанымын кеңейтуге ықпал етеді. Ондай ақпараттарды оқушының сезіміне әсер ете отырып жеткізу маңызды. Мысалы, қазақ жазу мәдениетінің көне түркі руникалық әліпбиінен бастау алатындығы, көптеген тілдік бірліктердің туыстас түркі тілдері мәдениетіне ортақтығы, қазақ сөйлеу мәдениетінің тарихтағы шешен, ділмар бабаларымыздан көздің қарашығындай сақталып жеткендігі т.б. жайлы мұғалімнің қысқа ғана түсіндірме ақпараттары үлкен рөл атқарады (4-сурет).



4-сурет. Қазақ тілін ұлттық мәдениеттің маңызды бөлігі ретінде оқыту.

Осы қағидаларды жүзеге асыру үшін қазақ тілі сабағында оқушыларды тарихтың әр кезеңіндегі ұлт данышпандарының қазақ тілінің құдіреті жайлы пікірлерімен таныстырып отыру маңызды.

4) Қазақ тілі пәнін сөз өнерін меңгерту пәні ретінде оқыту қағидасы

Адамның бір ауыз сөзі оның қандай адам екенін танытады. Қазақ халқы – «сөз қадірін білгенің – өз қадіріңді білгенің» деген ұстанымымен өмір сүріп келе жатқан халық. Сондықтан дана халқымыз адамның адамдығының өлшемі – тілдік қабілеті, сөйлеу мәдениетінің деңгейі деп есептейді.

Қазақ халқы қашанда сөз өнерін басты ұлттық құндылық деп санаған. Оған тіліміздегі «Сөз қадірі – өз қадірің», «Артық сөйле, кем сөйле, таразылап тең сөйле», «Жақсы байқап сөйлейді, жаман шайқап сөйлейді» деген мақал-мәтелдер куә. Оқушы сөз өнері жауһарларын қанып оқып, санасына сіңіргенде, «жақсы менен жаманды айыру» мүмкіндігі артады. Сөз өнерінің игілік таратушылық құдіреті де осында.

Оқушы сөз жақсысын таңдап, талғап сөйлеуді үйреніп, сөз өнерін меңгерсе, өмірдегі мүмкіндіктері де арта түседі. Себебі «өнер алды – қызыл тіл». Тіл өнері, сөз өнері – өнер атаулының алды, шырқау биік шыңы. Кез келген жаңадан меңгерілген өнер адамның өз өмірін жақсарта түсуіне мүмкіндік беретіні белгілі. Тіл байлығы мол, өз ойын ауызша және жазбаша түрде сауатты жеткізе алатын адам өнер атаулының ішіндегі ең биігі – сөз өнерін меңгерген деп саналады, ондай адам кез келген ортада абыройлы болады, сондықтан бұл дағдыларды дамыту оқушыға өз өмірін жақсарта түсуге жол ашады.

Осы қағидаларды жүзеге асыру үшін қазақ тілі сабағында оқушыларды тарихтың әр кезеңіндегі ұлт данышпандарының қазақ тілінің құдіреті жайлы пікірлерімен таныстырып отыру маңызды.

3. Қазақ тілін құндылық бағдарлы оқытудан күтілетін нәтижелер

Болашақ қазақ тілі мұғалімінің құндылық бағдары ұлттық құндылықтарға негізделген білім мазмұнын меңгеру, құндылық бағдарлы оқу материалдарымен жұмыс істеу және құндылық бағдарлы оқытуда қолданылатын белсенді әдістерді үйрену арқылы қалыптасады (5-сурет). Қазақ тілін құндылық бағдарлы оқыту әдістемесі осы аталған мәселелерді қарастырады.



5-сурет. Болашақ қазақ тілі мұғалімінің құндылық бағдарының қалыптасу жолдары.

1) Қазақ тілін құндылық бағдарлы оқыту әдістемесін меңгеру нәтижесінде қалыптасатын құзыреттіліктер

Жалпы мәдени құзыреттіліктер:

1. ойлау мәдениетін меңгеру, ақпаратты жалпылау, талдау, қабылдау, мақсат қою және оған жету жолдарын таңдау;

2. ауызша және жазбаша сөйлеуді логикалық тұрғыдан дұрыс құрастыра білу;

3. әріптестермен қарым-қатынасқа, топ ішінде жұмыс істеуге дайын болу;

4. ақпаратты алу, сақтау және өңдеудің негізгі әдістерін, тәсілдері мен құралдарын пайдалануға, ақпаратты басқару құралы ретінде жасанды интеллектімен жұмыс істеуге дайын болу;

5. әлеуметтік және мәдени ерекшеліктерді толерантты қабылдауға, тарихи мұра мен мәдени дәстүрлерге құрметпен және ұқыпты қарауға дайын болу;

6. шаршытоп алдында шешен сөйлеу, талқылаулар мен пікірталастарға қатысу.

Кәсіби құзыреттіліктер:

- өзінің болашақ мамандығының әлеуметтік маңыздылығын сезіну, кәсіби қызметін жүзеге асыру уәждемесін арттыру жолдарын меңгеру;

- кәсіби қызметіндегі сапа көрсеткіштерінің нәтижелері мен жетістіктері үшін жауапкершілікті қабылдау қабілеті;

- сөз өнері әлемінде өз тілдік тұлғасы арқылы құндылық бағдар көрсету қабілеті;

- оқыту және бағалауға арналған құндылық бағдарлы мәтіндерді дайындау, өңдеу және әдіскерлік шеберлікпен қолдану мүмкіндігі;

Педагогикалық қызмет саласында:

- түрлі оқу орындарында базалық және факультативтік таңдау курстары бойынша авторлық оқу бағдарламаларын әзірлеу және енгізу мүмкіндігі;

- оқушылармен тәрбие және рухани-адамгершілікті дамыту жұмыстарын жүргізу барысында туындауы мүмкін түрлі мәселелерді шеше білу;

- оқу үдерісінің сапасын қамтамасыз ету үшін заманауи әдістер мен технологияларды, оқушылардың жетістіктерін диагностикалау әдістерін қолдану мүмкіндіктерін арттыру жолдарын меңгеру;

- оқу әрекетінің әмбебап түрлерін қалыптастыру және оқу үдерісінің сапасын қамтамасыз ету үшін білім беру ортасының мүмкіндіктерін кеңінен пайдалана білу;

- оқушылармен, ата-аналармен, әріптестермен, әлеуметтік серіктестермен өзара әрекеттесуге дайын болу;

- білім алушылардың ынтымақтастығын ұйымдастыра алу, олардың белсенділігі мен бастамаларын, дербестігі мен шығармашылық қабілеттерін қолдау;

- оқу-тәрбие үдерісінде және сабақтан тыс жұмыстарда оқушылардың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз етуге дайын болу;

Ғылыми зерттеулер саласында:

- білім беру саласындағы зерттеу мәселелерін анықтау және шешу үшін жүйелі теориялық және практикалық білімді пайдалануға дайын болу;

- тіл оқытудағы отандық және шетелдік тәжірибелерді зерттеп, тиімді әдіс-тәсілдерді саралап, өз тәжірибесіне енгізу;

- оқу-тәрбие үдерісінің ерекшеліктерін, тәрбиелеу және тұлғаны дамыту міндеттерін ескере отырып, заманауи педагогикалық технологияларды қолдана білу;

- өз педагогикалық жетістіктерін зерттеудің негізгі әдістерін қолдана білу, зерттеу нәтижелерін ғылыми ортаның талқылауына ұсыну.

2) Қазақ тілін құндылық бағдарлы оқыту әдістемесін меңгеру нәтижесінде қалыптасатын білім, білік, дағдылар

Білім алушы меңгеретін білім:

- қазақ тілінің басты рухани құндылық ретіндегі тарихи, мәдени, әлеуметтік мәні;

- тілдік бірліктерді ұлттық код ретінде танытудың ғылыми-әдістемелік негіздері;

- қазақ тілін құндылық бағдарлы оқытудың теориялық негіздері;

- сөз өнерін меңгертудің құндылық негіздері;

- тіл байлығын дамытудың құндылық бағдарлы әдістемесі;

- қазақ тілін құндылық бағдарлы оқыту тапсырмаларының үлгілерін жүйелеу, құрастыру әдістемесі;

- кәсіби білім мен қызметтің құндылық негіздері;

- тұлғаны дамыту, педагогикалық үдерістің субъектілеріне қолдау көрсету жолдары;

- кәсіби жолда өз тәжірибесін зерттеу және білімін дамыту әдістері.

Білім алушы меңгеретін біліктер:

- оқу үдерісін ұйымдастыруда басшылыққа алынатын заңнамалық құжаттарды саралап, талдау;

- қазақ тілін құндылық бағдарлы оқыту үдерісін зерттеуде психологиялық-педагогикалық диагностика әдістерін қолдану;

- білім беру, тәрбиелеу және әлеуметтену үдерістері өтетін әртүрлі мәнмәтіндерді (әлеуметтік, мәдени, ұлттық) ескеру;

- оқушылардың жеке дамуындағы педагогикалық өзара әрекеттесу ерекшеліктерін

ескеру;

- жеке тұлғаның жас ерекшелігінің жалпы және ерекше заңдылықтарына сәйкес келетін заманауи технологияларды пайдалана отырып, оқу-тәрбие үдерісін жобалау;

- педагогикалық қолайлы және психологиялық қауіпсіз білім беру ортасын құру;

оқу үдерісінде заманауи білім беру ресурстары мен технологияларды, ЖИ-ді қолдану;

- оқушылардың сабақтан тыс жұмыстарын ұйымдастыру.

Білім алушы меңгеретін дағдылар:

- кәсіби ақпарат көздерін (журналдар, веб-сайттар, білім беру порталдары) саралау, іріктеу, қолдану әдістері;
- білім берудегі сын тұрғысынан ойлау, дамыту, жобалау, ұжымдық оқыту, ойын технологияларының тиімді стратегиялары;
- кәсіби біліктілік пен дағдыны тиімді жетілдіру жолдары.

4. Қазақ тілін құндылық бағдарлы оқытудың аксиологиялық лингвоәдістемесі

Аксиология – құндылықтарды жүйелі түрде сипаттайтын ғылым, ол адамзаттың маңызды әрі қалаулы игіліктері мен нысандары туралы жалпыланған түсініктерін қарастырады. Педагогикалық аксиология тұлғаның білімі мен дамуын негізгі құндылықтар ретінде зерттейді. Тілді педагогикалық аксиология жүйесінде оқыту мәселесі бүгінгі күнде толыққанды қарастырылмаған.

Қазақ тілін оқу барысында оқушылар әлемнің тілдік бейнесімен танысады, қоғамдық ортада тілдік қатынас жасаудың құралдарымен қаруланады, тіл заңдылықтарына қанығады, әдеби тіл нормаларын меңгереді. Қазақ тілі сабақтарында мұғалім қалыптастыратын құндылық негіздері:

- Сөзге деген сүйіспеншілік;
- Көркем сөз өнеріне деген қызығушылық;
- Тілді ұлттық-мәдени феномен ретінде бағалау.

Психолог ғалымдар оқушының құндылық бағдарын қалыптастырудың түсіну; бағалап, таңдау; өз өмірімен байланысын анықтап, мақсат құру; әрекет жасау, қолдану және өмірлік құндылықтар жүйесіне айналдыру кезеңдерін атап көрсетеді. Осы кезеңдердің ішінде бағалау әрекеті адамның сезімдерімен байланысты жүзеге асады. Соған байланысты оқушының эмоциялық құзыреттілігін қалыптастыру маңызды. Ол үшін келесі жұмыс түрлерін ұйымдастыруға болады:

-Сезімдер мен эмоцияларды еркін, сауатты жеткізуге бағытталған жаттығулар орындату;


-Мәтін кейіпкерлерінің эмоцияларын талдау арқылы сезімдерді түсіну, ажырату дағдысын қалыптастыру;

-Шығармашылық тапсырмалар мен рөлдік ойындар арқылы көркем қарым-қатынас дағдыларын жетілдіру;

-Пікірталастар мен топтық жұмыстар ұйымдастыру арқылы көшбасшылық қабілеттерді дамыту;

-Өзін-өзі танытуға арналған тапсырмалар арқылы ішкі сезімдерді дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру.

Осындай жұмыстарды жүйелі ұйымдастыру ақыл-ой мен эмоцияны біріктіруге мүмкіндік береді. Бұл әсіресе қазақ тілі пәніне деген құндылық қатынасты қалыптастыруда өте қажет дағды. Ақылмен қабылданатын рационалдылық және жүрекпен сезілетін руханилықтың синтезі білім мен адамгершілікті қалыптастырады. Сызба түрінде бұл төмендегідей көрініс табады (6-сурет):



6-сурет. Қазақ тілі пәніне деген құндылық қатынас.

Қазақ тілі оқыту пәні ретінде ғана емес, сонымен қатар тұлғаның рухани-мәдени болмысының ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады. Сондықтан қазақ тілі сабақтары оқушылардың өз

ана тіліне және оның болашағына деген жауапкершілігін арттыруға бағытталуы маңызды. Осы шарттарды орындау нәтижесінде “аксиотілдік тұлға”, яғни ана тіліне, мәдениетіне, халықтың тарихына, ең бастысы, өз Отанына құндылық қатынасы жоғары тұлға қалыптасады. Қазіргі қоғамда осындай тұлғалық қасиеттерді қалыптастырудың маңыздылығы ерекше.

Қазақ тілін құндылық ретінде қабылдайтын оқушының негізгі ерекшеліктері:

1. Туған тілінің болашағына алаңдайды;
2. Тіл байлығын үздіксіз толықтырып отыруды мақсат етеді;
3. Тіл қасиетін тану арқылы рухы оянатынына сенеді;
4. Ұлттық рухтың жаншылуына қарсылық білдіреді;
5. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі мәртебесін көтеруге, қолданыс аясын кеңейтуге өз үлесін қосады.

Ең бастысы, бұл сипаттағы тілдік тұлғаның бойында өз ана тілін терең меңгеруге және жетілдіруге деген ұмтылысы болады. Сондықтан қазақ тілін оқытудың аксиологиялық негіздері тіл мен сөйлеу құндылығының байланысына сүйенеді.

Аксиотілдік тұлғаның қасиеттері:

- Ана тілін құндылық ретінде саналы түрде қабылдайды;
- Тілді мәдени және тарихи құндылық ретінде сақтап, қолдана алады;
- Тіл нормалары мен мәдени дәстүрлерін ұстанады.

Сондықтан қазақ тілін құндылық бағдарлы оқыту қазіргі заманғы әдістемелік жүйеде ерекше маңызға ие, себебі ол жеке тұлғаны жан-жақты қалыптастыруға, ана тілі арқылы мәдениет пен дәстүрлерді меңгеруге, ұлттық рухани құндылықтарды сақтауға мүмкіндік береді.

Қазақ тілін құндылық бағдарлы оқыту әдістемесінің түйінді идеясы – тілді адамның дүниетанымы мен негізгі құндылықтарын қалыптастырушы фактор ретінде таныту. Құндылық бағдарлы оқыту әдістемесінің негізі тіл, мәдениет және тұлғаның өзара байланысын терең түсінуден, лингвистикалық білім, әдістемелік ойлау және отандық дәстүрлерге сүйенуден және тілді қорғау арқылы халықтың рухани болмысын сақтау қажеттігін мойындаудан тұрады. Ұлы философ Вильгельм фон Гумбольдт атап өткендей, “Халықтың тілі – оның рухы, ал халықтың рухы –

оның тілі, тіл – халықтың рухы, бұлардан асқан барабар дүниені ойлаудың өзі қиын”. Сондықтан, тілді құндылық бағдарлы оқыту ұлттық рухты ояту мүмкіндігін беретіні сөзсіз.

Қазіргі әдістемелік жүйе тұрғысынан қарастырғанда, оқытудың нысаны – тілдің құндылық ретіндегі рөлі және оны дүниетанымдық категория ретінде қарастыру. Ал субъектісі – тіл иесі, яғни аксиотілдік тұлға болуға әлеуеті бар оқушы. Негізгі мақсаты – аксиотілдік тұлға қалыптастыру.

Қазақ тілін құндылық бағдарлы оқытудың негізгі мақсаты – тілді саналы (рационалды) және сезімдік (эмоционалды) тұрғыда құндылық ретінде қабылдауды дамыту, тілдің ұлттық рухани құндылықтарды сақтаушы және ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші ретіндегі қызметін таныту және тілге деген құрмет сезімін қалыптастыру. Бұл үдеріс барысында оқушының ойлау, эмоция, ерік-жігер, жады және қиялы үйлесімді дамиды, тілдік ерекшеліктерді терең түсініп, ажырататын сезімталдық пайда болады. Дәстүрлі білім беру мазмұнын сақтай отырып, оны құндылық бағдарға қарай бұрудың инновациялық технологиясы оқушылардың тілдік санасын ашуға бағытталған тіл жүйесі мен мәтін жүйесі жайлы білімді қолдану арқылы жүзеге асады. Оны жүзеге асыру стратегиялары:

1. Қазақ тілінің заңдылықтарын құрғақ ереже түрінде емес, оқушының тіл байлығын арттыратын маңызды құрал ретінде түсіндіру;

2. Қазақ тілінің ерекшеліктерін құндылық ретінде танытатын ақпараттар жиынтығын әзірлеу;

3. Оқылым, тыңдалым мәтіндерінің тілін кешенді талдау арқылы қазақ сөзінің қолданылу ерекшеліктерін таныту;

4. Оқылым, тыңдалым мәтіндерінің тәрбиелік мәні мен жанрлық, стильдік ерекшеліктері арқылы оқушылардың құндылық бағдарын қалыптастыру;

5. Шығармашылық тапсырмалар орындату және оларды талдату арқылы құндылықтарды сіңіру.

Бұл ретте қазіргі қолданыстағы жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы ұсынып отырған жаһандық құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған мәтіндер жарамайды. Себебі ол бағдарлама негізінде құрастырылған қазіргі

«Қазақ тілі» оқулықтарында қамтылған жалпылама бағыттағы, жаратылыстану, ғылыми-техникалық т.б. мазмұндағы мәтіндер рухани құндылық бағдар беру міндетін атқара алмайды.

Қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізін қалаған ғалым Ахмет Байтұрсынұлы «сөздің тұлға, мағына жағын тануға керегі жоқ нәрселер тіл білімінің сабағына кірмеске тиіс» екендігін ескерткен болатын.

Сондықтан қазақ тілі пәнінде қолданылатын құндылық бағдарлы ақпараттар жиынтығының құрамында:

- Қазақ тілінің сұлулығы мен әлеуеті туралы көркем, ғылыми, публицистикалық мәтіндер;
- Сөз өнерінің қасиеті, тіл мәдениеті, тілдік тұлғаның қалыптасуы жайлы мәтіндер;
- Қазақ тілінің байлығын көрсететін шешендік сөз өнерінің озық үлгілері;
- Қазақстан жері мен қазақ елінің рухани байлықтарын мадақтайтын шығармалар;
- Қазақ мақал-мәтелдері мен фразеологизмдерінің тақырыптық жинақтары (тіл, сөз өнері, туған жер, рух, ар-намыс, парыз жайында), олардың пайда болу тарихы жайлы танымдық ақпараттар;
- Оқулықтар тіліндегі аксиолексиканың этимологиялық анықтамалары;
- Қазақ тілінің дыбыстық құрамы, сөз, сөз тіркесі және сөйлем жүйесінің белгілі бір ерекшеліктерін оқушылардың сезіміне әсер ете отырып жеткізуге мүмкіндік беретін қызықты мысалдар мен деректер;
- Тілдік бірліктердің белгілі бір тарихи кезеңдердегі сипаты жайлы құнды ақпараттар;
- Қазақ тілі мен туыстас түркі тілдеріндегі, басқа тілдердегі ұқсастықтар мен айырмашылықтар жайлы қызықты деректер т.б. қамтылуы тиіс.

Осындай материалдар тілді ұлттың рухани құндылығы, эстетикалық эталоны және халықтың дүниетанымын бейнелейтін құрал ретінде түсінуге мүмкіндік береді.

ПРАКТИКАЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАР


1. Қазақ тілі (Т1) пәнін ұлт мектептерінде құндылық бағдарлы оқытудың қазіргі жай-күйіне SWOT талдау жасаңыз.



7-сурет. SWOT талдау.

2. Қазіргі қолданыстағы Қазақ тілі пәнінің үлгілік оқу бағдарламасында көрсетілген пәнді оқытудың мақсаты мен міндеттеріне талдау жасаңыз.

3. Сызбаны пайдаланып, оқушылармен бірге «Қазақ тілі» пәнін оқу арқылы қалыптасатын құндылық бағдар тақырыбында сұхбат ұйымдастыру әдістерін айтыңыз.



8-сурет. Құндылық бағдардың қалыптасу кезеңдері.

4. Оқушымен осы бағытта әңгіме, сұхбаттар өткізудің маңыздылығы қандай деп ойлайсыз?

5. Ж. Дәулетбекованың «Мән бере оқыту» технологиясы бойынша бейне-дәрісін тыңдаңыз. Туындаған сұрақтар бойынша топта пікір алмасыңыз.

6. «Learningapps» платформасының көмегімен қазақ тіліндегі эмоцияны білдіретін фразеологизмдерді таныту мақсатында «Эмоцияларды тап!» ойынын құрастырыңыз.

7. https://tilqural.kz/texts/2-b-soqpaqbaev-menin-atym-qozha/ сайтындағы аудиоматериал бойынша тыңдалым тапсырмасын орындату әдістерін ұсыныңыз. Осындай тапсырмаларды орындаудың оқушының эмотивтік құзыреттілігін дамытуға әсерін түсіндіріңіз.

8. Тіл экософиясына қатысты берілген 1-кестені кеңейтіп, «Сөз – құндылық», «Сөз – өмір», «Сөз – әлем», «Сөз – адам», «Сөз – қарым-қатынас», Сөз – ғылым», «Сөз – даналық», «Сөз – мәдениет», «Сөз – сезім» ұғымдарына сәйкес келетін мақал-мәтел, қанатты сөздер тауып жазыңыз.

Сөзім - Өзім	Сөз - Кие	Сөз - Күш	Сөз - Болмыс	Сөз - Өнер
Сөз қадірін білгенің – өз қадіріңді білгенің	Жақсы сөз – жарым ырыс	Тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады	Ер жігіттің екі сөйлегені - өлгені	Өнер алды – қызыл тіл
Аталы сөзге арсыз ғана тоқтамайды	Уәде - Құдайдың үйі	Таяқ еттен өтеді, сөз сүйектен өтеді	Бас кеспек болса да тіл кеспек жоқ	Шебердің қолы, шешеннің сөзі ортақ

Тіземнен сүндірсең де, сөзімнен сүріндірме	Жүйелі сөз жүйесін табар, жүйесіз сөз иесін табар	Айтпаса, сөздің атасы өледі	Жақсы байқап сөйлер, жаман шайқап сөйлер	Патшаның тағынан шешеннің бағы артық
Ойы күңгірттің сөз күңгірт	Айтылған сөз – атылған оқ	Қаһарлы сөз қамал бұзар	Ойы байдың – тілі бай	Білім – тұл, тілден шығып есілмесе

1-кесте. Тіл экософиясы (Ж. Дәулетбекова бойынша).

Семинар сабағына арналған талқылау сұрақтары:

1. Аксиологиялық лингвоәдістеменің негізгі мақсаты қандай? Ол оқушы тұлғасының дамуына қалай әсер етеді?
2. Құндылық бағдарлы оқыту дегеніміз не? Оның дәстүрлі оқытудан айырмашылығы қандай?
3. Қазақ тілін бағдарлы оқытуды жүзеге асырудың маңызы қандай?
4. Тілдің кумулятивтік қызметі арқылы ұлттық құндылықтарды қалай меңгертуге болады?
5. Қазақ тілін оқытуда лингвомәдениеттанымдық құзыреттілікті дамыту не үшін маңызды? Бұл құзыреттілік оқушының дүниетанымына қалай әсер етеді?

БӨЖ тақырыбы мен тапсырмасы:

Тілдерді құндылық бағдарлы оқытудың шетелдік тәжірибелерін зерттеу

Алевтина Дейкинаның орыс тілін құндылық бағдарлы оқытудың аксиолингводидактикалық мектебі жайлы зерттеу жүргізіңіз.



Әдебиеттер тізімі:

Әдіскер анықтамалығы / құраст. Б. Қапалбек, А. Кеңесова, А. Жұмағұлова. – Астана, 2016. – 195 б.

Дәулетбекова Ж. «Тірі білім» мен тіл экософиясының үндесімі – тілді құндылыққа бағдарлай оқытудың өзегі // «Тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту: тәжірибе, мәселелер және перспективалары» атты ғалымдар мен мұғалімдердің халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы материалдарының жинағы. 2 томдық., 1-том. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2025.

Дәулетбекова Ж.Т., Рай Қ.М. «Тірі білім» ілімі: Абай және Ақымет Байтұрсынұлы тұжырымдарының әлем ойшылдары қағидаларымен сабақтастығы // Құтты білік. – 2025. - Т. 2. - № 4.

Құрманбаева Ш.Қ. Қазақ тілін жеделдете оқыту: теориясы мен әдістемесі. Монография. – Өскемен: С.Аманжолов ат. ШҚМУ баспасы, 2012. – 278 б.

Қапантайқызы Ш. Қазақ тілін оқытудың аксиолингводидактикасы. – Астана: МедиАСофт, 2026.

Иманалиева Ғ.Қ. Қазақ тіліндегі эмоционалды құрылымдар. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 255 б.

Дейкина А. Аксиологическая методика преподавания русского языка. – М.: МГУ, 2019.

Дейкина А.Д. Формирование языковой личности с ценностным взглядом на русский язык: методологические проблемы преподавания рус- ского языка. – М.: Оренбург, 2009.

Майер Г. Психология эмоционального мышления. – М., 2008.

1.2 БОЛАШАҚ ҚАЗАҚ ТІЛІ МҰҒАЛІМІНІҢ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Дәрістің мақсаты: болашақ қазақ тілі мұғалімдерінің аксиологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың маңызын және пәнге деген құндылық қатынасты дамытудағы қоғамдық, әлеуметтік құндылықтардың рөлін білім алушылармен бірге талдау.

Қарастырылатын сұрақтар:

1. Болашақ педагог маманның құндылық бағдарын қалыптастырудың маңызы;
2. Құндылықтар жүйесі және болашақ мұғалімнің аксиологиялық құзыреттілігі;
3. Жоғары оқу орнында педагог мамандардың кәсіби және рухани-мәдени дамуын қамтамасыз ету жолдары;
4. Қазақ тілі мұғалімінің құндылық бағдарын қалыптастырудағы білім мазмұны мен құндылық бағдарлы оқыту әдістерінің рөлі.

Қоғам мен өндірістің дамуы ең алдымен кәсіби қызмет мәдениетіне ие мамандардың жаңа буынын қажет етеді. Бұл қажеттілік жоғары білім беру жүйесінде педагог мамандар даярлау ісіне маңызды және күрделі міндеттер қойып отыр. Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімінің білімді, білікті болуымен қатар оның рухани, мәдени, адамгершілік деңгейінің жоғары болуы да аса маңызды. Өйткені адамның құндылық бағдарын оның адамгершілігі мен рухани, мәдени деңгейі анықтайды. Рухани, мәдени тұрғыда дамыған адам қоғамдағы құндылықтарға құрметпен қарайды, ондай адам қоғамға көп пайда әкеледі. Адамның мәдениеті оның мінез-құлқына әсер етеді. Олай болса, болашақ педагог маманның мәдениет деңгейі оның аксиологиялық құзыреттілігін, өз пәніне деген көзқарасы мен әрекеттерін анықтайды. Болашақ мұғалімнің мәдени құндылықтар

жүйесін дамытуда олардың әлеуметтік-мәдени кеңістікте бағдарлануы мен жеке қанағаттануын қамтамасыз ететін әлеуметтік белсенділігін дамыту маңызды.

Құндылықтар – адамның өмір бойы ұмтылатын мақсаттары мен жетістіктері. Әрбір адам белгілі бір қоғамда өмір сүре отырып, өзінің рухани, материалдық, әлеуметтік, физикалық қажеттіліктеріне қарай ұмтылуында таңдап алған жолы, бағыты, яғни құндылық бағдары болады. Құндылық бағдардың оң бағытта өзгеруі үшін сыртқы әсерлердің тиімді ықпал етуі қажет. Қазіргі уақытта рухани-адамгершілік құндылықтарды тәрбиелеуге бағытталған отбасы, білім беру жүйесі, бұқаралық ақпарат құралдары, мемлекеттік билік, өндіріс, діни конфессиялар, саяси партиялар, көркем әдебиет, театр, өнер және т.б. әлеуметтік және саяси институттар бар. Солардың ішінде болашақ педагог мамандардың құндылық бағдарын қалыптастыруда үлкен тәрбиелік әлеуетке ие қуатты механизмдердің бірі – білім беру жүйесі. Білім берудің басты құндылығы – адамның тұрақты дамуын қамтамасыз ету. Болашақ маманның құндылықтар жүйесі оның кәсіби тұрғыда өзін-өзі анықтауына әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан әсер етеді.

Студенттің болашақ мамандығына деген көзқарасы оның жалпы мұғалімдік кәсіпке деген қарым-қатынасына тікелей байланысты. Қазақстан қоғамында педагог мамандығына қатысты қалыптасқан құндылықтар жүйесі оның таңдауына бағыт береді. Мектеп бітірген түлек педагог мамандығын таңдап, педагогикалық білім беру бағдарламасына оқуға түскенімен, университет қабырғасында білім алу кезеңінде оның құндылықтар жүйесі белгілі бір факторлардың әсерінен өзгеруі мүмкін. Жоғары оқу орындарында оқу барысында болашақ маманның кәсіби маңызды қасиеттері қалыптасады, оның кәсіби құндылықтарының құрылымы қалыптасады және жеке және кәсіби өзін-өзі дамыту векторы қаланады. Болашақ мамандық иесінің бойында өз кәсібіне, пәніне деген дұрыс құндылық қатынас қалыптастыру өз мамандығының ғылыми негіздері игерілетін білім алу ортасында, яғни маман даярлайтын жоғары оқу орындарында жүзеге асырылады. Сондықтан студенттерге психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетіліп, игерілетін кәсібіне тұрақты оң

бағытты ынталандыру кешенді түрде жүргізілуі қажет. Студенттердің кәсіби даярлығын ұйымдастырудың кешенді, белсенділік, дамытушылық, процессуалдық, тұлғалық-бағдарлы, пәндік-субъектілік, практикалық-зерттеушілік сипаты олардың болашақ педагогикалық іс-әрекетінің гуманистік бағыттылығы мен аксиологиялық мәнін ашады.

Құндылық қатынас адамның білім мазмұнына саналы, жеке оң көзқарасын білдіреді, алатын білімнің жалпы кәсіптік дайындығы үшін маңыздылығын бағалау мен оған деген терең танымдық қызығушылығынан көрінеді. Қазіргі уақытта болашақ педагог мамандардың өз кәсібін, оқытатын пәнін құндылық ретінде бағаламауы көп байқалуда. Соған байланысты мектепке жұмысқа орналасу кезінде өз кәсібіне деген берік құндылығы қалыптаспаған түлек өз шынайы үміттері мен мінез-құлқын көрсетпейді. Бұл жағдайлар білім беру сапасының төмендеуі, мектеп оқушыларының қазақ тілін меңгеру деңгейінің көтерілмеуі, тіл сауаттылығының төмендеуі сынды бірқатар теріс үрдістерге әкелуде. Нәтижесінде функционалдық сауатсыздық, кәсіби біліктіліктің төмендеуі, білім тапшылығы және мамандық бойынша жұмыс істеуден бас тарту жағдайының артуы байқалады.

Сондықтан білім беру жүйесі құндылықтар қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Болашақ қазақ тілі мұғалімі өз мамандығына деген құндылық қатынасын айқындауда қоғамда қалыптасқан құндылықтар жүйелерінен бағдар алады. Олар: жаңа Қазақстан қоғамында қалыптасып келе жатқан құндылықтар жүйесі; педагогтардың кәсіби ортасының құндылықтар жүйесі; отбасылық құндылықтар жүйесі; өзі араласатын ортасындағы құрдастарының немесе басқа әсер етуші топтардың құндылықтар жүйесі. Құндылықтар болашаққа деген сенімді тудырады. Мұғалімдердің негізгі және перифериялық сенімдері олардың нақты тәжірибедегі іс-әрекеттеріне тікелей әсер етеді. Студент кезінде сеніп, күткен көптеген жағдайлар шынайы тәжірибеге келген кезде басқаша болып шығуы әбден мүмкін. Сондықтан білім алушыны болашақ педагог мамандығының қыр-сырларына алдын ала дайындау керек. Бойына берік кәсіби құндылықтарды сіңірген студент кез келген қиындықтарға дайын болады.

Көптеген сыртқы факторларға алаңдаушылық, мысалы, мектептің әкімшілік саясатының қысымдары, мәдениетаралық коммуникациядағы қиындықтар, әлеуметтік жағдайлар т.б. факторлар кәсіпке деген құндылық қатынастың төмендеуіне әкеледі. Зерттеушілер тілді құндылықтарға негіздеп оқытудың маңыздылығын айта келе, мазмұн мен құндылықтарды қамтуға арналған сабақ уақытының шектеулілігі, құндылықтарды оқытуды бағалаудың бірізді бағалау жүйесінің болмауы және институционалдық немесе әкімшілік қолдаудың жеткіліксіздігі сияқты практикалық қиындықтарды атап көрсетеді.

Құндылық бағдар жеке тұлғаның қандай да бір іс-әрекет саласындағы қайталайтын қажеттіліктеріне, қызығушылықтарына, бағалауына негізделетін дұрыс ойлаудың жиынтығын көрсетеді. Құндылықтар ересек жаста салыстырмалы түрде тұрақты деп есептеледі. Дегенмен сыртқы әсерлер, қоғамдық тәртіп, бекітілген заңдар мен ережелер, қалыптасқан дәстүрлер адамның құндылық бағдарына әсер етеді. Құндылықтың маңыздылығы туралы пікірлер жағдайға байланысты өзгереді, бірақ жағдайдың пікірге әсер ету дәрежесі бұрыннан бар құндылықты мақұлдау деңгейімен реттеледі. Адам әлеуметтік талаптарға деген өзінің субъективті-тәжірибелік көзқарасын нығайтады және солардың негізінде мінез-құлқына, әрекеттеріне өзгеріс енгізіп отырады. Құндылықтар адам қызметінің негізінде жатыр, оның мақсаттары мен міндеттеріне жетудің рұқсат етілген құралдарын анықтайды. Қоғам уақыт өте келе дамыған сайын құндылықтар матрицасы ғана емес, сонымен қатар оның қалыптасу механизмдері де өзгереді. Студенттің білім алу кезеңінде болашақ педагогтық әрекетіне деген құндылық қатынасы қалыптасады. Студенттік кезең – «жоғары оқу орындары өз оқушыларының құндылықтары мен жеке тұтастығына оң әсер етуге үміттенетін кезең. Оқуды бітіргеннен кейін көпшілік мұғалімдердің кәсіби дамуды жалғастыру мүмкіндіктері шектеулі болады. Сондықтан университет қабырғасында өтетін төрт жыл уақытта болашақ педагогқа қажетті құндылықтар жүйесін меңгеруге барлық жағдай жасалуы тиіс. Ол оқылатын пәндердің құндылықтарға негізделуі арқылы және құндылық бағдарлы әдістерді қолдану арқылы жүзеге

асырылады. Соның негізінде білім алушының дүниетанымдық мәдениеті, аксиологиялық құзыреттілігі қалыптасады. Мәдениеттік сана мен сезімталдық тіл мұғалімдеріне оқушылардың мүмкіндіктерін кеңейтуге және олардың мәдениетаралық қарым-қатынасты жақсарту мүмкіндіктерін арттыруға көмектеседі. Тілді оқыту кезінде мәдени трансляция жүреді. Мәдени санасы жоғары тіл мұғалімі оқушыға тіл арқылы ұлттық құндылықтарды жеткізеді.

Қазақ тілі мұғалімінің құндылық бағдарының қалыптасуы ғылыми негізделген, тәжірибеде дәлелденген кешенді жұмыс түрлерін қамтиды. Ұлттық құндылықтармен толықтырылған білім мазмұнын меңгеріп, құндылық бағдарлы оқу материалдарымен жұмыс істеу жолдарын меңгерген, құндылыққа негізделген оқытуда белсенді әдістерді қолданудың нақты тәжірибелеріне қатысып, үйренеді.

Құндылық нигилизмі, цинизм, бір құндылықтан екінші құндылыққа ауысу, экзистенциалды вакуум және құндылықтар жүйесінің өзгеруі және педагог мәртебесінің төмендеуі сынды әлеуметтік патологияның басқа да көптеген белгілері бар қазіргі кезеңде қазақ тілін ұлттық құндылық ретінде қадірлеу, мектепте оқытылатын «Қазақ тілі» пәнін сөз өнеріне баулу сабағы ретінде оқыту, құндылық бағдарлы оқыту әдістерін қолдануға қызығушылық айқын күшейеді. Сондықтан болашақ педагог мамандардың құндылық бағдарын ұлт тарихындағы базалық құндылықтарға сүйене отырып жүргізудің маңызы зор.

Қазақстандағы құндылық бағдарлы оқытуға қойылатын ресми талаптар және оларды іске асырудағы кедергілерге қарамастан болашақ қазақ тілі мұғалімдерінің құндылық бағдарын қалыптастыруды мақсатты түрде қолға алған кезде нәтижеге қол жеткізуге болады. Болашақ мұғалімдердің құндылық бағдарын қалыптастыру үшін оқу пәндерінің білім мазмұнын ұлттық құндылықтармен толықтыру маңызды. Сонымен қатар студенттермен қазіргі әлеуметтік-лингвистикалық жағдайдағы қазақ тілін оқытудың өзекті мәселелерін, болашақ мақсаттары мен құндылықтарын ашық талқылап отыру қажет.

ПРАКТИКАЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАР

1. Құндылық бағдарлы білім беруде басшылыққа алынатын нормативтік құжаттармен танысыңыз.

2. Құжаттарда «құндылық» ұғымының қолданылу орны, жиілігі, мақсаты мен мағынасына қысқаша талдау жасаңыз. Құжаттардағы құндылықтарға қатысты мазмұнның білім беру үдерісіндегі маңызын түсіндіріңіз.



3. Қазақстан Республикасында білім беруде басшылыққа алынатын құндылықтар заңнамалық құжаттар арқылы реттеледі. Төмендегі нормативтік құжаттардан алынған үзінділерге талдау жасаңыз. Сыртқы – қоғамдық құндылықтар жүйесі қандай шарттар орындалған кезде адамның өз ішкі құндылықтары қатарына ауысатыны жайлы ой қозғаңыз.

«Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау».

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы.

Педагог маман балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге міндетті.

Қазақстан Республикасының Педагог мәртебесі туралы Заңы.

Бастауыш, орта мектеп педагогінің қызметінің негізгі мақсаттарының бірі – білім алушыны құндылықтар жүйесіне тарту, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде зияткер, шығармашыл тұлға ретінде дамытуға үлес қосу және білім алушының эмоционалды құндылықтарын дамытатын тәрбие жұмысын жүзеге асыру.

Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандарттар.

4. QR кодтар арқылы суретте көрсетілген құжаттарды табыңыз. Елімізде 2016-2017 оқу жылынан бастап жаңартылған білім мазмұны енгізіле бастағаны белгілі. QR кодтар арқылы сол 2016-2017 оқу жылында және биылғы 2025-2026 оқу жылында жалпы білім беретін мектептерде оқу үдерісін ұйымдастыруда басшылыққа алатын әдістемелік нұсқау хаттарды тауып, мазмұнымен танысыңыз. Екі құжатта көрсетілген құндылықтар жүйесіне талдау жасаңыз.

5. 2016-2017 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы. Әдістемелік нұсқау хат. - Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. – 258 бет.	
6. «2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат. - Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2025. – 172 бет.	

7. «Жаңартылған білім мазмұнына сәйкес қазақ тілін оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына» (2017) енгізілген

«Мәңгілік ел» базистік құндылықтары; «Біртұтас тәрбие бағдарламасына» (2024) енгізілген тәрбие құндылықтары және ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзінде аталған ұлттың жаңа келбетін айқындайтын іргелі құндылықтар жүйесіне талдау жасаңыз (9-сурет).







9-сурет. Құндылықтар жүйесі.

8. Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті Стандарттарында: «Құндылықтарға негізделген "Адам", "Ар-ұждан", "Намыс", "Отбасы", "Отан", "Тіл", "Мәдениет", "Білім", "Еңбек", "Табиғат" мазмұндық концептілері оқыту мен тәрбиенің біртұтастығын, дүниетанымын, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді», - деп жазылған. Осы құндылықтар жүйесіне талдау жасаңыз.

9. А. Байтұрсынұлының «Мектеп керектері» атты мақаласынан алынған үзінді жайлы пікір білдіріңіз. Мақаланың толық мәтінімен танысып шығып, бүгінгі мектеп керектерімен байланыстырып, өз тұжырымдарыңызды айтыңыз.

МЕКТЕП КЕРЕКТЕРІ

Мектептің жаны — мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі де сондай болмақшы. Яғни мұғалім білімді болса, білген білімін басқалар үйрете білетін болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болса, мектепте бала оқығанда, әр сабағын пайдалы, методикалық жағынан хабары бар мұғалім жүргізуі керек.

Екінші, оқыту ісінде керек құралдар қолайлы һәм сайлы болуы тиіс. Құралсыз іс істелмейді һәм құрал қандай болса, істелген іс те сондай болмақшы жақсы болмақ, құралдар сайлы һәм жақсы болуы шарт.

Байтұрсынұлы А. «Қазақ», 1914 жыл.

10. Төмендегі 10-суретке сүйеніп, мұғалімнің құндылық қатынасының қалыптасу кезеңдері туралы пікір білдіріңіз.



10-сурет. Мұғалімнің құндылық қатынасының қалыптасу кезеңдері.

11. Дэвид Хокинстің сана картасына сүйеніп, мұғалімнің эмотивті құзыреттілігінің пәнді құндылық бағдарлы оқыту әдістемесіне әсері жайлы ой қозғаңыз (2-кесте).

САНА КАРТАСЫ: Дэвид Хокинс «Үмітсіздіктен ағартушылыққа дейін»

Құдайға қарым-қатынасы	Өзіне қарым-қатынасы	Сана деңгейі	Энергетикалық деңгей өлшемі	Эмоциясы	Үдеріс
Жоғары «Мен»	Бармын	Жарық (ашық) сана	700–1000	Сипаттау мүмкін емес	Таза саналы күй
Барлық жерде бар	Кемел	Гармония	600	Ләззат	Ағартушылық жолы
Біртұтас	Толық өмір сүруші	Қуаныш	540	Ізгілік	Өзгеру
Сүйіспеншілікке толы	Ізгі ниетті	Махаббат	500	Құрмет	Аян
Дана	Саналы	Ақыл	400	Түсіну	Абстракция
Мейірімді	Үйлесімді	Қабылдау	350	Кешіру	Жеңу
Рухтандырушы	Үміт беруші	Дайындық	310	Оптимизм	Ұмтылыс
Көмектесуші	Қанағаттанған	Бейтараптық	250	Сенім	Босату
Рұқсат етуші	Тәжірибе жасаушы	Батылдық	200	Нәтижелілік	Күшейту

Шекаралар: Ақиқат шекарасы – 200-ден жоғары; **Жалғандық шекарасы** – 200-ден төмен

Бейжай	Талап етуші	Менмендік	175	Менсінбеушілік	Кеуде көтеру
Кекшіл	Қарсыласушы	Ашу	150	Жек көру	Агрессия
Бас тартушы	Көңілі қалған	Қалау	125	Ашкөздік	Құлдық сана
Жазалаушы	Үркек	Қорқыныш	100	Мазасыздық	Қабылдамау
Сүймейтін	Қасіретті	Қайғы	75	Азап	Мұң
Қарғаушы	Өзін жоғалтқан	Апатия	50	Үмітсіздік	Шеттеу, бас тарту
Айыптаушы	Өшті	Кінә	30	Айыптау	Қирау
Менсінбеуші	Жек көруші	Ұят	20	Қорлану	Үмітсіздік

2-кесте. Д. Хокинстің «Сана картасы».

Семинар сабағына арналған талқылау сұрақтары:

1. Қазақ тілі мұғалімінің өз пәнін құндылық ретінде қабылдамауының қандай теріс салдарлары болуы мүмкін?
2. Болашақ мұғалімдердің кәсіби құндылықтарын қалыптастыруға қалай әсер етуге болады?

БӨЖ тақырыбы мен тапсырмасы:

М. Рокичтің адами құндылықтар теориясы.

Милтон Рокич ұсынған адами құндылықтардың екі негізгі санатына сәйкес өз түпкілікті құндылықтарыңыз (өмір сүрудің соңғы күйлері) бен аспаптық құндылықтарыңызға (мінез-құлық тәсілдері) талдау жасаңыз.

Әдебиеттер тізімі:

Байтұрсынов А. Мектеп керектері. Кітапта: Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті Стандарттары. ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы № 12 бұйрығымен бекітілген.

2016-2017 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы. Әдістемелік нұсқау хат. - Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. – 258 бет.

«2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат. - Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2025. – 172 бет.

Rokeach M. (1973). The nature of human values. Free Press. https://archive.org/details/natureofhumanval00roke

Хокинс Дэвид Р. Карта сознания. От чувства вины к любви — калибровка жизни / пер. С англ. О. Перфильева. – Москва: Издательство АСТ: Кладезь, 2023. – 416 с.

1.3 БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУДАҒЫ АБАЙДЫҢ «БЕС АСЫЛ ІС» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Дәрістің мақсаты: Абай Құнанбайұлының «бес асыл іс» тұжырымдамасы негізінде қазақ тілін құндылық бағдарлы оқытудың мазмұнын ашу және оқушының тілдік тұлғасы мен рухани-интеллектуалдық дамуын қамтамасыз ету жолдарын білім алушылармен бірге талдау.

Қарастырылатын сұрақтар:

1. Абай шығармаларындағы құндылықтар жүйесі және оның ұлттық педагогикадағы орны;
2. «Толық адам» концепциясы және оның тілдік тұлға қалыптастырудағы маңызы;
3. «Талап – Еңбек – Терең ой – Қанағат – Рақым» тұжырымдамасының мәні;
4. Қазақ тілін құндылық бағдарлы оқытудағы бес асыл іс кезеңдерінің әдістемелік жүйесі;
5. Бес асыл іс негізінде сөз өнерін меңгерту және оқушының рухани-интеллектуалдық дамуы.

Абай – адамзат баласының ақыл-ойының, поэзиясының ұлы тұлғасы. Абай – қазақ халқының рухани қазынасына өлшеусіз үлес қосқан ғұлама, қазақ халқының ел болуы жолында ұлан-ғайыр еңбек еткен дана. Тіл өнерінде сөз кестесі арқылы ой өрнегін салған Абай – әлемдік деңгейдегі ойшылдар қатарындағы ғажайып тұлға. Абай – XIX ғасырдағы әлемдік өркениет пен мәдениеттің, гуманизмнің ірі құбылысы, туған халқының рухани дүниесін көркем сипатта жеткізуші, қазақ сөз өнеріне ренессанстық дәуір сыйлаушы. Қазақ даласындағы бостандық, демократия, ағартушылық, өркениет, барша адамзатты толық адам болуға шақырған моралист, эстет. Бүкіл адамзат баласын «бауырым» деп сүюдің, толық адам болудың жолын ұсынатын, адам баласын тәрбиелеу, оқыту, өнерге, білімге жетелеудің жаңа үлгісін, сара жолын сызып көрсеткен Адамзаттың ұстазы.

Абай туындыларының мазмұны жалпыадамзаттық құндылықтарға толы. Ж. Дәдебаев: «Абай ілімін білу, түсіну және қолдану оның шығармаларының өзегіндегі құндылықтар арқылы анықталады. Ол құндылықтардың мағынасы тірек сөздер арқылы ашылады. Солардың қатарынан білім және сенім концептілерін беретін концептуалды мағыналар жүйесінің маңызы зор», - деп атап көрсетеді. Сонымен қатар қазақ тілі сабағында ақын шығармаларының тілдік ерекшеліктеріне назар аударта оқыту арқылы оқушының тілдік білімін жетілдіруге, оның рухани-адамгершілік дүниетанымын қалыптастыруға ықпал етуге болады. Оқушылардың назарын сөз зергерлерінің жалпыхалықтық тілді творчестволықпен пайдаланатынына, туған тілге ерекше нәзік бір қамқорлықпен, асқан жауапкершілікпен қарайтынына аудару олардың ана тілімізге деген сүйіспеншілігін арттырады, ана тілге қамқорлық сезімін тәрбиелейді. Академик Р.Сыздықова: «Абайдың әрбір қолданысын, сөзін, сөз тіркесін, сөйлемін, өлең құрылымын, ұйқасын, ырғағын т.т. жеке-жеке талдасақ, көп нәрсені көрер едік, поэтикалық тілге қатысты бірқатар теориялық мәселелерге барар едік. Әрине, бұл бірер зерттеудің, бірер зерттеушінің жүгі емес. Және мұндай талдаулардың қыры да (ғылыми аспектісі) әр алуан болмаққа керек. Сондықтан ұлы Абай қалдырған тіл жұмсау, тіл өрнегін салу үлгісін (тәжірибесін) талдап-таныту – әрі қарай жүргізіле беретін, ғылымның арнайы бір тармағына айналатын жұмыс деп ойлаймыз», – деп атап көрсетеді. Ақынның сөз саптау мәдениеті, ой тереңдігі мен көркем тіл өрнегі білім алушының тілдік тұлғасын дамытудың үздік үлгісі ретінде қарастырылады. Абай шығармалары оқушыға ұлттық тілдің бай мүмкіндігін танытып, оны ізгілікке, парасаттылыққа, терең ойға тәрбиелейтін, оқушының сөйлеу мәдениетін жаңа сапаға көтеруге ықпал ететін рухани әрі лингводидактикалық ресурс ретінде қазақ ұлтының жаңа сапасын қалыптастыруға қызмет етеді.

Ұлы Абай шығармашылығының негізгі өзегі – адам, оның адамгершілік келбеті, ар-намысы, ақыл-парасаты, сыртқы бейнесі, ішкі жан дүниесі мен іс-әрекеті. «Адам бол», «Атаның баласы болма, адамның баласы бол», «Өзіңдегі адамгершілікті сақта» деген өсиеттері осыны айғақтайды. Адамгершілік адамның жеке

тұлғалық қасиеті ретінде мейірімділік, парасаттылық, адалдық, әділдік, еңбек сүйгіштік, тәртіптілік, ұжымшылдық қасиеттерін біріктіреді десек, Абай шығармашылығында осы мәселелердің барлығы сыни тұрғыдан сөз болады. Ұлы Абайдың өлеңдері мен қара сөздері – қазақ ұлттық педагогикасына әдістемелік нұсқау ретінде енгізіліп келе жатқан педагогикалық, тәрбиелік, ағартушылық тұжырымдар. Абай шығармалары адамды еңбекке, ғылымды, өнерді сүюге, адамгершілікке баулиды. Абай тұлғасы әлемдік мәдениет пен өркениетте елеулі орын алады.

Абай қазақ тілінің сөздік қорын толықтырды. Ол поэзия тіліне жаңа сөздер мен ұғымдарды, терминдік мағынасы бар ескі-жаңа атауларды қосып, поэзия тілінің көркемдегіш құралына айналдырды. Абай қалдырған мол мұрадан оқушының тілін дамытуда, құндылық бағдарын қалыптастыруда тірек идея етіп алуға болатын көптеген дидактикалық тұжырымдарды таба аламыз. Қазақ тілін құндылық бағдарлы оқыту әдістемесіне А. Құнанбайұлының «толық адам», «асыл сөз», «бес асыл іс» жайлы дидактикалық идеялары теориялық негіз болады.

Ақын сөз өнеріне «қиыннан қиыстырып, тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп, теп-тегіс жұмыр келу», «бөтен сөзбен былғанбау» талаптарын қойды. «Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел» деп, тыңдаушыны да сөз өнерінің құдіретін тануға шақырды. Абай өз шығармаларында қазақ тілін құндылық бағдарлы оқытуда сөйлеуші және тыңдаушы оқушыға қойылатын дидактикалық талаптарды анықтап көрсетіп берді. «Кемшілігі әр жерде-ақ көрініп» тұратын «бірі жамау, бірі құрау» сөздерден аулақ болып, әркімнің өлең сөзге құмартып, тіл ұстартуға тырысуы қажеттігін атап көрсетті. Өнер атаулының алды, шырқау биік шыңы – қызыл тілмен өрнек салып, сөз өнерінің тың үлгілерін ұсынды. Қазақтың әр баласы «іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын» таңдап, талғап сөйлеуді үйренсе, сөз өнерін меңгерсе деп армандады.

Абай шығармаларында көтерілетін ойдың алтын өзегі – Адам және оның саналы, сапалы өмірі. «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боларсың елден бөлек», - деп, «толық адам» болудың шарттарын айтқан ақын: «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек», - деп, толық

адамның басты үш қасиетін атап көрсетті. «Толық адам» ұғымының мәні оның үш түрлі сипатынан (ғылым, рақым, әділет) танылатынын, толық адам болуға ұмтылу ғылым-білімді игеріп, рақымды, әділетті болумен сипатталатынын атап көрсетті. Ұлы гуманист адамды сүю туралы айта отырып, «барлық адамзатты сүюге» шақырып, «адамзатты сүю – хақтың жолы, ғаділеттің жолы» екендігін жырлады. Ақын «Әкенің баласы – адамның дұшпаны, адамның баласы – бауырың» деп, атаның емес, адамның баласы болуға шақырды. Абай адамдықтың басты қасиеті – адамгершілік деп атап көрсетті. Адамшылықтың бастауы «махаббат, ғаділет, сезім» екенін айтты. Адамшылық тәрбие негізінде қалыптасатынын атап көрсетті.

Абай Құнанбайұлы дидактикалық поэзия өкілі ретінде тәлім-тәрбие, үгіт-насихат, өсиет сипатында көптеген шығармалар қалдырды. Тіл ұстарту, өнер шашуды мақсұт еткен ұлы Абай өз шығармаларын қалың елі қазағының көкірегі сезімді, тілі орамды жастарына үлгі бермек үшін жазды.

«Асыл сөзді іздесең,
Абайды оқы, ерінбе.
Адамдықты көздесең,
Жаттап тоқы көңілге», - деп Сұлтанмахмұт Торайғыров жырлағандай, қазақ тілі пәнін құндылық бағдарлы оқытуда Абайдың жалын мен оттан жаралған, қуаты күшті нұрлы сөзге толы шығармаларында айтылған дидактикалық идеялары негізге алынуы тиіс. Ұлы Абай шығармаларының негізгі өзегін құрайтын *«Атаның баласы болма, адамның баласы бол»* деген өсиеті қазақ ұлттық педагогикасының тұғырнамасы ретінде алу білім беру жүйесін ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға негіздеу мақсатына сай келеді.

Абайдың әрбір өлеңі мен қарасөзінде адам және оның сапалы өмірі мәселесі көтеріледі. Ақынның «толық адам» концепциясындағы **«ЫСТЫҚ ҚАЙРАТ», «НҰРЛЫ АҚЫЛ», «ЖЫЛЫ ЖҮРЕК»** ұғымдары – кез келген іске кірісерде адам бойынан табылуы тиіс қасиеттер. Бұл аталған үш қасиетті білім алып, сөз өнерін меңгеруге ұмтылған оқушының зияткерлік (IQ), эмоционалды (EQ), физикалық (PQ) қабілеттерінің көрсеткіші ретінде тануға болады. Сонымен қатар Абай шығармаларын

түсініп оқып, жаттау арқылы оқушы ақын қолданған озық тілдік үлгілерді танып, сөздік қорын дамытып, тіл байлығы арта түседі, **АСЫЛ СӨЗДІ** меңгерудің жауапты да қызықты жолына түсіп, рухани интеллект (SQ) иесі деңгейіне көтеріле бастайды (11-сурет).




11-сурет. Абайдың «толық адам» концепциясының интеллект көрсеткіштерімен байланысы.

Асыл сөз өнерін меңгеру жолына түскен оқушы «білгендердің сөзіне махаббатпен еріп», «осы дүниеден өткен не дүлдүл, не бұлбұл шешен, көсемдердің» «сөзін оқып және ойлап», «сөз мәнісін біліп», қазақ тілінің табиғатын жүрегімен сезініп, «өзі үшін үйреніп», «егер түзу көрінсе, ойлап-ойлап, құлаққа іліп», үйренгенін өмірде қолданып, «харекет қылған» сайын оқушының тілдік санасы да кеңейіп, тіл байлығы арта береді. Атын адам қойған соң, ғылымға көңіл бөліп, бойды жеңіп, ақылға ерген оқушыға Абайдың элитарлық тұлғасы үлгі, өнеге болады. Білімдіден шыққан сөздің сырын, нұрын көруге ұмтылып, түбі терең сөздің артықтығын байқап, әр сөзін бір ойланып, салмақтайтын оқушы талап, еңбек, терең ой иесі болып, қанағат, рақым қасиеттерін дамытса, ойы мен тілі бөлінбес тілдік тұлға ретінде қалыптасу жолына түседі.

Қазақ тілін құндылық бағдарлы оқыту әдістемесі ұлы философ ақын Абай Құнанбайұлының пайдалы білім қорын

қамтитын, сөз өнеріне деген махаббат пен сыншылдық қасиет қалыптастыруға ықпал ететін өлеңдері мен қарасөздерін оқу материалы ретінде іріктеп алып, оқушыларды ақынның тіл жұмсау шеберлігімен таныстыруды көздейді. Бұл әдістеме ақынның **«ТАЛАП – ЕҢБЕК – ТЕРЕҢ ОЙ – ҚАНАҒАТ – РАҚЫМ»** бес асыл іс тұжырымдамасын тірек етіп алады. Бес асыл іс бірімен-бірі жалғасып, бірімен-бірі байланысып келіп, қазақ тілін оқу арқылы сөз өнері құндылығын меңгеру кезеңдерін көрсетеді (12-сурет).



12-сурет. Қазақ тілін құндылық бағдарлы оқыту әдістемесінің бес асыл іс кезеңі.

1. **«Талап» кезеңі.** Кез келген істің басында адам оған ден қойып, өзі талап білдірмесе, істің ары қарай нәтижелі жүріп кетуі екіталай. Сондықтан сөз өнерін меңгеру үдерісінің бастапқы кезеңін дұрыс ұйымдастыру өте маңызды. Алғашқыда оқуға қойылатын талаптардың сыртқы – қоғамдық сипаты басым болады. Осы кезеңде мұғалімнің дұрыс құндылық бағдар көрсетуі үлкен рөл атқарады. Сыртқы – қоғамдық талаптардың оқушының өз ішкі – танымдық талаптарына ауысуы қазақ тілі пәнін ең алғашқы сабақтан бастап шын жүректен, мейірім-ықыласпен, оқушыны қызықтыратындай етіп жүргізу арқылы, әрбір оқушының психо-физиологиялық мүмкіндіктерін бақылап, қажетіне қарай құндылық бағдарлы әңгімелер айтып, жеке сұхбаттар жүргізіп отыру арқылы жүзеге асады. Абай бұл жөнінде «білімдіден шыққан сөз талаптыға болсын кез» деген тілек айтып,

«бозбалаға керек іс – талаптылық» екенін ескерткен. Ақынның «талап қыл артық білуге» деген тұжырымы дамыта оқыту идеясымен өзектес болып келеді.

2. **«Еңбек» кезеңі.** Еңбек тақырыбы Абай шығармаларында өте жиі көтерілген. «Өзіңе сен, өзіңді алып шығар, еңбегің мен ақылың екі жақтап», «Ақырын жүріп, анық бас, еңбегің кетпес далаға», «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген ақын сөздері – адамзаттың ұранына айналған қанатты сөздер. Төртінші қарасөзінде айтылған «...еңбек қылса, қара жер де береді, құр тастамайды», «оныншы қарасөзіндегі «ерінбей еңбек қылса, түңілмей іздесе, орнын тауып істесе, кім бай болмайды» деген ойларын білім алып, сөз өнерін меңгеру ісімен де байланыстырып айтуға болады, мәні сол қалпында тереңдей түседі. Қазақ тілін құндылық бағдарлы оқытуда сөз өнерін меңгеруге талабы оянған оқушы сол бағытта мұғалімнің құндылық бағдар көрсетуімен ерінбей еңбек ете бастаса, ұзамай жемісін де көреді.

3. **«Терең ой» кезеңі.** Философ ақынның «көңілге түрлі ой түсер, әр тереңге нұсқасаң» деген сөзі білім алу жолында оқушы әр тақырыпты меңгеріп, білім тұңғиығына бойлаған сайын көкірек сарайы ашылып, санасы кеңейіп, ойы тереңдей беретінін көрсетеді. «Түбі терең сөз артық, бір байқарсыз» деп, сөздің ой тереңдігіне бойлатар қасиетін сипаттайды. Ақынның әркімді өз жүрегінің түбіне терең бойлауға шақыруы білім беру жүйесіндегі сыни ойлау, сын тұрғысынан ойлау идеясымен өзектес болып келеді. Қазақ тілін құндылық бағдарлы оқытуда оқушы талаптанып, еңбекпен алған білімін қорытып, терең ой сүзгісінен өткізіп, бағамдайды, бағалайды, өміріне керекті, қажетті, пайдалы, білімді таңдап, бойына сіңіреді.

4. **«Қанағат» кезеңі.** Ақынның «жүрегіңе сүңгі де, түбін көзде, сонан алған шын асыл, тастай көрме» деген сөздерінен шынайы құндылықты әр адам өз жүрегінің түбіне сүңгіп, шынайы үнін естіген кезде табатынын көруге болады. Қырық үшінші қарасөзіндегі «іштегі жан қуатымен жиған нәрсенің аты ақыл, ғылым», «пайда, залалды айыратұғын қуаттың аты ақыл» деген тұжырымы білім алып, ақыл жинаудың ішкі жан қуатының орасан қызметі арқылы жүзеге асатын күрделі үдеріс екенін көрсетеді.

Бұдан адамның ақыл-білімі толысуымен бірге жан дүниесінде де үлкен рухани даму жүзеге асатынын болжауға болады. Тіліміздегі «қанағат» сөзі алғыс айту, шүкіршілік ету ұғымдарымен мәндес болып келетінін ескерсек, қазақ тілін құндылық бағдарлы оқытуда талаппен, еңбекпен алған білімін терең оймен саралаған оқушы сөз өнерін бағалап, тілдік санасы күннен күнге артып жатқаны үшін шынайы алғыс сезімінде болған кезде жүрегі жаңа білімдерге барынша ашыла түседі, өміріне пайда әкелетін шын асылын тауып, жан қуаты оянған, рахат, қанағат сезімдеріне бөленген ақыл иесіне айналады деп тұжырымдауға болады.

5. **«Рақым» кезеңі.** Абайдың он жетінші қарасөзіндегі «адамдықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлының бірі боласың» деген сөзі қазақ тілін құндылық бағдарлы оқытудың соңғы «рақым» кезеңінің мәнін ашып көрсетеді. Себебі бұл кезеңде сөз өнерінің қыр-сырын меңгерген оқушы рақым толы жүрегінен шыққан мейірім-махаббатпен қазақ сөзіне деген құрметі артып, өзі жүрген ортасында білім, білік, дағдысын қолдана бастайды, сол арқылы қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейтуге кішкентай болса да өз үлесін қосатын тілдік тұлғаға айналады. Абайдың он екінші қарасөзіндегі «Ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты болады. Сол мінез бұзылмасын!» сөздері осы рақым деңгейіне жеткен оқушы тұлғасының қасиеттерін көрсетеді.

Жоғарыда Абай айтқан бес асыл істі қазақ тілін құндылық бағдарлы оқыту үдерісінде сөз өнері құндылығын меңгеру кезеңдері ретінде қарастырдық. Сонымен қатар осы бес асыл істі қазақ тілі пәнінің әр сабағының құрылымдық кезеңдері ретінде де қарастыруға болады. Ол жерде «талап» – ұйымдастыру кезеңі, «еңбек» – жаңа білімді меңгерту кезеңі, «терең ой» – ой қорыту кезеңі, «қанағат» – рефлексия кезеңі және «рақым» – шығармашылықпен қолдану кезеңі болады.

Қазақ тілін құндылық бағдарлы оқыту әдістемесі ұлы Абайдың дидактикалық тұжырымдары негізінде жүргізілген кезде оқушы ақынның сөз саптау үлгісін көріп, “ондай болмақ қайда” демей, үйренуге ұмтылып, алдына тіл байлығын дамытып, сөз өнерін меңгеру деген айқын мақсат қойып, тілдік тұлға ретінде қалыптасу жолына түседі.

ПРАКТИКАЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАР

1. Абай шығармалары тілінен бес асыл істің әрбіріне қатысты тұжырымдарын жинақтаңыз. Өз қорытынды пікіріңізді білдіріңіз.

2. Абайдың отыз бірінші қарасөзіндегі естіген нәрсені ұмытпастыққа қажетті төрт түрлі себепті оқып шығып, солардың әрбірін бүгінгі психология іліміндегі терминдермен сәйкестендіріңіз.

> Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі - көкірегі байлаулы берік болмақ керек; екінші — сол нәрсені естігенде я көргенде ғибрәтлану керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек; үшінші — сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек; төртінші - ой кеселі нәрселерден қашық болу керек. Егер кез болып қалса, салынбау керек. Ой кеселдері: уайымсыз салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу секілді. Бұл төрт нәрсе - күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер.
>
> *Абай. Отыз бірінші сөз.*

3. Абайдың он төртінші қарасөзінен алынған үзіндіні қазақ тілін құндылық бағдарлы оқыту әдістемесімен байланыстырып, өз тұжырымдарыңызды айтыңыз.

> Қазақта адам баласы ғой, көбі ақылсыздығынан азбайды, ақылдың сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, қайрат, байлаулылықтың жоқтығынан азады. Білместігімнен қылдым дегеннің көбіне нанбаймын. Білімді білсе де, арсыз, қайратсыздығынан ескермей, ұстамай кетеді.
>
> *Абай. Он төртінші сөз*

4. Абайдың отыз екінші қарасөзіндегі білім-ғылымды үйренбекке талап қылушыларға керек шарттарды оқып шығып, қазақ тілін құндылық бағдарлы оқыту әдістемесімен байланыстырып, өз тұжырымдарыңызды айтыңыз.

5. Абай мен Ақымет Байтұрсынұлы тұжырымдарындағы «тірі білім» ілімі жайлы мақаланы зерделеп оқып, өз пікіріңізді білдіріңіз.



6. Абай шығармалары тілінен сөйлеуші және тыңдаушы тұлғасына қойылатын талаптарды теріп жазып шығыңыз.

7. Абайдың бес асыл іс («талап» – ұйымдастыру, «еңбек» – жаңа білімді меңгерту, «терең ой» – ой қорыту, «қанағат» – рефлексия және «рақым» – шығармашылықпен қолдану) кезеңдерінен тұратын бір құндылық бағдарлы оқыту сабағының жоспарын құрастырыңыз.

Семинар сабағына арналған талқылау сұрақтары:

1. Абайдың «бес асыл іс» тұжырымының қазіргі білім беру жүйесіндегі маңызы қандай?
2. «Талап» кезеңінде оқушының оқу-танымдық уәждемесін қалай қалыптастыруға болады?
3. «Еңбек» кезеңін қазақ тілі сабағында нақты қандай әдістер арқылы жүзеге асыруға болады?
4. «Терең ой» кезеңін сын тұрғысынан ойлаумен қалай байланыстыруға болады?
5. «Қанағат» кезеңіндегі рефлексияның оқушы дамуына әсері қандай болуы мүмкін?
6. «Рақым» кезеңінде оқушы қандай деңгейге жетеді? Бұл кезең тілдік тұлғаның құндылық бағдарын қалыптастыруда қандай рөл атқарады?
7. Абайдың «толық адам» концепциясын қазақ тілін құндылық бағдарлы оқыту үдерісімен қалай байланыстыруға болады?

БӨЖ тақырыбы мен тапсырмасы:

Абайтану бағытындағы зерттеулер негізінде ғалымдар ұжымы ұсынған Абай таксономиясын зерттеу

6. Абай таксономиясының Блум таксономиясымен салыстырғандағы айырмашылығын, ерекшелігін анықтау мақсатында зерттеу жүргізіңіз.

Әдебиеттер тізімі:

Бітібаева Қ.О. Мектепте Абайды танытудың жаңашыл әдістемесі мен технологиясы. – Өскемен: Рекламный дайджест, 2013. – 167 б.

Сыздықова Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. – Алматы: Арыс, 2004. – 616 б.

Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі (Лексикасы мен грамматикасы). – Алматы: Қазақ ССР-і «Ғылым» баспасы, 1968. – 336 б.

Торайғыров С. Асыл сөз: өлеңдер мен дастандар. Алматы: ҚазАқпарат, 2005. – 117 б.

Дәдебаев Ж., ж.б. Абайдың таксономиясы. Білу, түсіну, қолдану: Монография. – Алматы, 2002. –Б.127-169.

1.4 АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ТҰЖЫРЫМДАРЫ – ҚАЗАҚ ТІЛІН ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУДЫҢ НЕГІЗІ

Дәрістің мақсаты: Ахмет Байтұрсынұлының «баулу мектебі» мен «тірі білім» тұжырымдары негізінде қазақ тілін құндылық бағдарлы оқытудың мазмұнын ашу және оқушының тілдік тұлғасы мен функционалдық сауаттылығын қалыптастыру жолдарын көрсету.

Қарастырылатын сұрақтар:

1. Ахмет Байтұрсынұлының тіл оқыту әдістемесіндегі орны және «баулу мектебі» тұжырымдамасы;
2. Сөз өнерін меңгерту және құндылық бағдарлы оқыту ұстанымдары;
3. Құндылық бағдардың қалыптасу кезеңдері және олардың Ахмет Байтұрсынұлы теориясымен байланысы;
4. Функционалды сауаттылық ұғымының «мәніс білім – әдіс білім» тұжырымымен байланысы.
5. Қазақ тілін оқытуда тірі білім қалыптастыру және тілдік тұлға дамыту жолдары.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізін қалаған ғалым. Туған халқының атадан балаға мирас болып келе жатқан киелі сөз өнерін меңгеру жолдарын ұсыну ғалымның өмірлік мақсаты болды. Ғалымның қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының теориясы мен әдістемесі жайлы еңбектері бүгінге дейін өзекті, ұсынған терминдері өзгеріссіз қолданылып келеді. Ал қазақ тілін құндылық бағдарлы оқыту әдістемесіне А. Байтұрсынұлының «баулу мектебі», «тірі білім», сөз өнері адам санасының үш негізіне сүйенетіндігі және «мәтін тілінің ғылымы» жайлы әдістемелік идеялары теориялық негіз болады.

Осыдан бір ғасыр бұрын жарияланған «Баулу мектебі» атты мақаласында А. Байтұрсынұлы қазақ ұлттық білім беру жүйесінің тұжырымдамасын ұсынған. Баулыну дегенді ғалым кез келген

өнер иесінің жанында жүріп, ден қойып, үйреніп, зерттеп жүріп, көргені мен естігенін қайталап жүріп үйрену деп түсіндіреді. Оған табиғаттан, өмірден мысалдар келтіреді. «Би болғандар би мектебінде баулынған, яғни биге атшы болып жүріп, бірге жүріп, бірге тұрып, бітірген істердің ішінде бірге болып, баулынып, би болған» деген бір мысалын сөз өнерін меңгеру жайымен байланыстырып көрсек, бала өз ортасында естіген мағыналы-мәнді, айшықты сөз үлгілерін, мақал-мәтелдер мен қанатты сөздерді құлағына құйып жүріп, қайталап айтып жүріп үйренген. Мүмкіндігі болғандар ақын-жыраулардың жанына ілесіп, сөз құдіретін сезіне жүріп, жатқа айтып, ауыздан-ауызға таратып жүріп меңгерген.

Олай болса, қазақ тілін құндылық бағдарлы оқыту әдістемесі де Ахмет Байтұрсынұлының осы айтылған *«баулу мектебі»* тұжырымдамасына сүйенеді. Бұл тұжырымдамаға сәйкес қазақ тілі сөз өнері ретінде оқытылады. Дұрыс, анық, таза, дәл, көрнекті әуезді, өрнекті сөйлеу мәдениетін, сөз өнерін меңгеріп, тіл байлығы дамыған адамның болашақ өмірі жарқын болатыны түсіндіріледі. Мұғалім оқулыққа енгізілген, өзі қосымша материал ретінде ұсынатын оқылым, тыңдалым мәтіндері арқылы сөз өнері шеберлерінің үлгілерін көрсетеді, олардың тілдік ерекшеліктерін танытады, тілдің құдіретін сезіндіру мақсатында құндылық бағдарлы әдістерді қолданады. Бұл жерде мұғалім оқушыға құндылық бағдар көрсететін баулушы қызметін атқарады. Сөз өнерін сүйетін, жетік меңгерген, мейірім-махаббатпен үйретуге дайын, өзінің мамандығына деген құндылық қатынасы жоғары, тілді шебер қолдану үлгісімен оқушыны сөз өнері әлеміне тартып, қызықтыра алатын мұғалім нағыз баулушы бола алады.

Осы мақаласында ұлт ұстазы «тірі білім» деген мәселе көтереді. Ғалым тірі білімді орманға жай серуендеп қана бармай, қазық жасауға қажет ағаш іздеп бару мысалымен түсіндіреді. «Тірлік шарасына үйретететін білім тірі білім болуы керек. Ондай білімді адам мәніс білімі мен әдіс білімін қатар үйренгенде білмек». Осы пікірі арқылы ғалым қазір жиі айтылып, жүзеге асырылу жағы ойсырап келе жатқан функционалдық тұрғыдан оқыту идеясының шешімді жолын көрсетеді.

Құндылықтар туралы білім қағаз бетіндегі танымдық ақпарат күйінен адам бойындағы «наным, сенім, мінез-құлық, әрекет» деген ұғымдарды құрайтын құндылық бағдарына айналғанға дейінгі аралықта бірнеше кезеңдерден өтуі тиіс. Осы құбылысты зерттеген психолог ғалымдар адамның құндылық бағдары қалыптасуының когнитивтік, эмоционалды-бағалауыштық және әрекеттік деген үш кезеңін атап көрсетеді. Осы аталған үш кезеңнің А. Байтұрсынұлының "Әдебиет танытқыш" еңбегіндегі сөз өнері адам санасының үш негізіне: 1) ақылға, 2) қиялға, 3) көңілге тірелетіні жайлы тұжырымымен үндестігін байқаймыз. Ғалымның бұл пікірі құндылық бағдар қалыптасуының когнитивтік, эмоционалды-бағалауыштық және әрекеттік деңгейлерімен, сонымен қатар құндылық қатынас қалыптасуының «түсіну; бағалап, таңдау; өз өмірімен байланысын анықтап, мақсат құру; әрекет жасау, қолдану және өмірлік құндылықтар жүйесіне айналдыру» кезеңдерімен сәйкес келетінін анық көруге болады (13-сурет).



13-сурет. Құндылық бағдардың қалыптасу кезеңдерінің А. Байтұрсынұлы теориясымен сәйкестігі.

Құндылық бағдар қалыптасуының когнитивтік деңгейінде ақпаратты танып, қабылдау, түсіну ақыл ісі арқылы жүзеге асады. Эмоционалдық-бағалауыштық деңгейде бағалап, таңдау; өз өмірімен байланысын анықтау қиял ісі арқылы орындалады. Ал соңғы әрекеттік кезеңде оқушы қабылдаған құндылықтарын көңіліне толық бекітіп, түйіп, нақты мақсаттарға жету жолында әрекеттер жасай бастайды. Өз өмірінде қолдану тәжірибесі

қайталанған сайын ол құндылықтар оқушының өмірлік құндылықтар жүйесіне берік ене береді.

А. Байтұрсынұлы "Әдебиет танытқыш" еңбегінде терең талдап көрсеткен «Сөз өнері» ғылымының негіздерін мектепте оқытылатын қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәндерінің білім мазмұны қамтиды. Осы екі пән бірігіп келіп, оқушыға сөз өнерін меңгертуге қызмет етеді. Жалпы ғалым өз еңбектерінде білім мен ғылымды өнер деп қарастырады. «Сауат ашқыш» атты сауатсыз үлкендер үшін дыбыс әдіс жолымен тәртіптелген қазақша әліпби оқулығына енгізген «Өрбу» атты мақаласында «білім-өнер» дегенді адам болғаннан бергі адам баласының тапқан тіршілікке керек әдіс-амалы деп түсіндіреді. Өнер-ғылым білген адам тіршіліктің ісіне керек әдіс, амалды жақсы білгендігін айтады. Ғалымның осы тұжырымына сүйенсек, қазақ тілі пәнінде оқушы тіл білімі ғылымының негіздерін меңгеру арқылы сөз өнерін меңгеріп шығады.

А. Байтұрсынұлы: «Бір нәрсе турасындағы пікірімізді, яки қиялымызды, яки көңіліміздің күйін сөз арқылы жақсылап айта білсек, сол сөз өнері болады. Ішіндегі пікірді, қиялды, көңілдің күйін тәртіптеп, қисынын, қырын, кестесін келістіріп, сөз арқылы тысқа шығару сөз шығару болады. Шығарма дегеніміз осылай шығарған сөз», - деп жазады. Осы жердегі ғалымның «шығарма» деген терминін қазіргі әдістемеде «мәтін» деп қолданып жүрміз.



14-сурет. Сөз өнерінің ғылымы (А. Байтұрсынұлы).

Сөз өнерін оқыту шығарма мазмұнын оқытумен қатар шығарма тілінің ғылымын оқыту арқылы жүзеге асады (14-сурет). А. Байтұрсынұлы шығарманың ішкі пікір жағы және тысқы тіл жағы болатынын, соған сәйкес сөз өнерінің ғылымы шығарма тілінің ғылымы және түрінің ғылымы болып екіге бөлінетінін атап көрсетеді. Бұны қазіргі әдістеме тілімен айтсақ, мәтіннің түрі мен тілі деп алуға болады. Демек қазақ тілі сабағында оқылым, тыңдалым мәтіндерінің түрі мен тілін талдау жұмыстары қатар жүргізілуі қажет.

А. Байтұрсынұлы баули оқыту үшін әдіс білім мен мәніс білім қатар берілуі тиіс дейді. Бұл жердегі мәніс білім – теориялық білім болса, әдіс білім – қарапайым жаттығулар орындау, қайталау түріндегі практикалық дағдыларды жетілдіруден әлдеқайда кең, қазіргі әдістемедегі функционалдық сауаттылық терминінің мәніне жақын келетін ұғым. Функционалдық сауаттылық – адамның алған білімін түрлі өмірлік жағдаяттарда, әлеуметтік қарым-қатынас салаларында кең ауқымды міндеттерді шешу үшін қолдана алу қабілеті десек, функционалдық тұрғыдан оқыту оқушыға алған тілдік білімін өмірде қолдану мүмкіндігін береді. Әрбір тілдік бірліктің формалық-мағыналық деген екі жағы өзара тығыз байланыста болады. Осы байланыстың мәнін ашқан кезде оқушыда тілдің ерекшелігі туралы толық түсінік қалыптасады. Тілдегі грамматикалық категориялар бірігіп келіп, белгілі бір семантикалық өріс тудыратыны белгілі. Сондықтан қазақ тілі сабағында тілдің құрылымдық және семантикалық ерекшеліктері өзара тығыз байланыста оқытылады. Тілдің негізгі қызметі жайлы А.Байтұрсынұлы: «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәрін жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама қадырынша жарайды», - деп жазады. Функционалдық тұрғыдан оқыту тілдің құрылымы мен жүйесі жайлы теориялық білім берумен ғана шектелмейді. Себебі тілдік жүйенің қалай құрылғаны жайлы «мәніс» білім, яғни құрғақ ережелер тілді қалай қолданудың әдістерін үйрете алмайды. Сондықтан тілдің құрылымдық-жүйелік ерекшеліктері қолданыстағы мағынасымен және атқаратын қызметімен тығыз бірлікте оқытылады.

Тілді мағынаны жеткізуге қажетті стильдік құралдардың жүйесі ретінде оқыту функционалдық тұрғыдан оқыту деп аталады. Сондықтан қазақ тілін жұмсалымдық тұрғыдан оқытуда оның семантикалық қызметі ескеріледі. Егер оқушының айтар ойы, пікірі болмаса, үндемей отыратыны белгілі. Ал сыртқа шығаруы қажет пікірі, ойы айқын болса, оқушы тілдік санасында жинақталған тілдік бірліктер мен ұғымдар жайлы білімін өзара байланыста жинақтап, қалайда сол ойын жеткізу тәсілдерін табады. Әрине тілдік білімінің деңгейіне қарай арасында қателіктер де жіберуі мүмкін, ол маңызды емес. Себебі дағды тәжірибе арқылы қалыптасады. Ең бастысы жеткізгісі келетін ой (мағына) айқын болған кезде ғана, оған форма (құрылым) беру жеңіл болады. Керісінше болуы мүмкін емес. Бұдан шығатын қорытынды, оқушы алдымен тілдік бірліктердің ерекшеліктерін есіне түсіріп, содан кейін оларды қолдана бастамайды. Әуелі мида тіл арқылы жеткізгісі келетін ой айқындалады да, содан кейін барып осы ойды жеткізуге қызмет ететін тілдік бірліктерді өзара байланыста қолдану арқылы мағынаға форма беріледі. Олай болса, оқушы сөйлем құрау кезінде мағынадан тілдік құралдарға қарай ауысады. Сондықтан функционалды тұрғыдан оқытуда мағынаны жеткізу үшін әртүрлі тілдік бірліктерді семантикалық қызметінің ортақтығы негізінде жинақтап қолдану тәсілдері меңгертіледі.

Құндылық бағдары дұрыс қалыптасып келе жатқан оқушы оқылым, тыңдалым мәтіндерінің түрі мен тілін талдау жұмысын мұғалім міндеттеген кезекті бір тапсырма ғана деп қарамай, осы дағдыны жетілдіру арқылы өз болашағымның сапалы бір кірпішін қалап жатырмын деп, саналы әрекет етеді, пайдалы, құнды деректерді барынша қармап қалауды, сол арқылы сөз өнерін меңгеруді мақсат етеді.

Қазіргі орта білім беру жүйесінде кеңінен тараған мәтін мазмұнын талдаумен шектелетін жұмыстар мәніс білім деңгейінде ғана қалып отыр. А. Байтұрсынұлы айтқан тірлік шарасына үйретететін тірі білім функционалды тұрғыда баули оқыту арқылы жүзеге асады. Оқушы мәтін авторының сөйлеу, жазу үлгісі арқылы сөз өнеріне баулынады, мәтін тіліндегі тың тілдік қолданыстарды байқап, зерттеп, танып, біртіндеп өз сөздік қорына

енгізе береді. Ол жұмысты белсенді, қызықты етіп ұйымдастыруда мұғалім көрсететін құндылық бағдар аса маңызды.

ПРАКТИКАЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАР:

1. Қазіргі қолданыстағы «Қазақ тілі» пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасында берілген оқылым, тыңдалым мақсаттарына талдау жасаңыз. Мақсаттар жүйесінде мәтін түрін талдау мен тілін талдауға қаншалықты көңіл бөлінгенін анықтаңыз.

2. Р. Имаханбеттің Ахмет Байтұрсынұлы мұрасын заманауи оқыту жүйесіне енгізудің тиімді жолдары жайлы мақаласында баяндалған ақпараттардың қазақ тілі мұғалімі үшін құндылығына сараптама жасаңыз.



3. А. Байтұрсынұлының әдістемелік ұстанымдары жайлы мақаланы оқып шығып, автор тұжырымдарының құптайтын, құптамайтын жерлері жайлы пікір алмасыңыз.



4. Тілді оқытудағы «тірі білім» ілімінің қағидалары туралы мақаланы зерделеп оқып шығыңыз. Ғалым пікіріне қатысты өз ойларыңызды білдіріңіз.



5. Ғалым Ж. Дәулетбекованың мақаласында баяндалған этнопсихологиялық зерттеу жайлы оқып шығыңыз. Қазақ тілін құндылық бағдарлы оқытуда оқушының сөйлеуге деген қатынасын қалыптастыру қандай бағытта жүргізілуі тиіс деп ойлайсыз?



6. А. Байтұрсынұлы «Тіл – құрал» еңбегінде райдың неше формасын көрсеткен? Қазіргі



оқулықтарда неше рай түрін оқытып жүрміз? Шағын зерттеу жүргізіп, өз пікіріңізді білдіріңіз.



7. Ғалым О. Жұбаева бұл жөнінде қандай пікір білдіретінін тыңдаңыз. Подкастта қандай өзекті мәселелер көтерілген? Қазақ тілін құндылық ретінде оқытуда осы мәселелер бойынша қандай шешім ұсынар едіңіз?

Семинар сабағына арналған талқылау сұрақтары:

1. Ахмет Байтұрсынұлының «баулу мектебі» тұжырымдамасының қазақ тілін құндылық бағдарлы оқытудағы маңызы неде деп ойлайсыз?
2. «Мәніс білім» мен «әдіс білімнің» айырмашылығы қандай?
3. «Тірі білім» және «өлі білім» ұғымдарының айырмашылығын нақты мысалдармен түсіндіріңіз.
4. Құндылық бағдардың когнитивтік, эмоционалдық және әрекеттік кезеңдері қазақ тілін оқыту үдерісінде қалай жүзеге асады?
5. Мәтін тілін талдау арқылы оқушыны сөз өнеріне баулу жолдарын ұсыныңыз.

БӨЖ тақырыбы мен тапсырмасы:

«Сөз өнері» тарауының мазмұны бойынша сызба құрастыру.

ЖИ құралдарын пайдаланып, А. Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» еңбегіндегі «Сөз өнері» тарауының мазмұны бойынша сызба құрастырыңыз.

Әдебиеттер тізімі:

Байтұрсынұлы А. Сауат ашқыш: дыбыс әдіс жолымен тәртіптелген қазақша әліп-би. Сауатсыз үлкендер үшін 1- кітап.– Семей, 1926. – 83 б. Б. 53-54. Кітапта: Шығармаларының

академиялық толық жинағы. Бестомдық. 2-т. – Алматы, 2022. – 876 б. https://el.kz/rbu_21377/

Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. – Алматы, 2009. – 348 б.

Байтұрсынұлы А. Шығармалар жинағы. Алты томдық. – Алматы, 2013.

ХХ ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Құрастырған О.Жұбаева. – Алматы, «Қазығұрт» баспасы», 2013. – 664 бет.

Байтұрсынұлы А. Түрікшелер құрылтайы // «Жаңа мектеп», 1926. №7-8, 43-50 б. Кітапта: Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: «Ана тілі», 1992. - 411-416-бет.

Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.

Кемеңгерұлы Қ. Кітапта: ХХ ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Құрастырған О.Жұбаева. – Алматы, «Қазығұрт» баспасы», 2013. – 664 бет.

Дәулетбекова Ж.Т. Тірі білім теориясы – концептуалды тұжырым. Монография. – Алматы: Everest, 2025. – 284 б.

II модуль

ҚАЗАҚ ТІЛІН ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ

2.1 МӘТІН МАЗМҰНЫ МЕН ТІЛІН ТАЛДАУДЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЫ

Дәрістің мақсаты:

Мәтін мазмұны мен тілін құндылық тұрғысынан кешенді талдау арқылы оқушының тілдік санасын, қатысымдық және лингвомәдени құзыреттілігін дамыту жолдарын саралау.

Қарастырылатын сұрақтар:

1. Мәтін мазмұны мен тілін талдаудың аксиолингвистикалық негіздері;
2. Мәтінмен жұмыс кезеңдері және «мәтіннен мәтінге» қағидасы.

Білім беру жүйесінде ұлттық құндылықтарды меңгерту мәселесі әрқашан да өзекті. Ұлттық құндылықтар оқулықтарда қамтылатын мәтіндер жүйесі арқылы беріледі. Өзара интертекстуалды байланыста келген түрлі тақырыптардағы мәтіндер бір идея, бір мақсатта жұмсалып, мәдени кодтардың үзінділері ретінде оқушы санасына әсер етуге қызмет етеді. Соларды ұтымды әдіс-тәсілдермен оқыту үдерісін дұрыс ұйымдастыру нәтижесінде оқушы жүрегіне жетіп, құндылық ретінде бекіп, тұлғаның өмірлік ұстанымына айналады. Әсіресе, тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарда шыққан жалпы орта білім беретін мектептердегі қазақ тілін ана тілі ретінде оқытуға арналған оқулықтарда ұлтымыздың өзіндік ерекшеліктерін танытатын құндылықтары жайлы мәтіндер молынан қамтылды. Қазақ тілінің ортақ түркілік тамырын танытуға бағытталған мәтіндердің де оқулықтарда өзіндік орны болды.

Оқулықтағы берілетін кез келген мәтін – өте күрделі тілдік құрылым. Осы құрылымды айқындайтын басты белгілері – жүйелілік және тұтастық. Мәтіннің тұтастық категориясы сол мәтінді қорытып, маңызын танығанда ғана пайда болатын, оның дәйекті тұсымен тәуелділікте болса, ал оның біртұтастығы қиын бөлімдерді құрастыратын тілдік механизмнің белгілі әдіс-тәсілдерімен ұйымдасуынан көрінеді.

Қазақ тілін оқытуда мәтін оқылым және тыңдалым дағдысын дамытуда қолданылатын тиімді оқу материалы болады. Оқылым және тыңдалым мәтіндерімен жұмыс істеу арқылы оқушының оқылған не тыңдалған ақпаратты қабылдау, хабарлама тақырыбын анықтау, негізгі ұғымды қосымша ақпараттан ажырату, мәтіннің мағыналық бөліктерін айқындап, олардың арасындағы логикалық байланысты табу, сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын болжау және түсіну, сондай-ақ фонетикалық, лексикалық, сөзжасамдық, морфологиялық және синтаксистік деңгейдегі тілдік формаларды саналы түрде тану білігі мен дағдылары қалыптасады.

Мәтінді оқу материалы ретінде пайдалануда оның мазмұнын тануға ғана басымдық бермей, тілдік ерекшеліктерін талдау жұмыстарын жүйелі жүргізу маңызды. Бұл ретте біз А. Байтұрсынұлының шығарма түрінің ғылымы мен тілінің ғылымы туралы тұжырымына сүйенеміз. Құндылық бағдарлы оқыту әдістемесінде мәтін ең алдымен қазақ тілінің заңдылықтарын тану үшін пайдаланатын тілдік материал қызметін атқарады. Екінші кезекте дидактикалық материал ретінде оқушының рухани, мәдени және когнитивтік дамуын қамтамасыз ететін құндылық бағдар беру қызметін атқарады. Сондықтан мәтінмен жұмыс оның мазмұнын ғана талдаумен шектелмеуі тиіс. Оқушы мәтінді көрген кезде ондағы тілдік бірліктердің қалай қолданылып тұрғанын зерттеп, танып, өзі сол үлгіні түрлі тілдік жағдаяттарда қолдану мақсатын көздей оқуы қажет. Мәтін тіліне мән бере оқу әрекеті жүйелі түрде жүргізіліп отырған кезде автоматты дағдыға айналады. Сол кезде оқушы мәтін мазмұнын терең қабылдап, «басынан кешіріп», белгілі бір әлем бейнесінің үзігіне «терең бойлап» отырып, көзіне түскен тың сөздер мен ерекше әсем тілдік қолданыстарды өзі үшін «түртіп алып» отыратын деңгейге жетеді. Оқулықта ұсынылатын тыңдалым, оқылым мәтіндерінде мәдени

құбылыстар белгілі бір тілдік құралдар арқылы көрініс тауып, сонымен қатар қосымша мағыналар жеткізетін ерекше белгілер ретінде де қызмет етеді. Соған байланысты мәтін мазмұны мен тілін талдаудың құндылық бағдарлы әдістемесі оқушының жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды тануына, тілдік санасының қалыптасуына және қатысымдық құзыреттілігінің дамуына бағытталады. Оқушы мәтіннің мазмұнын талдау арқылы мәдени, тарихи, рухани құндылықтарды таныса, мәтін тілін талдау арқылы ұлт тілінің заңдылықтарын үйреніп, тілді негізгі рухани құндылық ретінде қабылдайды. Ж.Т. Дәулетбекова білім алушының сөзді құндылық деп тануы үшін қаншама сатылардан өтуі қажет болатынын, ең алдымен, сөз оның ойды жеткізуінің, өзгелермен қарым-қатынас жасауының құралы ғана болса, кейін сөз туралы ұғымы кеңейе келе сөздің адам өміріндегі маңызын тану арқылы оның мәнін түсінетінін, ендігі жерде сөз ол үшін құрал болудан өміртанымдық, моральдық негізге айналатынын, ең бастысы, сөзді құндылық ретінде тани алатынын атап көрсетеді. Ғалымның осы пікір қазақ тілі сабағында мәтін тілін оқытудың басты ұстанымы болуы тиіс.

Мәтін – тіл мен сөйлеуді оқыту үдерісінде ерекше орын алатын дидактикалық құрал. Ол оқытудың мақсаттық ұстанымымен байланысты, тілдің формалық және мазмұндық жақтарын үйлестіретін, ұлттық-мәдени ерекшеліктерді көрсететін кешенді тілдік материал болады. Осыған сәйкес мәтін аксиолингвистикалық қызмет атқарып, оқытудың құндылықтық мазмұнын ашуға мүмкіндік береді. Қазақ тілін оқытуда елтану, ұлттану, өлкетану мазмұнындағы мәтіндерді пайдалану оқушылардың қатысымдық, лингвистикалық және лингвомәдениеттанымдық құзыреттіліктерін жетілдіреді. Бұл өз кезегінде оқушының рухани-адамгершілік әлемін байытып, ұлттық санасының қалыптасуына ықпал етеді. Нәтижесінде оқушы тіл арқылы ұлт мәдениетінің тасымалдаушысы ретінде қалыптасады.

Қазақ тілі сабағында оқушы мәтін мазмұнын танумен қатар оның тілінің құрылымдық ерекшелігін, функционалдық сипатын да түсінуі тиіс. Б. Шалабай бұл жөнінде: «шығарманың идеясын, мазмұнын ғана талдап, ал ол мазмұнның өзіндік, қайталанбас

берілу тәсілдеріне назар аудармасақ, немесе оның тілдік көрінісін ғана зерттеп, одан мазмұнға қарай шыға алмасақ, онда бұл екеуі де біржақты ғана пікір болар еді», - деген пікір айтады. Қазақ тілі сабағында мәтін тілін талдау жұмыстары кешенді түрде, үнемі жүргізіліп отыруы қажет. Сол кезде оқушы мәтіндегі байласымды жүзеге асырушы лексика-грамматикалық амал-тәсілдер – есімдік, тәуелдік жалғау, үстеу, шылау, қыстырма, синоним, антоним сөздер, етістіктің бірыңғай шақ тұлғасы, синтаксистік параллельділік, түрлі қайталаулар тағы басқаларға жіті назар аударып отыру арқылы мәтін мазмұнын да терең түсініп, түпнұсқа тіліне барынша жақын мазмұндай алатын болады.

Тіл дамытудан нақты нәтиже шығуы үшін оқушы мәтін тілін талдау арқылы қабылдайтын білімін өз дүниетанымын кеңейтетін және сөз өнерінің дамуына ықпал ететін мүмкіндік деп қабылдауы тиіс. Осыған орай оқушыларға жүргізетін әр сабағымыздың танымдық жағымен қатар қызықтырушылық әсерін де үздіксіз дамытып отыруды ескеруіміз қажет. Шын мәнінде, оқушы сөз арқылы ұсынылған ақпаратты түсініп, тану арқылы сөзді қарым-қатынастың қарапайым құралы ғана емес, сонымен қатар сөйлеу өнерін дамытып, өз өмірін жақсартатын басты мүмкіндік ретінде сезініп, құндылық ретінде тану деңгейіне жеткенге дейін өте күрделі танымдық сатылардан өтеді. Сөзді құндылық деп қабылдайтын деңгейге жеткен кезде ғана оқушы әр сөзге мән беріп қабылдап, мән бере сөйлеуді меңгере бастайды. Сөздің құрал ретінде шеберлікпен қолдану арқылы өмірді танып, әлеуметтік ортасында өзін танытуға болатынын сезінеді. Сондықтан оқушыларға оқу жылының бірінші күнінен бастап ең алдымен қазақ тілін үйрену сабағына деген қарым-қатынастарын жаңаша құру қажеттігі ескертілуі керек. Сабақтар сыныптағыдан мүлде тың жағдайда өтетіндігін сезінген оқушылар да тіл өнерін меңгеруге деген ниеттерінің ерекше екенін білдіріп, шын мейірленіп, үлкен үмітпен, мұғалім қолданатын әдістердің ерекше тиімді болатынына деген үлкен сеніммен кіріседі, мәтін тілін талдауға белсенді түрде араласу қазақ тілінде сөйлеу дағдысын жетілдірудің басты мүмкіндігі екендігін түсінеді. Мәтін тіліндегі тілдік бірліктердің қызметін түсініп, тіл байлығын дамытатын құрал ретінде оқып, өз сөйлеу тілінде қолдануға ұмтылу қазіргі

күнде көп айтылып жүрген функционалдық білім алу дегенді білдіреді.

Кез келген мәтін түзілген кезде оның авторының белгілі бір мағыналық мазмұнды жеткізуге деген ниеті (интенциясы) болады. Сол мәтінді қабылдау кезінде оқушы өз тілдік санасының деңгейіне қарай автор ниетінің жүзеге асуының белгілі бір бөлігі ғана көре алады. Автор ниеті ең алдымен мәтін мағынасына белгілі бір тілдік құралдардың семантикалық қызметінің әсері арқылы көрінеді. Мәтінді тілдік талдау барысында негізгі назар мәтіндегі сондай өзара мағыналық байланыста тұрған тілдік бірліктерге аударылады. Мұндай талдаудың басты мақсаты – тілдік формалардың қызметін анықтау, олардың мәтіндегі мағыналық жүктемесін ашу. Мәтінді құндылық мәні тұрғысынан талдау авторлық ойдың берілу тәсілдерін, қолданылған тілдік кодтарды, олардың астарындағы мәдени және рухани мазмұнды айқындауға бағытталады. Бұл әдіс оқушының тілдік білімімен қатар мәтіннің мазмұнын терең түсіну қабілетін де дамытады.

Мәтінді тілдік талдау арқылы құндылық мән іздеу үдерісі үш негізгі дидактикалық аспектіде жүзеге асады: гуманитарлық, білім беру және дамытушылық. Гуманитарлық аспект мәтін арқылы автор тұлғасын, оның дүниетанымын, сол тілде сөйлейтін халықтың мәдениетін тануға бағытталады. Оқушы мәтінді түсіну арқылы тілдік ақпаратпен бірге адамзат жасаған таңбалық жүйелердің мәнін түсінеді. Білім беру аспектісі мәтіндегі тілдік бірліктердің құрылымдық және жұмсалымдық ерекшеліктерін меңгеруге негізделеді. Бұл үдерісте оқушы тілдік заңдылықтарды түсініп, оларды сөйлеу әрекетінде қолдану дағдысын қалыптастырады. Ал дамытушылық аспект оқушының сыни, аналитикалық, қатысымдық ойлау қабілеттерін жетілдіруге бағытталады. Мәтінмен мақсатты жұмыс істеу оқушының тілдік санасының дамуына және өзіндік пікір қалыптастыруына мүмкіндік береді.

Қазіргі қазақ тілі сабақтарының қатысымдық бағыттылығы мәтіндік тапсырмалар жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Бұл тапсырмалар тілдік бірліктердің стилистикалық қолданылуын меңгертуге, олардың грамматикалық және жұмсалымдық табиғатын түсіндіруге бағытталады. Оқушылар мәтін негізінде

тілдік бірліктерді қолдану жолдарын меңгереді, мазмұндама жазу арқылы авторлық ойды жеткізуді, ал шығарма жазу арқылы өз ойын жүйелі түрде құрастыруды үйренеді. Осылайша грамматикалық формалардың мәтіндегі қызметі практикалық деңгейде игеріледі. Бұл үдерісті «мәтіннен мәтінге» қағидасы арқылы сипаттауға болады: тілдік бірліктердің қызметін түсінуден бастап, олардың құндылығын тануға, кейін сол білімді өз мәтінін құрастыруда қолдануға дейінгі кезеңдерді қамтиды.

Мәтінмен жұмыс әдетте мәтін алды, мәтін бойынша және мәтіннен кейінгі жұмыстар деген дәстүрлі үш кезеңнен тұрады. Осының екінші – мәтін мазмұны мен тілі бойынша жұмыс кезеңінде құндылық мән іздеу үдерісі жүзеге асады. Оқылған не тыңдалған мәтін тілінен құндылық мән іздеу өз ішінде болжау, зерттеу, талдау, бағалау және түсіндіру кезеңдері арқылы жүзеге асады. Осы кезең оқушының мәтінде қолданылған әрбір тілдік бірліктің мағыналық және формалық ерекшеліктерін терең түсінуіне, негізгі ерекшеліктерін айқындауына және өз көзқарасын қалыптастыруына мүмкіндік береді.

Мәтінмен жұмыс нәтижесінде оқушылар иеленетін құндылықтар:

- Тілдің құрылымдық және жұмсалымдық ерекшеліктерін танып, тілдік білімі тереңдейді;
- Талдау арқылы алынған білім тұрақты жадында сақталып, тіл байлығы артады;
- Мәтін мазмұны арқылы қазақ халқының тарихы, мәдениеті, салт-дәстүрі туралы терең білім алады;
- Сөздің формасына, мағынасына және қолданысына мән беру арқылы сөз өнерін құндылық ретінде қабылдайды;
- Тілге деген құрметі артып, ұлттық мәдениетке деген қызығушылығы күшейеді.

Оқылым, тыңдалым мәтіндерін іріктеудің дидактикалық талаптары бар. Мәтін мазмұндық және құрылымдық жағынан тұтас, логикалық байланысқа ие болуы тиіс. Ол оқушының жас ерекшелігіне сәйкес келіп, оның өмірлік тәжірибесімен үйлесуі қажет. Тәрбиелік, танымдық және әлеуметтік мәні жоғары мәтіндер оқушыға өз өмірімен байланыстырып ой қорытуға мүмкіндік береді. Мәтін белгілі бір стильдің әдеби тіл

нормаларына сай үлгісін көрсету арқылы оқушының сауатты сөйлеу және жазу дағдысын қалыптастырады. Мәтінді оқытуда оның мазмұны мен тілін қатар талдау арқылы кешенді жұмыс жүргізу оқушының ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды игерумен қатар тілдік бірліктерді меңгеріп, тіл байлығын дамытуына, сөз өнерін меңгеруіне мүмкіндік береді.

ПРАКТИКАЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАР:

1. А. Байтұрсынұлының сөз өнерінің ғылымы жайлы пікірін оқып шығыңыз.

2. А. Байтұрсынұлы шығарманың түрінің ғылымына нелерді жатқызған?

3. Шығарманың тілінің ғылымын білудің оқушы үшін қандай құндылық мәні бар деп ойлайсыз?

Сөз өнері деп, асылында, нені айтамыз?

Бір нәрсе турасындағы пікірімізді, яки қиялымызды, яки көңіліміздің күйін сөз арқылы жақсылап айта білсек, сол сөз өнері болады. Ішіндегі пікірді, қиялды, көңілдің күйін тәртіптеп, қисынын, қырын, кестесін келістіріп сөз арқылы тысқа шығару сөз шығару болады. Шығарма дегеніміз осылай шығарған сөз. ...Сөз шығару өнерді қорек қылса, өнер ғылымды қорек қылады. Сонан сөз өнерінің ғылымы туады.

Шығарманың екі жағы бар: 1) ішкі пікір жағы; 2) тысқы тіл жағы.

Сондықтан сөз өнерінің ғылымы екіге бөлінеді:

1) шығарманың түрінің ғылымы; 2) шығарманың тілінің ғылымы.

Тілінің ғылымы дыбыстардың, сөздердің, сөйлемдердің заңынан шығатын тіл өңінің жүйелерін танытады, ал түрінің ғылымы сөз өнерінен шыққан нәрселердің мазмұн жағының жүйелерін танытады. Сондықтан сөз өнерінің ғылымы тіл өңі жағынан тіл я лұғат қисыны болып, мазмұн жағынан қара сөз жүйесі, дарынды сөз жүйесі болып бөлінеді.

Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш

4. А. Байтұрсынұлы мен Қ. Кемеңгерұлының әдістемелік мақалаларын оқып шығыңыз (3-кесте).



5. Оқылым дағдысын дамыту үшін талдау, жинақтау әдістерінің қайсысын қолдану тиімді деп санайсыз?

Ғалымдар еңбектері	**ТАЛДАУ (анализ)**	**ЖИНАҚТАУ (синтез)**
А. Байтұрсынұлы «Жалқылау (айырыңқы) әдіс»	**Жалқылау** *(айырыңқы)* – іріден ұсақтату. *Кемшілігі:* сөзді түсінбей жаттау, неге олай оқылатынын түсінбеу	*Жалпылау* – ұсақтан ірілеу.
Қ. Кемеңгеров «Жат тіл оқыту әдісі»	**Талдау** – сөйлеуден бастап әріпке түсу. *Кемшілігі:* Тіл құрамына үстірт қарағандықтан, жат тілді терең тексерте алмайды және жат тіл мен ана тілді салыстыра алмайды	*Үйлестіру* – әріптен бастап, сөйлемге көшу.

3-кесте. А. Байтұрсынұлы мен Қ. Кемеңгерұлы талдау, жинақтау әдістері жайында.

6. Тілдік талдаудың негізгі шарттары туралы мақаланы оқып шығып, сыни пікір білдіріңіз. Тілдік талдау жасауда тағы қандай мәселелерге көңіл бөлу қажет деп ойлайсыз?



7. Орта мектептің қазақ тілі оқулығындағы мәтіндердің дидактикалық маңызы жайлы мақаланың толық мәтінін оқып шығыңыз. Авторлар пікірімен келісесіз бе? Өз тұжырымдарыңызды айтыңыз.



8. М. Әуезовтің «Көксерек» әңгімесінен алынған үзінділерді мұқият оқып шығыңыз.



15-сурет. «Көксерек» фильмінен көрініс.

М. Әуезов

КӨКСЕРЕК

(үзінді)

Бір мезгілде бас жағынан сатыр-сұтыр, сырт-сырт сынған ши, тобылғы, құ шөпшектер дыбысы келді де, есін жиғанша бірдеме қасына тасырлатып келіп қалды. Атып тұрды... Баурындағы көп күшік шашылып-төгіліп, ұмар-жұмар домалап қалды. Тұрғанда "арс" етіп, азу тістері ақсиып, ырылдай түрегелді.

...Бірақ Көксерек әлі күнге ешбір уақытта "қыңқ" етіп ауырсынған дыбысын шығарған емес. Талаймын деп ит ұмтылса, жота жүні үрпиіп, үдірейіп тұрып алады. Тісі батып, қинап бара жатса, дыбыссыз ғана езуін ыржитады.

...Сол кезде ғана бұларға жеткен Көксерек келе құлақ шекеден қауып түсіп, көз ілескенше қара аланы жұлып соғып, астына жұмарлап басып алды. Қасқырдың екеуінің де жоталары дүңкиіп, жон жүндері үрпиіп алған.

Ауыздары басында қалың жүнге толып-толып шықса да, артынан ыстық қанға, жұмсақ етке, сырт-сырт сынған сүйекке де араласты. Аяқтарының астында ойылып қалған қалың қар, бұрқ-бұрқ борайды. Жылы-жұмсаққа тұмсықтары кіріп алып, екеуі де өзге дыбыс шығармай, қорқ-қорқ асайды. Суық қар араласқан жылы тамақты қомағайланып, қылқ-қылқ жұтады.

...Құлағына алыстан бір сарын естілді. Елсіз тыныш тауда таңертеңгі ауа дыбыс атаулының барлығын екілендіріп көтеріп тұрған.

Оянып, жүресінен жатып, қар қапты. Сөйткенше сатыр-сұтыр еткен ағаш даусы мен тастақ жерді тасырлатып басқан ат дүрсілі естілді. Түрегеліп, барынша керіліп алды. Екі аяқтының исі сезілді. Бүлкектеп жотаға шықты. Сол-ақ екен, арғы беттен құлап келе жатқан екі үлкен қара айғайды салып, тап берді.

...Аққасқа Қасен даусын есті сала, ойға қарай жұлқи бұрап қалғанда – көк шолақтың белі бұралаң етіп барып, дүрс етіп құлап түсті. Ауыздары бір-бірінен айрылған жоқ. Екеуінде де үн жоқ. Шайнасу үстінде желімдей қайнасып қатып қалған сияқты. Ең аяғы, болымсыз болса да, тыныс алған дыбыс та білінбейді.

9. Мәтін бойынша берілген деңгейлік тапсырмаларды орындату жолдарын ұсыныңыз. Тапсырмаларды бағалау критерийлерін құрастырыңыз.

1-деңгей тапсырмалары



1) Қарамен жазылған сөздерге назар аударып, мағыналық талдау жасаңыз. Қандай ұқсастықтар көріп тұрсыз? Өз пікіріңнің дұрыстығын сөздіктер арқылы тексеріңіз.

2) Мәтіннен қос сөздерді тауып, сөз таптарына қарай талдаңыз.

3) Мәтіндегі көсемше формаларының қызметін түсіндіріңіз.

2-деңгей тапсырмалары



1) Қазақ тілінің ұлттық корпусын қолданып, өзіңіз талдау жасаған «үн», «дыбыс», «дауыс» сөздеріне тағы бірнеше мысал іздеп табыңыз. Олардың қолданылу жолдарын түсіндіріңіз.

2) Қазақ тілінің ұлттық корпусын қолданып, өзіңіз талдау жасаған қос сөздер мен көсемше формаларына тағы бірнеше мысал іздеп табыңыз. Олардың қолданылу жолдарын түсіндіріңіз.

3-деңгей тапсырмалары



1) Көксерек әңгімесінің толық мәтінімен танысып шығыңыз. Мәтін мазмұны қандай сезімдер тудырады? Негізгі кейіпкерлердің әрекеттерінен өзіңіз үшін қандай сабақ алдыңыз?



2) Көксерек фильмін көріп шығыңыз. Фильмнің түсірілуі жайлы қосымша ақпараттар жинаңыз. Осындай фильмдер қажет деп санайсыз ба?

10. Деңгейлік тапсырмалардың құндылық бағдар қалыптастыру әлеуетін бағалаңыз. Мәтінді тілдік талдау жасаудың тағы қандай құндылық бағдарлы әдістерін ұсынасыз?

Семинар сабағына арналған талқылау сұрақтары:

1. Мәтінді құндылық ретінде оқыту дәстүрлі жұмыс түрлерінен несімен ерекшеленеді?

2. Мәтін мазмұны мен тілін қатар талдау оқушының қандай қабілеттерін дамытады?

3. Автор интенциясын анықтау мәтінді түсінуде неге маңызды?

4. «Мәтіннен мәтінге» қағидасын бір сабақ аясында қалай жүзеге асыруға болады?

5. Мәтін арқылы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды қалай меңгертуге болады?

6. Мәтіндік тапсырмалар жүйесі оқушының қатысымдық құзыреттілігін қалай қалыптастырады?

БӨЖ тақырыбы мен тапсырмасы:

Мәтін тілін мен түрін талдау әдістемесін ұсыну.

ЖИ мүмкіндіктерін пайдаланып, ұлттық рухани құндылықтар жайлы бір мәтіннің тілі мен түрін талдаудың интерактивті әдістемесін ұсыныңыз. Мәтін таңдауда дидактикалық талаптарды ескеріңіз.

Әдебиеттер тізімі:

Ақымет. Жалқылау (айырыңқы) әдіс // («Ана тілінің әдісі» атты мақаланың жалғасы). «Жаңа мектеп». 1927. №10. 45-49-б. Кітапта: XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 2013. – 583-587 б.

Қошке. Жат тіл оқыту әдісі // «Жаңа мектеп». 1927. № 3-4. Кітапта: XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 2013. – 435-440 б.

Қосымова Г. Қазақ шешендік өнерінің негіздері және тілдік танымы. – А.: Ғылым, 2005. – 296 б.

Әдіскер анықтамалығы / құраст. Б. Қапалбек, А. Кеңесова, А. Жұмағұлова. – Астана, 2016. – 195 б.

Тілдік пәндер сабақтарында мәтіндерді пайдалану бойынша әдістемелік ұсынымдар – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2024. – 160 б.

Ергубекова Ж. С., Куралбаева А. А., Сакулова А. Б. Орта мектептің қазақ тілі оқулығына ендірілген мәтіндердің дидактикалық маңызы // Scientific Journal of Pedagogy and Economics. – 2023. – Т. 406. – №. 6.

2.2 ОҚУШЫНЫҢ СӨЙЛЕСІМ ӘРЕКЕТІН ДАМЫТУДЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ӘДІСТЕРІ

Дәрістің мақсаты:

Оқушының сөйлесім әрекетін (оқылым, тыңдалым, айтылым, жазылым, тілдесім) құндылық бағдарлы әдістер арқылы кешенді дамыту жолдарын айқындап көрсету.

Қарастырылатын сұрақтар:

1. Сөйлесім әрекетінің түрлері және оның тілдік білім беру жүйесіндегі орны;
2. Сөйлесім әрекетін құндылық бағдарлы дамытудың теориялық негіздері;
3. Сөйлесім әрекетін дамытудың дидактикалық ұстанымдары;
4. Оқылым, тыңдалым, айтылым, жазылымды дамытудың құндылық бағдарлы әдістері;
5. Сөйлесім әрекетін дамыту арқылы тілдік тұлға қалыптастыру.

Қазіргі білім беру жүйесінде тілдік білім мазмұны оқушының грамматикалық сауаттылығын қалыптастырумен қатар оның тұлғалық, мәдени және рухани дамуын қамтамасыз ететін кешенді үдеріс ретінде қарастырылады. Қазақ тілі сабағында оқушының сөйлеу әрекетін дамыту – тілдік дағдылар бойынша жұмыс істеу барысында тілдік тұлғаның ұлттық мәдениетті игеру деңгейімен өлшенетін құндылық бағдарын қалыптастыруды да көздейтін күрделі педагогикалық үдеріс. Сөйлесім әрекетіне қабылдаушы дағдылар – оқылым мен тыңдалым және өндіруші дағдылар – жазылым мен айтылым жатады. Жалпы адамның тілдік қатынасында тыңдалым 42%, айтылым – 32%, оқылым – 15% және жазылым әрекеті 11% қызмет атқаратыны анықталған. Сондықтан осы төрт әрекетті бірлікте, кешенді түрде дамыту маңызды.

Сөйлесім әрекетін дамыту әдістемесінде құндылық бағдарды ұстану оқушының тілге деген құрметін арттырып, тіл байлығы мол, сөз мәдениетін меңгерген, сөзге шешен тұлға ретінде

қалыптасуына мүмкіндік береді. Сөйлесім әрекетін дамыту жұмыстарын аксиолингводидактика талаптарына сай, жүйелі түрде жүргізудің мақсатты нәтижесі – оқушының қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыру. Оқылым тапсырмаларын орындау арқылы оқушы мәтін мазмұнын түсініп, ондағы тың тілдік бірліктерді таниды, ал тыңдалым арқылы ақпаратты қабылдап, сөйлеушінің сөзқолданысын бағалап, жақсыдан үйренеді. Шеберлікпен ұйымдастырылған айтылым мен жазылым әдістемесі оқушының өз ойын жүйелі, сауатты жеткізу дағдысын жетілдіруіне мүмкіндік береді. Осы төрт дағдының бірлікте дамуы оқушының тілдік ортада тиімді әрекет етуін қамтамасыз етеді. Сөйлесім әрекетін дамыту арқылы оқушы тілдік бірліктерді меңгеріп қана қоймай, сол тілде жинақталған ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды игереді, нәтижесінде оның лингвомәдени құзыреттілігі мен тілдік санасы қалыптасады. Оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым әрекеттерін қалыптастырудың құндылық бағдарлы әдістемесі оқушының сыни, логикалық және шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытып, танымдық белсенділігін арттыруды көздейді.

Сөйлесім әрекетін дамыту жұмысы әдетте ең кіші қатысымдық бірлік – мәтіндер арқылы жүргізіледі. Оқушы түрлі жанр мен стильдердегі мәтіндерді оқып, тыңдап, олардың түрі мен тіліне талдау жасап, меңгергеннен кейін, ауызша немесе жазбаша түрде өз мәтіндерін құрастырады. Мәтін мазмұны арқылы оқушы халықтың тарихи тәжірибесін, дүниетанымын, салт-дәстүрін, рухани құндылықтарын таниды, ал тіліне талдау жасау арқылы қазақ тілінің қасиетін, ерекшеліктерін, байлығын таниды, түрлі өмірлік жағдаяттарда қолдану мүмкіндіктерін көреді, тілге деген құрметі артады. Осы үдерісте қазақ тілін қарым-қатынас құралы және ұлттық мәдени кодты сақтаушы, рухани құндылық ретінде таниды. Нәтижесінде оқушы тіл арқылы мәдени мұраны игеріп, оны жалғастырушы тұлға ретінде қалыптасады. «Қазақ тілі» пәнінде мәтін тілдің табиғатын, қолданыстағы ерекшелігін анықтауға мүмкіндік беретін тілдік материал ретінде ұсынылады. Сондықтан оқылым, тыңдалым мәтіндерімен жұмыс әр сабақта кешенді түрде жүргізіліп, мазмұнын, құрылымын, тілдік құралдарын тануға бағытталуы керек.

Оқылым / тыңдалым мәтініне қойылатын талаптар оқушының жас ерекшелігін ескеруді, мәтін мазмұнының түсінікті, қызықты әрі өзекті болуын, жағымсыз әсер қалдырмауын, тілі күрделі, цифрлары көп мәтіндердің алынбауын, мәтін көлемі мен сөйлем санының талапқа сай болуын және мәтін бөліктері арасында мағыналық байланыстың сақталуын қамтиды. Оқылым / тыңдалым тапсырмаларын құрастыруда мәтінде айтылмаған ақпаратты енгізбеу, есте сақтауға қиын сандар мен терминдерге қатысты сұрақтар қоймау, жауап нұсқаларының түсінікті әрі күрделілігі жағынан шамалас болуы, дұрыс жауаптың ерекшеленбеуі, сұрақтардың мәтіннен сөзбе-сөз алынбауы және олардың нақты, қысқа берілуі деген талаптарға ескерілуі тиіс.

Мәтін – тілдік бірліктердің қызметін толық ашатын негізгі орта, сондықтан оқылым, тыңдалым, жазылым және айтылым дағдылары мәтін арқылы кешенді түрде қалыптастырылады. Оқушының сөйлесім әрекетін дамыту тілді дәстүрлі оқытудағы қатысымдық, жұмсалымдық, мәнмәтіндік, танымдық, практикалық бағыттылық сынды дидактикалық ұстанымдарға қосымша аксиолингвистикалық ұстаным негізінде жүзеге асырылады. Қатысымдық ұстаным сөйлеу әрекетін қарым-қатынас құралы ретінде меңгертуді көздейді. Оқушы тілдік бірліктерді теориялық тұрғыдан және нақты жағдаятта қолдану жолдарын меңгереді. Жұмсалымдық ұстаным тілдік бірліктерді сөйлеудегі қызметімен байланыстыра оқытуды талап етеді. Жүйелілік ұстанымы тілдің жүйелік ерекшеліктері жайлы білімді сөйлесім әрекетін дамытумен байланыста ұсынуды, мәнмәтіндік ұстаным сөйлесім әрекетін мәтін негізінде дамытуды көздейді. Танымдық (когнитивтік) ұстаным тілдің ойлау құралы ретіндегі қызметіне сүйеніп, оқушының логикалық, сыни және шығармашылық ойлауын дамытуды көздейді. Сонымен қатар практикалық бағыттылық ұстанымы сөйлеу әрекетін жаттығу, тәжірибе арқылы меңгертуге негізделеді, өйткені тіл негізінен әрекет барысында игеріледі. Аксиолингвистикалық ұстаным білім мазмұнын рухани бағытта құру арқылы тілдің жүйелік табиғатын тілдік сана деңгейінде түсінуге бағытталады.

Сөйлесім әрекетін дамытуда қолданылатын әдістер де кешенді сипатқа ие. Оқылымды дамытуда мәтін тілімен жұмыс,

мағыналық талдау, сұрақ-жауап, болжау әдістері тиімді болса, тыңдалымды дамытуда сөйлеушінің тіліне назар аудара отырып тыңдау, қажетті жерлерін түртіп алып отыру стратегияларын қолдану, бейнемәтінді кез келген жерінен тоқтатып қойып, ойды жалғастыру, мазмұндау әдістері қолданылады. Жазылымды дамытуда жоспар құру, мазмұндама, эссе, диктант жазу, қатемен жұмыс сынды әдістер оқушының ойын сауатты жеткізу қабілетін арттырады. Айтылымды дамытуда диалог, монолог, полилог түрінде ұйымдастырылатын дебат, пікірталас, рөлдік ойындар оқушының сын тұрғысынан ойлау, шаршы топ алдында еркін сөйлеу дағдысын қалыптастырады. Сонымен қатар жобалық, проблемалық, интерактивті әдістер төрт дағдыны бірлікте дамытуға мүмкіндік береді.

Сөйлесім әрекетін дамыту тапсырмаларын орындауға ынталандыру үшін оқушы орындайтын әрбір жұмыс – сөз өнерін меңгерудің шағын қадамдары екенін түсіндіріп отыру маңызды. Ал кез келген жаңадан меңгерілген өнер адамның өз өмірін жақсарта түсуіне мүмкіндік беретіні белгілі. Тіл байлығы мол, өз ойын ауызша және жазбаша түрде сауатты жеткізе алатын адам өнер атаулының ішіндегі ең биігі – сөз өнерін меңгерген деп саналады, ондай адам кез келген ортада абыройлы болады, сондықтан бұл дағдыларды дамыту оқушыға өз өмірін жақсарта түсуге жол ашады. Айтылым мен жазылымда қазақ тілінің мол байлығын, мақал-мәтелдер мен фразеологизмдерді орнымен қолдана алған оқушы тілдің бейнелілік, экспрессивтік, эстетикалық мүмкіндіктерін жақсы меңгереді, тілдік талғамы қалыптасып, сөзді орнымен, әсерлі қолдану жолдарын үйренеді. Оқылым мен тыңдалым жұмыстарын ұйымдастыруда мұғалім оқушыға осындай құндылық бағдар көрсетіп отырса, нәтижесінде оқушы да соған сәйкес мінез-құлқы мен әрекеттерін реттей бастайды.

ПРАКТИКАЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАР:

1. А. Құнанбайұлының «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінен алынған үзіндіні оқып, оқушының сөйлесім әрекетін дамыту тақырыбымен байланысына қатысты тұжырымдарыңызды айтыңыз.

Осы жалған дүниеден
Шешен де өткен не бұлбұл,
Көсем де өткен не дүлдүл.
Сөз мәнісін білсеңіз,
Ақыл – мизан, өлшеу қыл.

Егер қисық көрінсе,
Мейлің таста, мейлің күл.
Егер түзу көрінсе,
Ойлап-ойлап, құлаққа іл.

Білімдіден шыққан сөз
Талаптыға болсын кез.
Нұрын, сырын көруге
Көкрегінде болсын көз.

Жүрегі – айна, көңілі – ояу,
Сөз тыңдамас ол баяу.
Өз өнері тұр таяу,
Ұқпасын ба сөзді тез?

Абай.

2. Абай шығармалары тіліне талдау жасап, тіл және сөз ұғымдарының сипатын, сөз өнеріне, сөйлеуші және тыңдаушыға қойылатын талаптарды анықтаңыз.

3. А. Байтұрсынұлының «Ана тілінің әдісі» атты мақаласының толық мәтінімен танысып шығыңыз. Ғалым қолданған әдістемелік терминдерді қазіргі қолданыстағы баламаларымен салыстырып, өз тұжырымыңызды айтыңыз.

Тіл – тіршілік құралы. Тіл үйрету (оқу, жазу, сөйлеу үйрету мағанада) сол тіршілік құралын жұмсауды үйрету. Олай болса, тіл үйрету өнері тұрмыс өнері болмақ.

А. Байтұрсынұлы Ана тілінің әдісі // 1927. №9 (24).

4. А. Байтұрсынұлының «Қай әдіс жақсы» атты мақаласын толық оқып шығып, оқушының оқылым және жазылым дағдысын дамытудың маңызы жайлы өз тұжырымыңызды айтыңыз. Оқушының оқылым мен жазылым әрекеттері Блум таксономиясының қай деңгейлеріне сәйкес келеді? Бұл әрекеттерді дамытуда ең бастысы неге назар аудару қажет деп санайсыз?

Оқи біліп, жаза білмейтін адам бола ма? – Болады. Ескіше үйренгендердің көбі-ақ оқи біліп, жаза білмейтін. Ондай адамдарды толық сауатты деуге бола ма? – Болмайды. Ондайлар шала сауатты адамдар.

Жаза біліп, оқи білмейтін адам бола ма? – Жоқ. Жаза білетіндер оқи да біледі. Олай болса сауаттылық негізі оқу бола ма, жазу бола ма? – Әрине, жазу болады.

Сауаттылық негізі жазу екендігін сауаттылықтың шыққан жолы да көрсетеді. Сауаттылықты оқу мұқтаждығы тудырмаған, жазу мұқтажы тудырған.

Сауаттылық асылы оқу болмай, жазу болса, сауаттау әдісінің де асылы оқудікі болмай, жазудікі болу керек.

Ол не деген сөз болады? Ол – сауаттау әдістерін сынағанда, оларға оқу үйрететін әдіс деп қарамай, жазу үйрететін әдіс деп қарау керек деген болады, жаза білдіруге қолайлы әдіс – оқи білдіруге де қолайлы болады, өйткені негізгі нәрсе – жазу. Оқу – жаза білумен бірге қосыла біліп кететін қосалқы күйдегі нәрсе.

Байтұрсынұлы А. «Қай әдіс жақсы». Кітапта: Тіл – құрал.

5. Мақала мәтініндегі оқушы үшін мағынасы түсініксіз лексикалық бірліктермен жұмыс істеудің тәсілдерін ұсыныңыз.

6. Екі топқа бірігіп, Т. Шонанұлының «Зерттеу әдісі» атты мақаласын оқып шығып, мазмұнына қарай баяншы, тарихшы, тілші, зерттеуші, суретші, жазушы, әдіскер, саясаткер, мұғалім, проблемалық сұрақ қоюшы, сілтеме табушы, өмірмен байланыстырушы және т.б. рөлдер тұрғысынан жан-жақты талдау жұмысын ұйымдастырыңыздар.

7. Қ. Жұбановтың сөйлесім актілерінің стратегиялары жайлы пікірімен танысыңыз. Оқушы үшін осы ақпарат несімен құнды болады деп ойлайсыз?



«Көздеген мақсатымызға қарай оқиғаның өзімізге тигізген әсерін білдіре де, білдірмей де сөйлейміз; сұрай, өтіне, бұйыра, тыңдаушыға белгілі бір талап қоя сөйлейтін кездеріміз де болады. Қысқасы, біз өзіміздің хабарымызға өң бере сөйлейміз. Тыңдаушыға айтар хабарымызбен бірге көңіліміздің мейірін қоса білдіреміз. Хабар - қуанта, таңдандыра, күлдіре, ызаландыра, өтіне, кекесіндей, сұрай, бұйыра, қандай әсері барын ашпай да айтылады».

Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер.- Алматы, 1966.

8. 4-кестеде берілген мысалдардың үлгісімен сөйлесім актілерінің түрлі стратегияларына қатысты мысалдар келтіріңіз. Осы жұмысты қандай әдістер арқылы ұйымдастыруға болады деп ойлайсыз?

A1	A2	B1	B2	C1	C2
Есікті жап!	*Есікті жапшы!* *Есікті жабасың ба?*	*Есікті жаба салшы!* *Есікті жауып жіберші!*	*Есікті жауып жібере аласың ба?*	*Есікті жауып жіберсең жақсы болушы еді!*	*Егер саған қиын болмаса, есікті ақырын ғана жаба қойшы!*

4-кесте. Сөйлесім актісінің деңгейлерге сай жүзеге асуы.

9. Орта мектепте оқылым дағдыларын қалыптастыру мәселесі жайындағы мақаланы оқып шығыңыз. Авторлар тұжырымына не алып-қосар едіңіз? Оқылым дағдысын қалыптастырудағы қиындықтар және оларды еңсеру жолдары туралы ой бөлісіңіз.



10. Қазақ тілі сабағында тыңдалым әрекеті тапсырмаларын ұйымдастыру жолдары жайлы ғылыми-әдістемелік мақаланы оқып шығыңыз. Автор тұжырымына не алып-қосар едіңіз? Тыңдалым дағдысын қалыптастыруда тағы қандай әдіс-тәсілдерді қолдануға болатыны туралы ой бөлісіңіз.



11. Қазақ тілі сабағында оқушының жазылым дағдысын дамыту жолдары жайындағы мақаланы оқып шығыңыз. Авторлар тұжырымына не алып-қосар едіңіз? Жазылым дағдысын қалыптастырудағы басты қателіктер және оларды болдырмау жолдары туралы ой бөлісіңіз.



12. Оқушылардың айтылым мәдениетін қалыптастырудың лингвистикалық аспектілері жайлы мақаланы оқып шығыңыз. Авторлар тұжырымына не алып-қосар едіңіз? Айтылым дағдысын қалыптастырудағы басты қиындықтар және оларды түзету жолдары туралы ой бөлісіңіз.



13. Сөйлесім әрекетінің түрлерін дамыту кезінде туындауы мүмкін психологиялық және лингвистикалық қиындықтарды атап, оларды еңсеру үшін қандай жұмыстар атқару керектігін айтыңыз.

14. Қазақ тілі пәнінің қолданыстағы үлгілік оқу бағдарламасында берілген оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым дағдыларына қатысты оқу мақсаттарының жүйесіне талдау жасаңыз.

Семинар сабағына арналған талқылау сұрақтары:

1. Сөйлесім әрекетінің төрт түрін (оқылым, тыңдалым, айтылым, жазылым) бірлікте дамыту неге маңызды?
2. Құндылық бағдарлы оқыту сөйлесім әрекетін дамытуға қалай әсер етеді?
3. Айтылым мен жазылым дағдыларын дамытуға арналған қандай тиімді әдістерді білесіз?

БӨЖ тақырыбы мен тапсырмасы:

Мәтін негізінде сөйлесім дағдыларын дамыту әдістемесін ұсыну.

ЖИ мүмкіндіктерін пайдаланып, ұлттық рухани құндылықтар жайлы бір мәтіннің негізінде сөйлесім дағдыларын дамытудың интерактивті әдістемесін ұсыныңыз. Мәтін таңдауда дидактикалық талаптарды ескеріңіз.

Әдебиеттер тізімі:

Байтұрсынұлы А. Ана тілінің әдісі 1927. №9 (24); Жалқылаулы-жалпылау әдісі // («Ана тілінің әдісі» атты мақаланың жалғасы). «Жаңа мектеп». 1928. №1. Кітапта: XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Құрастырған О.Жұбаева. – Алматы, «Қазығұрт» баспасы», 2013. – 664 бет.

Шонанұлы Т. Зерттеу әдісі. Кітапта: XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Құрастырған О.Жұбаева. – Алматы, «Қазығұрт» баспасы», 2013. – 664 бет.

Шонанов Т. Жаңа әліппемен сауаттандыру жайында // «Жаңа мектеп». –1929. №1. Кітапта: XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Құрастырған О. Жұбаева. – Алматы, «Қазығұрт» баспасы», 2013. – 664 бет.

Әміржан С. Оқу, жазу үйрену тарулы психологие не айтады? // «Жаңа мектеп». - №7. Кітапта: XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Құрастырған О.Жұбаева. – Алматы, «Қазығұрт» баспасы», 2013. – 664 бет.

Аймауытұлы Ж. Ана тілінің оқыту әдісі // «Жаңа мектеп». 1929.- №1. 11-36-б. Аймауытұлы. Ана тілінің оқыту әдісі // «Жаңа мектеп». -1929.- №2.-7-31-б. Кітапта: XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Құрастырған О.Жұбаева. – Алматы, «Қазығұрт» баспасы», 2013. – 664 бет.

Аймауытұлы Ж. Психология / Араб жазуынан көшірген Ақажанова А./. – Алматы: Рауан, 1995. – 312 б.

Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер.- Алматы: «Ғылым», 1966. – 362 б.

Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: Оқу құралы. – Қарағанды, 2014. – 184б.

Бейсенбекова Г.Т. Қазақ тілін басқа ұлт өкілдеріне оқылым әрекеті арқылы үйрету әдістемесі: пед. ғыл. канд. ...дисс. – Алматы, 2001.

Абдразахова Ф.Ж. Қазақ тілін шетелдік студенттерге жазылым әрекеті арқылы үйрету әдістемесі (ЖОО филология факультетіне арналған): п.ғ.к. ...дисс. – Алматы, 2003. – 173 б.

Мұратбекова А.М. Қазақ тілінің кәсіби лексикасын жазылым әрекеті арқылы оқыту әдістемесі (тарих мамандығы үлгісінде): п.ғ.к. ...автореф. – Алматы, 2003. – 28 б.

Әлметова Ә.С. «Қазақ тілі сабағында студенттердің сұхбаттық тілдесім мәдениетін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері. – П.ғ.д. автореф. – Алматы, 2007. – 48 б.

Сайленова А. Орта мектепте оқылым дағдыларын қалыптастыру мәселесі // Шәкәрім университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – 2025. – Т. 4. – №. 4. – 195-205 б.

Абдулла С. Қазақ тілі сабақтарында тыңдалым әрекеті тапсырмаларын ұйымдастыру жолдары // Педагогика и Методы Обучения. – 2024. – №. 1 (66) 2024. – С. 16-23.

Клычниязова Г., Сырлыбаева Г. Оқушылардың айтылым мәдениетін қалыптастырудың лингвистикалық аспектілері // Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. – 2024. – №. 1. – 248-262 б.

Кенжебаева Г., Балтабаева Ж. «Қазақ тілі» пәнінен жазылым дағдысын дамыту жолдары // Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының «Білім-Образование» ғылыми-әдістемелік журналы. – 2023. – Т. 106. – №. 3. – С. 88-96.

2.3 ҚАЗАҚ ТІЛІН ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУДА АҚПАРАТТЫҚ БІЛІМ КӨЗДЕРІН ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕМЕСІ

Дәрістің мақсаты:

Қазақ тілін құндылық бағдарлы оқытуда ақпараттық (цифрлық) білім көздерін тиімді қолдану арқылы оқушының тілдік, когнитивтік және қатысымдық құзыреттілігін дамыту жолдарын негіздеу.

Қарастырылатын сұрақтар:

1. Ақпараттық білім көздерінің қазақ тілін құндылық бағдарлы оқытудағы орны мен мәні;
2. Лингвистикалық корпустарды қолданудың әдістемелік мүмкіндіктері;
3. Корпус негізіндегі тапсырмалар арқылы тілдік дағдыларды дамыту;
4. Жасанды интеллект құралдарын қолданудың артықшылықтары мен шектеулері;
5. Ақпараттық ресурстарды құндылық бағдарлы оқытуда кешенді пайдалану.

Цифрлық жүйені дамытуда кезек күттірмейтін саланың бірі – педагогикалық білім беру саласы. Білім беру ұйымдарының педагогтерінің әдістемелік мүмкіндіктерін кеңейту үшін оқу үдерісінде сандық технологиялар мен мазмұнды қолдану, кәсіби қызмет шеңберіндегі цифрлық технологияларды меңгеру маңызды. Қазіргі әлемдік тіл оқыту тәжірибесінде цифрлық инновациялық технологияларды енгізу қарқындап дамып келеді. Цифрлық-ақпараттық қоғамда ақпараттық кеңістікте бар мәтіндерді жүйелеп, оларды түрлі мақсаттарда қолдануға ыңғайлы тілдік корпустар әзірленуде. Бір немесе бірнеше тілдегі метадеректер мен лингвистикалық аннотациялардан тұратын жазбаша немесе ауызша ақпараттар жиынтығы түріндегі корпустар тілді тұтынушылар мен зерттеушілердің, мұғалімдер

мен үйренушілердің мүмкіндігі зор құралына айналды. Мәтіндік деректер базасы білім алушыларға әртүрлі стильдердегі мәтіндерден алып шыққан күнделікті қарым-қатынасқа тән сөйлеу үлгілері мен сұрақ-жауап құрылымдарын ұсынып, тілдің түрлі жағдаяттардағы табиғатын барынша тануға, ерекшеліктерін саналы түрде түсінуге мүмкіндік береді. Әлемде жинақталған осындай корпустарды тілді оқыту мақсатында қолдану тәжірибесін зерттеген ғалымдар бірауыздан оның талдау дағдысы жоғары адамдар үшін тиімділігін қуаттайды.

Қазіргі күнде тілді оқытуда лингвистикалық деректерге жылдам қол жеткізу, қолдану ыңғайлылығы тұрғысынан GenAI құралдарына басымдық берілуде. Алайда алынатын тілдік деректердің түпнұсқалығы пен сенімділігі тұрғысынан келгенде корпустар негізінде оқыту әлдеқайда артық екені дәлелденіп отыр. Сонымен қатар тіл оқытуда дәстүрлі түрде қолданылып келген онлайн сөздіктерден де корпус арқылы алынған анықтамалар мен түсіндірмелер де әлдеқайда толыққанды, сауатты әрі сапалы болатынын тәжірибелер көрсетуде. Қазіргі күнде корпусты тіл оқытуда қолданудың негізгі төрт бағыты дамып келеді. Олар: 1) корпус материалы негізінде тапсырмалар мен жаттығулар құрастыру; 2) оқушылардың өзіндік зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру; 3) оқылым, тыңдалым материалдарын іздеу; 4) оқулықтар мен сөздіктерге сараптама жасау. Тілді корпусқа негіздеп оқыту оқушының сөздік қорын дамытуға, жаңа коллокацияларды түсіну және қолдану дағдысын жетілдіруге, семантикалық қателерді анықтау дәлдігі мен грамматикалық қатені түзету тиімділігін жақсартуға, сауатты дыбысталған аудиомәтіндерді тыңдау арқылы орфоэпиялық заңдылықтарды меңгеруге мүмкіндік береді.

Корпустардың дидактикалық әлеуетін қазақ тілін оқытуда қолдану мәселесі соңғы жылдарда ғана көтеріле бастады. Бұл бағытта қазақ тіл біліміндегі корпустық лингвистиканың негізін қалаған ғалым А. Құдайбергенов оқыту корпустарын құрастыру, оларға қойылатын талаптар, олардың жаттықтыру, бақылау және бағалау қызметтері жайлы еңбектер жазды.

Қазіргі күнде қазақ тілін оқытуда қолдануға болатын бірнеше қолжетімді корпустар бар. «Қазақ тілінің ұлттық корпусының»

(qazcorpus.kz) «Learner’s Corpus» ағылшынтілді шетелдіктерге қазақ тілін үйретуге арналған интерактивті ішкорпусы платформасында әзірге А1, А2 деңгейлеріне арналған мәтіндер, деңгейлік бейнеконтенттер орналастырылған. «Оқу ішкорпусы» тіл үйренушілерге арналған электронды мәтіндер ресурсын қамтиды. Сол сияқты «Тіл-Қазына» – Қазақ тілі ұлттық корпусының (new.qazcorpora.kz) бес кіші корпусының ішінде «Оқу кіші корпусы» мектеп оқулықтарына енгізуге болатын материалдарды қамтыған. Корпуста деңгейлік мәтіндер құру жолдарын жақсарту мақсатында ұсынылған 7613 құжат қамтылған. Алматы қазақ тілі корпусы (АҚТК) 40 миллионнан астам сөзқолданысын қамтиды. Корпустағы сөзформалардың 86 пайызы грамматикалық талдауларымен берілген. Сипаттамасында қазақ тілін өздігінен үйренуге мүмкіндік беретіні айтылғанымен, қолданылуы күрделі, негізінен тіл зерттеушілері үшін ыңғайлы корпус. Сондықтан тілді ана тілі, екінші тіл немесе шет тілі ретінде оқытудың маңызды құралы болып отырған ұлттық корпустарды барынша дамыту қажет.

Ұлттық корпусты пайдаланып мұғалім түрлі тапсырмалар ұйымдастыруына болады. Мысалы:

– Белгілі бір сөздің корпус ішіндегі қолданысын табу;

– Омонимдес тілдік бірліктердің әр мәнмәтіндегі мағынасын анықтау;

–Мақал-мәтелдер мен тұрақты сөз тіркестерінің мағынасын анықтау;

– Сөздің жиілік деңгейін анықтау (қай сөз жиі қолданылады).

– Сөздердің грамматикалық формаларын анықтап, түсіндіру;

– Жаңа коллокацияларды түсіну және қолдану;

– Бір сөздің әртүрлі тұлғаларын тауып, мәтіндегі қызметін талдау;

– Қосымшалардың қолданылу ерекшелігін анықтау;

– Сөйлем мүшелерінің орналасу тәртібін зерттеу.

– Әртүрлі стильдегі мәтіндерді салыстыру (ресми, көркем, публицистикалық);

– Сөздердің стильдік реңкін анықтау;

– Экспрессивтік құралдарды табу;

– Бір сөздің әр стильдегі қолданысын салыстыру.

– Диалог тыңдау және соған ұқсас диалогтар құрастыру;
– Түбір сөзден жасалған туынды сөздерді табу;
– Сөзжасам тәсілдерін анықтау (жұрнақ, біріктіру, т.б.);
– Сөзжасамдық ұя құрастыру.
– Табылған тілдік материал негізінде сөйлем немесе мәтін құрастыру;
– Диалог немесе пікірталас ұйымдастыру;
– Белгілі бір жағдаятқа сай тілдік құралдарды таңдау.
– Белгілі бір тілдік құбылысты зерттеу (мысалы, жаңа сөздер);
– Сөздердің уақыт бойынша өзгерісін талдау;
– Белгілі бір тақырыпқа қатысты сөздердің жиілігін анықтау;
– Сөздердің дұрыс жазылуын салыстыру;
– Қате және дұрыс нұсқаларды анықтау;
– Дыбыстық өзгерістерді байқау.
– Орфографиялық және пунктуациялық нормаларды корпус арқылы тексеру сынды тапсырмалар оқушы үшін мини-зерттеу жұмысын орындау арқылы тіл табиғатын тануға мүмкіндік береді. Осындай тапсырмаларды орындау оқушыларды дайын ережені жаттаудан гөрі, тілді табиғи ортада тануға, талдау жүргізіп, қорытынды жасауға үйретеді. Корпус нақты тілдік материалға негізделгендіктен, оқушылар тілдің шынайы қолданысын көреді, талдайды және қолдана алады. Бұл тәсіл оқушының сыни ойлау қабілетін дамытып, тілдік деректермен жұмыс істеу дағдысын қалыптастырып қана қоймайды, сонымен қатар тілдің табиғи қолданыстағы байлығы мен шұрайлылығын өз көздерімен көре отырып, осынша мол қазынаны игеруге, сол арқылы тіл байлығын дамытып, сөз өнерін меңгеруге деген құлшыныстарын оятады.

Адам баласы жасанды интеллект құралдарын жасап шығарған кезден бастап оны білім беру жүйесінде қолдану мәселесі де өзекті бола бастады. Генеративті жасанды интеллект жүйелері ақпаратты аз уақыттың ішінде жылдам табуға, түрлі мәтіндер құрастыруға, тілдік қателерді тауып беруге және бірнеше рет кері байланыс алу арқылы жасалған өнімді жетілдіруге мүмкіндік береді. ЖИ құралдары оқушылардың оқу-танымдық уәждемесін арттырып, тапсырманы орындауға деген қызығушылығын күшейтеді. Сонымен қатар ол оқу үдерісін белсендіруге, оқушылардың мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне қарай

тапсырмаларды түрлендіріп ұсынуға жағдай жасайды. Дегенмен жасанды интеллектінің мүмкіндіктерімен қатар белгілі дәрежеде қауіп-қатерлері де бар. ЖИ интернеттегі ақпаратты көбінесе жалпылама түрде ұсынады, соған байланысты ол деректер әрдайым дұрыс және сенімді бола бермеуі мүмкін. Көп жағдайда ЖИ нақты бір ғылыми тұжырымдарға сүйенбей, жалпылама жауап тауып береді, берген сөйлемдері қазақ тілінің тілдік нормаларына сәйкес келмей жатады, сондықтан ЖИ арқылы алынған жауаптарды сол қалпында қолдана салмай, сыни тұрғыдан қарап, грамматикалық қателерін түзетіп, өңдеп қолдана білу қажет болады. Дайын жауапқа сүйену оқушының өздігінен ойлау қабілетін төмендетеді, сондықтан ЖИ-ді көмекші құрал ретінде ғана қарастырып, оны тиімді пайдалану үшін дұрыс сұрақ қоя білу, алынған ақпаратты салыстыру және бірнеше көзқарас тұрғысынан талдау қажет. Демек ЖИ-ге сауатты сұрақ қоя білу үшін де оқушы қазақ тілінде ойын жүйелі жеткізіп, сауатты жазуды үйренуі қажет. Себебі сәл қате берілген промт ЖИ жауабын мүлде басқа бағытқа бұрып жіберуі мүмкін. Оқушы ЖИ ұсынған мәтінді сол қалпында көшіріп алып келуге болмайтынын, ондай жұмысты мұғалім бірден танитынын және мүлде қабылдамайтынын білуі тиіс. Сондықтан ЖИ қолдану тапсырмаларын алғашқы кезеңде мұғалімнің басшылығымен интерактивті тақтада орындап, қателерді талдап, дұрыс нұсқаларды анықтау жұмыстарын сыныпта топпен бірге жүргізу маңызды. Сол кезде оқушылар ЖИ құралдарын сауатты қолданудың маңызын түсінетін болады.

Қазақ тілін құндылық ретінде оқытуда ЖИ арқылы дидактикалық материалдар жасау өте тиімді. Мәтін мазмұны бойынша түрлі бейне материалдар дайындау жұмыстарын ептілікпен меңгерген мұғалімнің сабағы қызықты болып өтеді. Сонымен бірге оқушыларға да үй тапсырмасы ретінде мәтін мазмұны бойынша кесте, сызба, сурет, комикс, бейнематериал құрастыру тапсырмаларын беруге болады. Осындай шығармашылық тапсырмалар оқушыны жан-жақты дамытуға ықпал етеді.

Қазақ тілін құндылық бағдарлы оқытуда ақпараттық білім көздерін тиімді қолданудың ең ұтымды жолы – корпустық

ресурстар мен жасанды интеллект мүмкіндіктерін үйлестіре пайдалану. Корпустар ғылыми тұрғыдан сенімді, нақты деректер ұсынады, ал жасанды интеллект оқу үдерісін жеделдетіп, интерактивтілігін арттырады. Сондықтан корпус негізгі дерек көзі ретінде, ал жасанды интеллект көмекші құрал ретінде қолданылған жағдайда оқыту сапасы артады.

ПРАКТИКАЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАР:

1. Белгілі бір сөздердің корпус ішіндегі әртүрлі қолданыстарын тауып, мағыналық топтарға бөлу тапсырмасын орындату қадамдарын көрсетіп беріңіз.

2. Оқу ішкорпусы материалдарының ішінен қазақ тілін құндылық бағдарлы оқытуға арналған бір мәтін іздеп табыңыз. Мәтінді қандай критерийлер бойынша іздейтініңізді, ол мәтін тілін талдау бойынша қандай тапсырмалар құрастыруға болатынын айтыңыз.

3. Қазкорпустың “Бейнеконтент” бөліміндегі материалдар негізінде тапсырма құрастырыңыз. Тапсырманың мақсатын түсіндіріңіз.

4. Қазақ тілінің ұлттық корпусы – сөйлеу мәтіндері бөлімінің деректерін пайдаланып, тапсырма құрастырыңыз. Тапсырманы орындау қадамдарын, бағалау критерийлерін айтып беріңіз.

5. Мақал-мәтелдер ішкорпусы негізінде оқушының шағын зерттеу жұмыс жүргізуіне арналған нұсқаулық құрастырыңыз.

6. Жарнама мәтіндер ішкорпусынан бір заттың жарнамасын табыңыз. Сол затты жарнамалауға ЖИ-ге де тапсырма беріңіз. Алынған екі мәтіннің тілін салыстыру жұмысын жүргізіңіз. Осындай тапсырмаларды орындаудың маңызын айтыңыз.

7. «Фразеологизм ішкорпусынан» белгілі бір тұрақты сөз тіркестерін тауып, соларды қатыстырып, еркін тақырыпқа шығарма жазыңыз;

8. ЖИ құралдарына белгілі бір тақырыпта өлең мәтінін құрастыру промтын жазыңыз. ЖИ ұсынған мәтінді өңдеу жұмыстарын жүргізіңіз. Қандай қиындықтарға кездескеніңізді, оларды шешу үшін қандай әрекеттер жасағаныңызды айтып беріңіз.

9. Қазақ тілі оқулығынан құндылық бағдарлы мәтін табыңыз. ЖИ құралдарына тура сол тақырыпта құндылық бағдарлы мәтін құрастыру тапсырмасын беріңіз. ЖИ ұсынған мәтін мен оқулық мәтіні тілін салыстыру жұмысын жүргізіңіз. Зерттеу нәтижелерін кесте түрінде рәсімдеп ұсыныңыз.

Семинар сабағына арналған талқылау сұрақтары:

1. Қазақ тілін оқытуда лингвистикалық корпустарды қолданудың тиімді және тиімсіз жақтары қандай?
2. Қазақ тілін корпустар арқылы оқыту әдістемесін жетілдіру үшін қандай кешенді шаралар атқарылуы тиіс деп ойлайсыз?
3. Жасанды интеллектіні тіл оқытуда қолданудың қандай мүмкіндіктері бар? Қауіптері бар деп ойлайсыз ба?
4. Қазақ тілін оқытуда корпустар мен жасанды интеллектіні қатар қолдану тиімді деген пікірге келісесіз бе?
5. Қазақ тілі сабағында ақпараттық білім көздерін қолдану оқушының тілге деген құндылық қатынасын қалыптастыруы мүмкін бе?

БӨЖ тақырыбы мен тапсырмасы:

Мәтін тілінде кездесетін тың сөздермен жұмыс әдістемесін ұсыну.

Әлем тілдерін оқыту тәжірибелеріне сүйеніп, мәтін тілін талдау барысында лингвистикалық корпус пен ЖИ құралдарын қолдануға арналған әдістемелік нұсқаулық құрастырыңыз.

Әдебиеттер тізімі:

Жұбанов А.Қ. Компьютерлік лингвистикаға кіріспе. – Алматы: Арыс, 2008. - 640 б.

Жұбанов А.Қ. Корпустық лингвистика. – Алматы: «Qazaq tili» баспасы, 2016. – 336 б.

Жаппар К.З., Курманбаева А.А., Томанова Н.М., Алдабергенкызы Л. Национальный корпус казахского и русского языков: педагогические аспекты применения //Eurasian Journal of Current Research in Psychology and Pedagogy. – 2025. – №. 1. – С. 45-50.

Айтқазинова А. Қазақ тілі сабағында ұлттық корпусты қолдану жолдары // Шәкәрім университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – 2025. – 4(4). – 228-237.

Қазақ тілінің ұлттық корпусы https://qazcorpus.kz/ https://api.qazcorpus.kz/learner/ «Learner's Corpus»; «Оқу ішкорпусы» https://qazcorpus.kz/_oqu-ishorpus/index1.php

«Тіл-Қазына» корпусының «Оқу кіші корпусы» https://new.qazcorpora.kz/poetic-corpus?sub_corpus_id=4

Алматы қазақ тілі корпусы (АҚТК) http://web-corpora.net/KazakhCorpus/search/index.php?interface_language=kz

III модуль

ҚАЗАҚ ТІЛІН ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

3.1 ТІЛ ЖҮЙЕСІ ЖАЙЛЫ БІЛІМДІ МЕҢГЕРТУДІҢ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЫ

Дәрістің мақсаты:

Тіл жүйесі туралы білімді құндылық ретінде таныту арқылы оқушының тілдік санасы мен лингвистикалық ойлауын дамыту жолдарын көрсету.

Қарастырылатын сұрақтар:

1. Тіл жүйесі туралы білімнің құндылық мәні;
2. Тілдік категориялардың формасы мен мазмұнының өзара байланысы;
3. Қазақ тілін Ахмет Байтұрсынұлы тұжырымдары негізінде сөздің тұлғасы мен мағынасын тану негізінде оқыту;
4. Жұмсалымды (функционалды) грамматика және мәтін тілін талдау;
5. Тіл жүйесін меңгеру арқылы оқушының тілдік санасы мен құндылық қатынасын қалыптастыру.

Қазақ тілін құндылық бағдарлы оқытуда оқушы мұғалімнің көмегімен тілдік материалды формасы мен мазмұнының бірлігі, ішкі байланыстары тұрғысынан зерттеушіге айналады. Тілдік категориялардың өзара байланысы мен атқаратын қызметінің мәнін түсінген оқушы тілдің шексіз мүмкіндіктерін шамасы келгенінше қолданып, өз өмірінің сапасын арттыра түсетін мықты құрал иесі болады. Тілде ұлттың рухани күші сақталады. Сондықтан тілді жете меңгерген оқушының тұлғалық қасиеттері ашыла түседі, тілді қарым-қатынас құралы ретінде қолданумен ғана шектелмей, ұлттың рухани, мәдени және әлеуметтік өмірінің

өзегі болып табылатын кодтық жүйесінің кілтіне ие болады. Көркем сөздің көпшілікті баурап алатын қасиетін шеберлікпен иеленген оқушы кез келген ортада айтайын деген ойын дәлме-дәл, ашық, еркін және әсерлі жеткізе алатын күшке ие болады. Оны өмірде болған небір дүлдүл шешендер мен ел бастаған көсемдердің үлгісінен көруге болады.

Тілдің табиғатын танып-білу оны қарым-қатынас құралы ретінде шеберлікпен қолданудың тәсілдерін меңгеруге көмектеседі. Дұрыс жазып, дұрыс сөйлей білу, өз ойын сауатты жеткізе білу – қоғамдағы әрбір мәдениетті адамға қойылатын базалық талаптар. Себебі сөз – адамдардың бір-бірімен түсінісетін құралы. Ал тілді сезіну мен қолдану шеберлігінің шыңына жеткен адам өз ойын еркін жеткізе алады, соның арқасында ондай адамның өмірінде кез келген салада мүмкіндіктер ашыла түседі. Өз ана тілінің ерекшеліктерін біліп, тіл жүйесіндегі ішкі логикалық байланыстарды түсінген адам әлемдегі тілдерге тән ортақ заңдылықтарды да жылдам түсіне алады, соның арқасында кез келген басқа шет тілдерді жеңіл меңгеру мүмкіндігіне ие болады. Грамматиканы сауатты меңгерген адам тілдің барлық мүмкіндіктерін пайдалана алатын деңгейге жетеді.

Қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізін қалаған ғалым Ахмет Байтұрсынұлы қазақтың ұлы ақыны Абай жайлы мақаласында: «Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек. Ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылық керек. Мағыналы, маңызды болуына білім керек», - дегенді айтады. Ғалымның осы жерде айтып отырған сөз шеберлігін дамыту үшін адам өз деңгей, дәрежесін сынарлық білім керек дегені тілді сауатты қолдану туралы тілдік білім жайында болып отыр. Ақынның сөз саптау үлгісін көріп, “ондай болмақ қайда” демей, үйренуге ұмтылып, алдына тіл байлығын дамытып, сөз өнерін меңгеру деген айқын мақсат қойған оқушы тіл байлығын дамыту арқылы сөз өнерін меңгеру жолына түседі.

Сонымен қатар ұлт ұстазы «сөздің тұлға, мағына жағын тануға керегі жоқ нәрселер тіл білімінің сабағына кірмеске тиіс» екендігін ескертеді. Демек қазақ тілі сабағы сөздің тұлғасын және

мағынасын тану жұмыстарына құрылуы тиіс. Ол жұмыстар тілдегі белгілі бір мағынаны қандай тәсілдер, формалар арқылы беруге болатынын жұмсалымды грамматика тұрғысынан түсіндіру арқылы жүргізіледі. Мысалы, тілдегі шақтық мағына қалай жасалып тұрғанын анықтау үшін мәтіндегі сол мағынаны жеткізуге қызмет етіп тұрған тілдің барлық деңгейлеріндегі формаларды тауып, түсіндіру қажет. Ол жұмыс әрбір мәтінді оқыған сайын қайталана берген сайын оқушыда мәтін тіліне назар аудара оқу, тілдік тұлғаларға мән бере оқу дағдысы қалыптасады. Сөз – тіл білімінің салалары мен деңгейлерінің барлығының нысаны, сондықтан оның мәтін ішіндегі атқарып тұрған қызметі кешенді түрде талдау арқылы анықталады. Сондықтан бір күнгі сабақта оқылатын жеке тілдік тақырыппен ғана шектелмей, әрбір сабақта тілдің барлық деңгейлеріне қатысты талдау жұмысы кешенді түрде үздіксіз жүргізіліп отыруы керек. Сол кезде оқушының сөз формасын, мағынасын және ауызша, жазбаша сөйлеудегі қолданысын сараптау, бағалау, түсіндіру дағдысы қалыптасады. Сол арқылы тіл заңдылықтарын түсініп, қазақ тілінің лингвистикалық жүйесі туралы көзқарасы қалыптасады, сөзді құндылық ретінде қабылдап, тілдік санасы кеңейе түседі.

Оқушының тіл байлығын дамыту үшін әрбір тілдік бірліктің тұлғалық, мағыналық жағына мән бере оқу дағдысын қалыптастыру керек. Ең бастысы бұл үдеріс А. Байтұрсынұлы айтқандай «тіл білімі ереже жаттату түрде үйретілмей, сөздің тұлға, мағына, қисын жағын тану түрде үйрету» арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Әр сабақта оқушы үшін мағынасы, құрылымы тың, жаңа сөздерді түсіндіру, белсендіру жұмыстары тілді зерттеу, терең сырларына бойлау мақсатында, түрлі қызықтыратын әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы жүргізіліп отыруы керек. Сонда оқушы өзі үшін белгісіз болып тұрған сөз тұлғасы мен мағынасын анықтап, түсініп, есте сақтау бағытындағы жұмыстарды мақсатты түрде орындау дағдысы қалыптасады, нәтижесінде теорияны жаттап айтып, кейін ұмытып қалу емес, түрлі тілдік жағдаяттарда қолдана алу шеберлігі дамиды.

Тіл жүйесі жайлы білімді меңгеру ұлттың рухани-мәдени болмысын танып-білумен астасқан кешенді үдеріс түрінде жүреді. Тілдің ұлттық код пен т

арихи жадты сақтау қызметі негізінде оқушы грамматикалық құрылымдар мен лексикалық қорды меңгеру арқылы халықтың дүниетанымын, салт-дәстүрін, құндылықтар жүйесін де қатар меңгереді. Оқушылардың қазақ тілі пәнінен берілетін түрлі ұғым, түсініктерді байқап, сезініп, түсініп, қабылдауы жан қуатының күрделі қызметін талап етеді. Тілдік ұғым, түсініктерді сезім деңгейінде қабылдап, санада бекіткен кезде ол оқушының кез келген жағдаяттағы қарым-қатынаста еркін қолдана алатын құнды құралына айналады. Қазақ тілін құндылық бағдарлы оқытудың негізгі ұстанымдарының бірі – ғылыми таным әдістеріне ерекше мән беру. Бұл әдістердің басты ерекшелігі – проблемалық оқытуға негізделуі, яғни білімді дайын күйінде қабылдаудан гөрі, оны зерттеу, талдау, салыстыру, қорытындылау, жіктеу және проблемалық жағдайларды шешу арқылы меңгеру. Бұл оқушының ақыл-ой еңбегін өздігінен ұйымдастыруы және ойлау жүйесін тәртіпке келтіру арқылы шағын зерттеу жүргізуіне, яғни жаңа білімді өз еңбегімен, өз еңбегіне қарай алуына мүмкіндік береді. Ғылыми таным әдістері педагогтың кәсіби шеберлігіне байланысты, Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, «қолданылатын орнының керек қылуына қарай» жүргізіледі. Оқушылардың тілдік ұғым, түсініктер жайлы білімін жүйелеп, есте сақтауына ғана мән бермей, оларды құндылықтар сүзгісінен өткізе отырып қабылдауына тиімді әсер ететін «сиқырлы сұрақтар» әдісі сондай ғылыми танымдық әдістердің қатарына жатады. Бұл әдісті кез келген дайындық деңгейіндегі сыныпта қолдана беруге болатыны оның тиімділігін көрсетеді. Жұмыс жеке түрде де, жұптық немесе топтық түрде де жүргізіле береді.

Көптеген тілдік бірліктерді оқыту кезінде оқушылар көбінесе ережені сөзбе-сөз жаттаумен, оқулықтағы ережеде берілген екі-үш мысалды қайталап айтып берумен шектеледі. Сол жаңа тақырыпты бекітуге арналған жаттығулар орындау кезінде жаңа ғана оқыған ережені пайдалана алмай жатады. Яғни түсінбей, сезінбей жаттайды. Ал ондай деңгейде қабылданған ақпаратты оқушы өмірде қолданбайды, ұмытып қалады. Осы мәселені «НЕ?», «ҚАЛАЙ?», «НЕ ҮШІН?» деген үш сұрақты орнымен қою арқылы шешуге болады. Мысалы, «Үстеу дегеніміз НЕ?», «Оны

басқа сөз таптарынан ҚАЛАЙ ажыратамыз?», «Сөйлеуде үстеуді НЕ ҮШІН қолданамыз?»

Көріп отырғанымыздай, «НЕ?» деген сұрақ (М.: «Қаратпа сөз дегеніміз НЕ?») оқушының репродуктивті білім деңгейін көрсетеді, себебі оқулықта берілген теориялық мәліметті ғана қайталап беруді талап етеді. Блум таксономиясы бойынша бұл ең төменгі «білу» деңгейінің сұрағы деп айтамыз.

«ҚАЛАЙ?» деген сұрақ (М.: қаратпа сөз ауызша және жазбаша сөйлеуде ҚАЛАЙ көрініс табады?) жаңа материалды меңгерудің келесі түсіну, қолдану деңгейлерін көрсетеді.

«НЕ ҮШІН?» сұрағы (М.: қаратпа сөзді сөйлеуде не үшін қолданамыз?) оқылып отырған тілдік бірліктің адам өміріндегі құндылық мәнін тануға көмектеседі. Осы сұрақтың көмегімен мұғалім оқушыларды сыпайы сөйлеудің маңызын түсінуге жетелейді, өзара сөйлескен кезде дөрекілікке жол бермей, қаратпа сөздерді орнымен қолданып, басқаларға деген сый-құрметін білдірудің тиімді құралы ретінде қабылдауларына ықпал етеді.

Бұл сұрақтарды қолданудың маңыздылығы – әр сұрақ бірінен кейін бірі күрделене түсіп отыратындықтан, сәйкесінше таным әрекетінің түрлі деңгейлерін талап етеді. Жиі қолданудың нәтижесінде оқушылар да қай сұраққа жауап беру арқылы қандай баға алатындарын нақты біліп отырады, «НЕ?» сұрағы «орташа», «ҚАЛАЙ?» сұрағы «жақсы» және «НЕ ҮШІН?» сұрағы «өте жақсы» білім деңгейіне лайықталып қойылатынын анық біледі. Сондықтан бұл сұрақтар оқушының А. Байтұрсынұлы айтқандай, «мәніс» білімді іздеуге ұмтылысын оятып, оқу-танымдық уәждемелерін арттыруға ықпал етеді. «Қалай?» сұрағы функционалдық сауаттылықты арттыруға ықпал етсе, «не үшін?» сұрағы құндылық бағдар қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Осындай бағалау өлшемшарттары айқын болған кезде оқушылар ережені жаттап, базалық білімді меңгеру дегеніміз – ең төменгі, ең оңай жұмыс екенін, баға алудың ең жеңіл шарттарының бірі екенін түсінеді де саналы түрде келесі деңгейдегі тапсырмаларды орындауға ұмтылатын болады.

ПРАКТИКАЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАР:

1. Кәкен Ахановтың тілдің жүйесі жайлы пікірін оқып шығып, өз тұжырымыңызды айтыңыз.



Жүйесіз нәрсені жадыңда сақтау қиын. Егер тілде жүйе болмаса, егер ол бір-бірімен байланыссыз, ретке (тәртіпке) келтірілмеген, ұйымдаспаған, бөлшектері бүтінге бірікпеген, бытыраңқы элементтер күйінде болса, онда тіл адамның жадында да (санасында) сақталмаған болар еді, қатынас құралы, пікір алысудың құралы болып қызмет етуге жарамас еді. Тілде жүйелік қасиет бар. Сондықтан да оның жүйесі сол тілде сөйлейтін адамның жадында (санасында) жатталып, сақталып қалады. Тілдің жүйелік қасиеті оны (тілді) меңгере білуге және қатынас құралы, пікір алысудың құралы ретінде пайдалануға мүмкіндік береді. Тілде жүйелік қасиет болғандықтан да, біз басқа бір шет тілді оқып, үйрене аламыз. Шет тілді оқып, үйрену және оны меңгеру, сайып келгенде, оның фонетикалық жүйесі мен лексикалық жүйесін және грамматикалық жүйесін оқып үйрену және меңгеру болып шығады.

Аханов К. Тіл білімінің негіздері. А., 2002, 83-бет.

2. Берілген үзінді А. Байтұрсынұлының қай еңбегінен алынғанын анықтап, тарауды толық оқып шығыңыз.

3. Сөз өңді, ұнамды болуы үшін оны талғаудың А. Байтұрсынұлы атап көрсеткен шарттарын сызба түрінде рәсімдеңіз.

Сөзден құрастырып қисынын келтіріп, жақсылап бір нәрсе шығару үшін сөз өнерінің ғылымын жақсы білу керек. Дыбыстың, сөздің, сөйлемнің сыр-сипатын тану, заңдарын білу – бұл үйге керек заттардың сыр-сипатын білу сияқты нәрсе. Керек заттарын сайлап алып, үй салуға кірісу – дыбыстың, сөздің, сөйлемнің жайын біліп алып, солардың әрқайсысын дұрыстап орнына жұмсап, пікірлі әңгіме шығаруға кіріскен сияқты болады.

...Сөздің келісті болатын заңдарын, шарттарын біліп тізу – тіл қисыны деп айтылады.

А. Байтұрсынұлы.

4. Жоғарыда талдау жасаған пікірлер негізінде қандай ой түйдіңіз? Қазақ тілі пәнінің білім мазмұны нені қамтуы тиіс?

5. А. Байтұрсынұлының Түрікшелер құрылтайының қаралары жайлы мақаласын оқып шығып, тіл сабағына қойылатын талаптардың өзектілігіне баға беріңіз.



Ана тілін оқыту турасынан шығарған қарарға тағы да кірген баптарды келтірейік. Онда еске аларлық мыналар болды:

1. Ана тілін үйрену жағын жақсарту үшін түрік жұрттарының әр тілі айқын танылуы керек. Тіл іліміне жетік білімдар шығару үшін оқытушы даярлайтын орта мектеп пен жоғары мектептерде тіл сабақтары елеулі орын алу керек.

2. Бірінші басқыштағы мектептерде тіл сабағы жүзінде қазақ әдебиеті басым боларға керек.

3. Екінші басқыштағы мектептерде тіл сабағы жүйелі ілім түрінде өз алдына оқытыларға керек.

4. Әдебиет 2-нші басқыштағы әлеумет тану ілімімен бірге кез келген түрде де, жүйеленіп әдебиет тарихы түрде де оқытылу керек. Тарих түрінде оқытылғанда ана тілінің

әдебиетінен басқа жұрттардың әдебиеттерімен таныстыру керек.

5. Тіл білімі ереже жаттату түрде үйретілмей, сөздің тұлға, мағына, қисын жағын тану түрде үйрету керек. Сөздің тұлға, мағына жағын тануға керегі жоқ нәрселер тіл білімінің сабағына кірмеске тиіс.

Оқуға қатысты көбірек осы төрт мәселе сөзімен құрылтай әңгімесін тоқтатамын.

Байтұрсынұлы А. Түрікшелер құрылтайы «Жаңа мектеп», 1926.

5. Лингвистикалық интеллектіні дамыту жайлы мақала мәтінімен танысып, авторлар тұжырымы жайлы өз пікіріңізді білдіріңіз. Мақалада сипатталған құрылымдық-лексикалық әдістеме қандай ілімге сүйенеді?



6. Ф. Оразбаеваның тілді меңгерту жайлы пікірімен танысып, пікір білдіріңіз.

Тілдік қатынас тілді меңгерумен бірге адамды тәрбиелеуді қатар алып жүреді. Белгілі бір тілді ұлт өкілдеріне үйрету арқылы біз тілдік қарым-қатынасты да жолға қоямыз. Тілді меңгерумен қатар сол елдің мәдениетін, тарихын, әдебиетін, өркениетті жақтарын да үйретуге тырысамыз. Немесе тілді үйрету барысында оның тәрбиелік мәнін де естен шығармаймыз. Тіл арқылы оқушылардың іскерлігін, сөйлеу дағдыларын, әдептерін қалыптастырамыз.

Осы тұрғыдан келгенде, тілді үйретуге бөлінген білім көлемі негұрлым көп болса, мазмұны қаншалықты сапалы болса, әдіс-тәсілдері негұрлым тиімді болса, адамдар арасындағы тілдік қарым-қатынас соғұрлым жан-жақты болып, тілді үйренудің нәтижесі терең болады.

Оразбаева Ф. Тілдік қатынас, 2014.

7. «Тілдік қатынас» еңбегінде ғалым ұсынған сөйлесім әрекетінің түрлеріне қатысты термин атаулары мен оларға берілген анықтамаларға талдау жасаңыз.



Семинар сабағына арналған талқылау сұрақтары:

1. Тіл жүйесі туралы білімді меңгеру грамматикалық біліммен шектелмеуі керек деген тұжырымды қалай түсіндіресіз?
2. Сөздің тұлғасы мен мағынасын тану арқылы тілдік білімді меңгерудің тиімділігі неде?
3. Жұмсалымды (функционалды) грамматиканың дәстүрлі грамматикадан айырмашылығы қандай?
4. Тілдік сананы қалыптастыруда сөзді, сөз өнерін құндылық ретінде қабылдаудың рөлі қандай?
5. Тілді ұлттық код ретінде қарастыру оқушының дүниетанымына қалай әсер етеді?

БӨЖ тақырыбы мен тапсырмалары:

Қазақ тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы мен оқулықтарына талдау жасау.

1. Қазіргі қолданыстағы 5-9 сыныптарға арналған «Қазақ тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасында» тіл жүйесі жайлы қандай білім мазмұны қамтылғанына сараптама жасаңыз.
2. Жалпыға міндетті орта білім беруге арналған «Қазақ тілі» оқулықтарында тіл жүйесі жайлы білім қандай ұстанымдарға сәйкес берілгеніне талдау жасаңыз.
3. «Қазақ тілі» оқулықтарында қамтылған тапсырмалар жүйесіне назар аударыңыз. Олардың ішіндегі сөздің тұлғасын және мағынасын тану бойынша берілген тапсырмаларға сандық, сапалық талдау жасаңыз.

Әдебиеттер тізімі:

Байтұрсынұлы А. Түрікшелер құрылтайы // «Жаңа мектеп», 1926. №7-8, 43-50 б. Кітапта: Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: «Ана тілі», 1992. - 411-416-бет.

Аханов К. Тіл білімінің негіздері. Университеттер мен педагогика институттарының филология факультеттеріне арналған оқулық. Төртінші басылымы. - Алматы, 2002. - 664 бет.

Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: Оқу құралы. – Қарағанды, 2014.

Дәулетбекова Ж.Т., Рай Қ.М. «Тірі білім» ілімі: Абай және Ақымет Байтұрсынұлы тұжырымдарының әлем ойшылдары қағидаларымен сабақтастығы // Құтты білік. – 2025. - Т. 2. - № 4.

Дәулетбекова Ж.Т. Жалпы білім беретін мектептерде қазақ тілінен сөз мәдениетін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: п.ғ.д. ...автореф. – Алматы, 2008.

Алтай А., Абызова А. Лингвистикалық интеллектіні дамытудың құрылымдық-лексикалық әдістемесі // Интеллект, идея, инновация. – 2025. – Т. 2. – №. 2. – С. 5-11.

Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігі. Жалпы редакциясын басқарғандар: Қажыбек Е.З., Фазылжанова А.М. – Алматы: Дәуір, 2016. – 1472 б.

3.2 ДЫБЫСТЫҚ ЖҮЙЕ ЖАЙЛЫ БІЛІМДІ ҚҰНДЫЛЫҚ РЕТІНДЕ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Дәрістің мақсаты:

Қазақ тілінің дыбыстық жүйесі туралы білімді құндылық бағдарлы оқыту арқылы оқушының сөйлеу мәдениетін, тілдік санасын және қатысымдық құзыреттілігін дамыту жолдарын саралау.

Қарастырылатын сұрақтар:

1. Фонетиканы құндылық ретінде оқытудың негізгі ұстанымдары;
2. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесінің заңдылықтарын құндылық ретінде меңгертудің маңызы;
3. Фонетиканы оқыту әдістері және сөйлеу мәдениетін қалыптастырудағы рөлі.

Тілдің дыбыстық жүйесі – оның іргетасы, барлық басқа деңгейлердің (лексика, грамматика, синтаксис) негізі. Сондықтан тіл дыбыстарын, олардың артикуляциялық және акустикалық ерекшеліктері мен атқаратын қызметін, басты заңдылықтарын білу және түсіну, осы салаға қатысты мектеп бағдарламасында қамтылған терминдер мен ережелерді қолдану – фонетикалық сауаттылықты танытатын басты көрсеткіштердің бірі. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесі жайлы білімді құндылық ретінде оқыту оқушының мәдени, рухани және қатысымдық тұрғыдан дамуын тілдік білім берумен байланыстыратын кешенді үдеріс түрінде жүреді. Фонетикалық білімді құндылық ретінде меңгерудің нәтижелері оқушының сауатты сөйлеу мен жазуды өмірлік дағдысына айналдыруы арқылы көрініс табады.

Адам баласының тілі – дыбыстық тіл. Тілдегі сөздер өз дыбыстық жамылғышы арқылы бейнеленеді. Әр тілдің өзіндік дыбыстық ерекшеліктері оның ұлттық болмысын көрсетеді. Қазақ тіліндегі дауысты, дауыссыз дыбыстардың ерекшеліктері мен

олардың емлесі, дыбыстардың жасалу, айтылу, естілу және өзара байланысу заңдылықтарын білу және сол білімін өмірде сауатты қолдану оқушының тілдік санасын дамыта түседі. Дыбыстардың сөз басында, ортасында және соңында келу ерекшеліктерін, жазылу емлелерін білу фонетикалық норманы сақтап, сауатты жазуға мүмкіндік береді. Қазақ тілінің төл дыбыстарын сауатты қолданудың маңыздылығын түсінген оларды оқушы ауызша, жазбаша түрде сауатты қолдана алатын болады, сол арқылы өз ойын сауатты жеткізу мүмкіндігіне ие болады. Интонация, екпін, дыбыстардың үндесу, үндеспеу заңдылықтарын меңгеру оқушының сөйлеу мәдениетінің қалыптасуына әсер етеді. Бұл қасиеттер тұлғаның кез келген ортада өзін еркін ұстап, қарым-қатынасқа жеңіл түсуіне мүмкіндік береді. Фонетикалық білімді құндылық ретінде меңгертуде ең алдымен оқушыға дыбыс пен мағынаның өзара байланысын сезіндіру маңызды. Бір ғана дыбыстың өзгеруі сөз мағынасының толық өзгеруіне себеп болатынын нақты мысалдар арқылы көрсету оқушының фонемалық есту қабілетін дамытады. Әр дыбыстың жасалу жолы, артикуляциясы, жазылу емлесі, фонемалар арасындағы айырмашылықтарды түсініп, логикалық ойлау арқылы сөз мағынасын болжау, өз болжамдарының дұрыстығын сөздіктер арқылы тексеру жұмыстары оқушының когнитивті қабілеттерін арттырады, осындай үлкен еңбекпен меңгерілген білім жақсы есте сақталады. Фонетикалық білімді мән бере оқып, түсінген оқушы мәтін ішінде кездескен кез келген тың сөзді дыбыстық тұрғыдан талдап, салыстыру, болжау әдістері арқылы оның мәнмәтіндегі мағынасын түсіне алатын болады.

Дыбыстық жүйені оқытуда орфоэпиялық нормаға ерекше көңіл бөлінуі тиіс. Қазақ тілінде сөз қалай жазылса, барлық жағдайда дәл солай айтыла бермейтіні, сөйлеу барысында дыбыстардың бір-біріне әсер етіп, үндесіп, ықшамдалып, табиғи айтылым қалпына түсетіні нақты мысалдар арқылы түсіндіріледі. Сөз ішіндегі, сөз арасындағы дыбыстардың өзара ықпал ету заңдылықтары негізінде айтылымда табиғи үндесімге түсіп айтылатынына назар аударту оқушының тілдік есту қабілетін жетілдіреді. Бұл жұмыс оқушының кітаптағы жазуды дұрыс

танумен бірге тірі сөйлеу тілінің табиғи заңдылығын сезінуін дамытады.

Қазақ тіліндегі ашық, тұйық, бітеу буын түрлерін ажырату оқушының сөзді дұрыс тасымалдауына, дұрыс буындап оқуына, өлең ырғағын сезінуіне мүмкіндік береді. Әсіресе жыраулар поэзиясы, мақал-мәтелдер, шешендік сөздер, қара өлең үлгілері арқылы буын мен ырғақтың байланысын көрсету оқушыға қазақ сөзінің әуезділігін, музыкалық табиғатын сезіндіреді.

Фонетиканы оқытуда үндестік заңы тақырыбына келген кезде оны оқушыға қазақ тілінің, тіпті жалпы түркі тілдерінің ұлы заңдылығы деп сезіндіру маңызды. Қазақ сөзінің басынан аяғына дейін ерекше үндесу заңдылығы болатынын, ол ерекшелік түбірдің өз ішінде немесе қосымшалармен ара жігінде байқалатынын түсіну оқушыға қазақ тілінің түркі тілдерімен ұқсастығын, басқа тілдерден айырмашылығын тануға мүмкіндік береді. Басқа тілдерден енген сөздердің тілдің фонетикалық заңдылықтарына бағынып, өзгеріске ұшырау ерекшеліктерін ұғуы қазақ тілінің баю жолдары жайлы түсінік қалыптастырады. Бұл ретте оқушыларға қажетіне қарай «ә» дыбысының тарихы, «ң» дыбысы кездесетін сөздер т.б. тақырыптар бойынша қосымша қызықты мәліметтер беріп отыру жақсы нәтиже береді. Сол кезде оқушы берілген ақпараттарды жай ереже түрінде емес, ұлт тілінің басты ерекшелігін танытатын белгісі ретінде қабылдап, сезім деңгейінде бағалап, маңызын түсінеді. Адам өз ана тілінің ерекшеліктерін мақтаныш сезімімен меңгергенде, оның ұлттық сана-сезімі арта түседі. Алдында кездескен түрлі тілдік деректерге зерттеушілік қызығушылықпен қарап, тілдік санасын кеңейту бағытында ізденісте жүретін болады. Осылай оқыту нәтижелері қоғамда қазақ тілін сауатты қолданушылардың саны мен сапасын арттыра түсуге ықпал етеді.

Фонетиканы құндылық ретінде оқытудың жұмсалымдық ұстанымына сәйкес қазақ тіліндегі әрбір дыбыстың мағына ажыратудағы, сөздің дұрыс айтылуын қамтамасыз етудегі рөлі түсіндіріледі. Жүйелілік ұстанымы фонетикалық құбылыстарды тұтас тілдік жүйенің бір бөлігі ретінде қарастыруды көздейді. Дыбыс, буын, екпін, үндестік заңы, интонация сияқты бірліктер өзара байланыста оқытылады. Бұл оқушыға тілдің ішкі

құрылымдық жүйесін дұрыс түсінуге мүмкіндік береді және фонетикалық білімді басқа тілдік деңгейлермен байланыстыра меңгеруге жағдай жасайды. Практикалық ұстаным дыбыстарды дұрыс айту, тыңдау, қайталау, артикуляциялық жаттығулар негізінде жүзеге асырылады. Оқушылар дыбыстардың ерекшелігін айнамен жұмыс, дыбыстау жаттығулары, тыңдап қайталау сияқты әдістер арқылы тәжірибе жүзінде игереді. Фонетикалық білімді меңгертуде тыңдалым жұмыстарының маңызы зор. Оқушы дыбысты дұрыс естімесе, оны дұрыс айта алмайды; дұрыс айта алмаса, дұрыс жаза алмайды. Сондықтан сабақта дыбыстарды ажыратуға, сөздердің айтылуын салыстыруға, мәтінді тыңдап, орфоэпиялық ерекшеліктерін анықтауға арналған тапсырмалар жүйелі орындалуы қажет. Тыңдалым арқылы оқушының фонематикалық қабылдауы, есту жады, дыбыстық назар аудару қабілеті дамиды. Бұл дағдылар кейін сауатты жазу, мәнерлеп оқу, дұрыс сөйлеу әрекеттерінің негізіне айналады. Мәнерлеп оқу барысында оқушы дыбыстардың анық айтылуына, екпіннің дұрыс түсуіне, дауыс ырғағының мәтін мазмұнына сай болуына, кідірістің орынды қойылуына назар аударады, сөз әуезін сезінеді.

Болашақ қазақ тілі мұғалімі фонетика саласынан іргелі теориялық біліммен қатар оны оқыту жолдарын да жақсы меңгеруі тиіс. Кешенді фонетикалық талдау жасау әдісін өзі жақсы меңгерген студент оқушыларына да жақсы түсіндіре алатын болады. Фонетиканы құндылық бағдарлы оқытуда артикуляциялық сызба, суреттер қолдану түріндегі көрнекілік әдісі арқылы дыбыстардың жасалу жолы, түрлері, емлелік ерекшеліктері меңгертіледі. Аудио-бейне материалдарды қолдану бұл әдісті жетілдіре түсуге мүмкіндік береді.

ПРАКТИКАЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАР:

1. «Фонетика» терминін оқыту әдістемесі жайлы ғылыми-әдістемелік мақаланы оқып шығып, өз пікіріңізді білдіріңіз. Тағы қосымша мәліметтер жинап, осы тақырыпты оқушыға түсіндіру тәсілдерін ұсыныңыз.

2. Қ. Жұбановтың қазақ тілінің дыбыс жүйесі жайлы пікірін оқып шығыңыз. Осы ақпаратты оқушыға түсіндіру үшін дыбыстар кестесін құрастырыңыз.

https://termincom.kz/reader/?id=14#page/70

Қазақ тілінде сапасы 26 түрлі дыбыс бар.
Олар мыналар: а, б, ш, ж, д, е, г, ғ, й, к, л, м, н, ң, қ, р, п, с, т, ұ, у, ұу, з, ы, ый.
Бұлардың е-ден басқаларының бәрі де бірде жуан, бірде жіңішке болып, екі түрлі айтылады да, 51 дыбыстың орнына жүреді.

Жұбанов Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері.

3. Қ. Жұбановтың дауысты дыбыстардың әнделуі туралы пікірін оқушыға түсіндіру үшін «әні үш түрлі» болып келетін тағы бірнеше мысалдар ойлап табыңыз.

Сөздің өзінше әні болады.
Мысалы:
Жазба (кітап)
(кітапты) жазба!
(қыс па?) жаз ба?

деген үш сөздің дыбыстарының түрі де, тізілу тәртібі де бірдей.

Сөз мүшелерінің саны мен реті де бірыңғай: үшеуінде де түбірдің дыбыстары ж, а, з; үшеуінде де бір-бір жамау мүше бар, оның дыбыстары да бірдей. Солай бола тұрса да, бұл үш сөздің дыбысталуында айырма бар: үшеуінің әні үш түрлі.

Сондықтан дыбыстарының түрі бір болса да, әні түрлі болғасын, бұл үш сөздің үш түрлі екенін сеземіз.

Әр сөйлемнің, әр сөздің басын, аяғын, мағынасының түрлі бояуын көрсетіп тұратын өзінің әні болады.

Сөзге ән беретін – дауысты дыбыстар.

Дауысты дыбыс әнделеді де, дауыссыз дыбыс пен сонор дыбыс әнделмейді. Сөздің дауысын керегіне қарай шақтап отыратын осы дыбыстар болғандықтан, бұларды дауысты дыбыстар дейміз.

Жұбанов Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері.

4. Қазақ грамматикасындағы «Дыбыстық үнем» жайлы ақпаратты пайдаланып, оқушылармен қазақ тіліндегі «жаздыгүні», «әкел», «апар», «сөйт», «қайтіп», «әрмен», «барғасын», «барғам», «келем» сөздері қандай сөздерден қысқарып жасалғаны туралы ойталқы ұйымдастыру әдістерін ойластырыңыз.

ДЫБЫСТЫҚ ҮНЕМ

«Тіл-тілдің бәріне ортақ бір заң бар. Ол - үнем, айту, жазуда неғұрлым аз күш жұмсауға тырысу. Дыбыстық үнем сөздің құрамындағы жеке дыбысты, дыбыстар тіркесін айтпау, үнемдеу болып табылады, басқаша айтқанда сөзді ықшамдау деген сөз. Дыбыс, буын санының кемуі – әсіресе байырғы сөздерге тән құбылыс»

Қазақ грамматикасы.

4. А. Байтұрсынұлы еңбегінен алынған үзіндідегі қарамен белгіленген сөздерге кешенді фонетикалық талдау жасау әдістемесін ұсыныңыз.

Сөздің өзін танытатын белгі – тіл яки лұғат белгісі болады. Ол белгі ***әркімнің өз ыңғайымен****, өз оңтайымен сөз тізіп, әдеттенуінен, салттануынан болады. Әркімнің өз салты болғанмен, ол салттар жалпы сөз тізу салттарынан, шарттарынан аса алмайды. Сөз шығарушылар әуелі* ***сөз ұнасымына*** *керек жалпы шарттарды орнына келтіріп,* ***өзінің өзгеше әдісі*** *болса, соның үстіне ғана қосады. Сондықтан сөз шығарушылар бәрінен бұрын шарттарын білу қажет.*

А. Байтұрсынұлы. Әдебиет танытқыш.

6. О. Әубәкіровтың «Ңөң» өлеңінің мәні, жазылу тарихы жайлы ақпарат жинастырыңыз. Осы өлеңді оқушыға түсіндіру, жаттату әдістемесін ұсыныңыз.

6. «Ң» дыбысын сауатты қолданудың құндылық мәнін талқылау мақсатында бірнеше сұрақтар құрастырыңыз.

Оспанхан Әубәкіров

ҢӨҢ

Бір басымда санасаң,
Өнер, Білім тегіс бар.
Болмайтұғын Бас әріп
Қай жерімде кеміс бар?!

– Бола алмайсың Бас әріп,
Түспе текке азапқа.
«Ң» әрпінен басталар
Бір сөз жоқ қой қазақта.

Деді осында біреулер,
Дәлел айтып бұлжытпас.
(Дәлелді сөз – әлді сөз,
Әлді сөзге кір жұқпас).

– Солай, – десті қалғаны,
Оңай көніп, ойланбай.
«Көне сал», – деп, біреулер
Тамақ беріп қойғандай.

– «Ң» әрпінен басталар,
Сөз бар, – деді «Ң», көнбеді.
– Білмесеңдер айтайын,
Оның аты – «Ңөң», – деді.

Айсберг дегенді,
Арғы қазақ «ңөң» деген.
Көктемде көшетін
Өзен мұзын «Сең» деген.

Айтқан сөзім айғақты,
Керегі не мазақтың?!
Өмір бойы зерттедім,
Ана тілін қазақтың.

Зілдей ауыр зілдерді,
«Ңөң» дейді екен бұрындар.
Ал «сең» деген сөзінде
«Жеңіл» деген ұғым бар.

Өң, Дөң, Жең, Мең, Сең дейді.
Тең, Таң, Тоң, Көң, Кең дейді.
Ал енді Айсбергті
Бас алсаң да, «Нөң», – дейді!

Ойда жоқта осылай,
«Ң» ашты бір жаңалық.
41 әріп бас шайқап,
Тұрып қалды қамалып.

«Ңөң» деген сөз қазақта
Жоқ десең де еркіңде.
Қарыз сұрап тұрғам жоқ,
Бар десең де еркіңде.

«Ңөң» деген сөз қазақта
Жоқ десең де еркіңде.
Бар десең де дәл содан
Бұзылмайды көркің де!

8. Қазіргі қазақ тілі: фонетика, лексикология, сөзжасам, морфология оқулығында берілген фонетикалық кешенді талдау үлгісімен танысыңыз. Үлгіні пайдаланып, фонетикалық талдау жасау әдістемесін ұсыныңыз.

Семинар сабағына арналған талқылау сұрақтары:

1. Фонетикалық білімді құндылық ретінде меңгертуде оқушылардың қызығушылықтарын оятатындай қандай мысалдар келтіруге болады?
2. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесінің ерекшеліктерін туыстас түркі тілдерімен салыстыру немесе туыстас емес тілдермен

салғастыру арқылы түсіндіру мақсатында қандай мысалдар келтіруге болады?

3. Фонетикалық білім беру әдістемесіне қатысты қандай ғалымдардың еңбектерін білесің?

4. Үндестік заңын оқушыға қарапайым ереже жаттату түрінде емес, құндылық ретінде қалай меңгертуге болады?

БӨЖ тақырыбы мен тапсырмасы:

«Ң» дыбысын сауатты қолдануды үйретуге арналған интерактивті тапсырма жасау.

Интерактивті жаттығу жасау платформаларының бірін пайдаланып, «Ң» дыбысын сауатты қолдануды үйретуге арналған интерактивті тапсырма ұсыныңыз.

Әдебиеттер тізімі:

Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. Кітапта: Алты томдық шығармалар жинағы. – Алмата, 2013. – Т. 1. – 384 б.

Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер.- Алматы: «Ғылым», 1966. – 362 б.

Рахметова С. Қазақ тілін оқыту методикасы. Оқу құралы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 184 б.

Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. - Астана, 2002. - 784 бет.

Жұбанов Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2013. – 640 бет.

Рахметова С. Қазақ тілін оқыту методикасы. Оқу құралы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 184 б.

Жүнісбек Ә. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, 2018.

Нұржан Ж. Қазақ тілін оқыту технологиясы. – Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2003. – 146 б.

Қазіргі қазақ тілі: фонетика, лексикология, сөзжасам, морфология: ЖОО филология факультетінің білім алушыларына арналған оқулық / Г.О. Сыздықова, Л.Ә. Еспекова, Қ.Қ. Сарекенова, С.С. Шоқабаева. - Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2025. - 290 б.

3.3 ЛЕКСИКАЛЫҚ ЖҮЙЕ ЖАЙЛЫ БІЛІМДІ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Дәрістің мақсаты:

Қазақ тілінің лексикалық жүйесі туралы білімді құндылық ретінде оқыту арқылы оқушының тілдік тұлғасын, қатысымдық және лингвомәдени құзыреттілігін дамыту жолдарын ұсыну.

Қарастырылатын сұрақтар:

1. Қазақ тілінің лексикалық байлығының құндылық мәні;
2. Лексикалық жүйені меңгерудің құндылық негіздері;
3. Лексиканы құндылық бағдарлы оқытуда қолдагылатын әдістер

Лексика белгілі бір тілдегі барлық сөздердің жиынтығын, яғни тілдің сөздік қоры мен құрамын қамтиды. Тілдің лексикалық жүйесі үнемі даму үстінде болатын динамикалық құбылыс болғандықтан қоғамдық, тарихи, мәдени, ғылыми-техникалық өзгерістерге байланысты жаңа сөздер пайда болып, кейбір сөздердің мағыналары уақыт өте келе өзгеріске ұшырап, кейбір сөздер қолданыстан шығып қалып жатады.

Қазақ тілінің лексика деңгейіне қатысты білімді құндылық ретінде таныту үшін оқушыға лексикалық байлықтың мол болуы тілдің қоғамдық қызметінің кеңдігін, оның қолданыс ауқымының жоғары екенін көрсететінін түсіндіру қажет. Тілдің сөз байлығы – ұрпақтан ұрпаққа жеткен мол қазына екенін, әр халықтың лексикасы оның тарихи тәжірибесі мен әлеуметтік өмірінің, дүниетанымы мен мәдениетінің, салт-дәстүрі мен тұрмыс-тіршілігінің айнасы ретінде қызмет ететінін саналы түрде түсінген кезде оқушының бойында ол тілге құрмет сезімі пайда болады. Сонымен қатар тілдің лексикалық жүйесінің басты заңдылықтарын білу көнерген, қолданыстағы және жаңадан пайда болып жатқан сөздерді, кірме сөздер мен терминдерді лексикалық нормаға сай қолдана алу мүмкіндіктері арта түсетінін сезінетін болады.

Құндылық бағдарлы оқыту әдістемесін жақсы меңгерген мұғалім оқушыға қазақ тілінің лексикалық байлығын, шұрайлылығын танытып, тілге деген құрмет сезімін оятуды өз міндеті деп санайды. Тілдің лексикалық жүйесін меңгеру сөздердің мағынасын игерумен ғана шектелмейді, ол – мәдениетті, тарихи тәжірибені және әлеуметтік қатынастарды түсіну үдерісі. Бұл білімнің құндылық мәні оқушы бойында қатысымдық, мәдениеттанымдық және танымдық құзыреттіліктердің қалыптасуы арқылы көрініс табады. Мәтінде кездескен әрбір жаңа сөзге мән бере оқып, мағынасын түсініп алуға ұмтылу, қалай, қандай мақсатта қолданылып тұрғанын анықтап отыру дағдысын қалыптастыру арқылы оқушы өз ойын жеткізуде қажетті сөздерді орнымен қолдануға, өзгенің сөзін дұрыс түсінуге мүмкіндік алады. Сонымен бірге әр сөздің мән-мағынасын бірден болжап, сезімталдықпен аңғарып отыру қабілеті дами түседі. Сөз құдіреті арқылы қазақ халқының рухани құндылықтары мен дүниетанымы, ұлттық ерекшеліктерін тани түседі. Логикалық, сыни және шығармашылық тұрғыдан ойлау қабілеті артып, сыныптан сыныпқа өткен сайын тілдік тұлға ретінде толысып, қарапайымнан күрделіге қарай, вербалды-семантикалық деңгейден когнитивтік-тезаурустық, одан прагматикалық-уәждемелік деңгейге қарай өсе түседі.

Қазақ тілінің лексикалық жүйесі жайлы білімді құндылық ретінде оқытуда сөздердің тура немесе ауыспалы мағыналары, жеке тұрғандағы немесе мәнмәтіндегі мағыналары, автор қолданысындағы стильдік реңктері түрлі қатысымдық жағдайға сәйкес қалай қолданылатыны түсіндіріледі. Сөздердің осы қасиетін жақсы түсінген оқушы олардың әр жағдаяттағы ашық немесе астарлы мағынасын тілдік санасы арқылы сезініп, соған сәйкес шешім қабылдау, әрекет жасау, өз сөзінде саналы түрде таңдап қолдану мүмкіндігіне ие болады.

Лексикалық жүйені құндылық бағдарлы оқытуда мәтінмен жұмыс басты орын алады. Мәтіндегі әрбір сөз белгілі бір мағыналық, стильдік, эмоциялық және құндылықтық қызмет атқарады. Сондықтан оқушыларға мәтіннен негізгі ойды білдіретін тірек сөздерді, авторлық бағалау мәні бар сөздерді, ұлттық-мәдени мазмұндағы сөздерді, жаңа немесе сирек

қолданылатын сөздерді тапқызу қажет. Бұл жұмыс мәтіндегі әрбір сөзге мән бере оқу дағдысын қалыптастырады. Оқушы мәтінді түсінуді сөз мағынасын танудан бастайтынын сезінеді. Сабақ барысында лексикалық бірліктерді механикалық түрде үстірт қолданып, мағынасын түсінбеген сөздерге назар аудармай өтіп кетуге жол берілмейді. Мұғалім мен оқушылардың арасындағы сұрақ-жауап немесе оқушылардың өздерін белсенді әрекетке жұмылдыратын жұптық, топтық жұмыстардың түрлерін ұйымдастыру арқылы тың, жаңа, мағынасы беймәлім сөздермен жұмыстар жүргізіледі. Жұптық, топтық жұмыстар кезінде оқушылар сөз мағыналарын бір-біріне түсіндіреді. Уақытты үнемдеу үшін бірнеше оқушыдан билер немесе әділ қазылар алқасы тобы алдын ала сайланып қойылады, олар осы кезде қолдарындағы техникалық құралдар мен интернеттің, энциклопедия, сөздік т.б. оқу ресурстарының көмегімен мәтін тіліне қызу талдау жүргізіп жатады. Өз болжамдарына ғана сүйеніп, талдау жұмысын жүргізген оқушылар жұп-жұбымен әділ қазылардың алдына келіп жүгініп, дауларының дұрыс шешімін сұрап, анық-қанығына көз жеткізеді. Яғни сабақ қызу қатысымдық ойын түрінде жүргізіледі. Келесі сабақтарда оқушылардың рөлдері ауысып отырады. Осындай қызу рөлдік ойын түрінде қатысымдық бағдарлы жүргізілетін сабақтар бір рет жаттап, кейін ұмытылып қалатын білім емес, нақты сөйлеу жағдаятында алынған, оқушының тұрақты жадында ұзақ уақыт сақталатын жүйелі, сапалы білім алуға мүмкіндік береді. Осылай жүргізілген сабақтар тілдік білімнің тәжірибелік маңызын арттырып, оқушының қатысымдық құзыреттілігін дамытуға ықпал етеді.

Лексиканы оқытуда мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер, шешендік сөздер ерекше құндылықтық материал ретінде пайдаланылуы тиіс. Себебі халықтың өмірлік тәжірибесі мен адамгершілік өлшемдері көбіне осы тілдік бірліктер арқылы жинақталып жеткен. Мысалы, «Сөз қадірі – өз қадірің», «Жақсы сөз – жарым ырыс», «Тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады», «Көп сөз – көмір, аз сөз – алтын» сияқты мақал-мәтелдер арқылы оқушы сөздің адам өміріндегі әсерін, жауапкершілігін, қарым-қатынас мәдениетін түсінеді. Бұл жерде мұғалім мақалдың мағынасын түсіндірумен шектелмей, оны қазіргі өмірлік

жағдаяттармен байланыстырып, оқушының өз пікірін айтқызуы қажет.

Көпмағыналылықты оқытуда сөз мағынасының кеңеюі халықтың ойлау жүйесімен, бейнелі танымымен тығыз байланысты екені түсіндіріледі. Бір сөздің бірнеше мағынада жұмсалуы тілдің байлығын ғана емес, халықтың ұқсастыру, салыстыру, жинақтау қабілетін де көрсетеді. Мысалы, бас сөзі адамның дене мүшесін білдірумен қатар, таудың басы, істің басы, ел басы, сөз басы, бұлақ басы сияқты тіркестерде басталу, жетекшілік, жоғарғы бөлік, негізгі орын мәндерін білдіреді. Мұндай мысалдар оқушыға қазақ тіліндегі сөз мағынасының қозғалысын, ой мен тілдің байланысын тереңірек түсінуге көмектеседі.

Лексикалық білімді құндылық ретінде меңгертудің бір жолы – сөздің эмоционалдық-бағалауыштық реңкін таныту. Қазақ тілінде адамның мінезін, көңіл күйін, қарым-қатынасын білдіретін сөздер өте мол. Жағымды, жағымсыз бағалау мәнін білдіретін сөздермен жұмыс барысында оқушы олардың мағыналық айырмашылығын, адам өміріндегі қызметінің мәнін түсінеді. Бұл оқушының эмоционалдық-бағалауыштық құзыреттілігін дамытуға мүмкіндік береді.

Кірме сөздер мен жаңа сөздерді оқытуда оқушыға тілдің ашық, дамушы жүйе екенін түсіндіру маңызды. Қоғамдық өмірде жаңа құбылыстар пайда болған сайын тілдің сөздік құрамы да жаңарып отырады. Бірақ жаңа сөзді қабылдау немесе қолдану барысында оның қазақ тілінің табиғатына, әдеби нормаға, қатысымдық қажеттілікке сәйкестігі ескерілуі керек. Мұғалім оқушыларға кірме сөз, балама сөз, термин, неологизмдерді салыстырып, қай сөздің қай жағдайда орынды қолданылатынын талдату арқылы олардың тілдік талғамын қалыптастырады. Бұл жұмыс оқушыны сөзді бейберекет қолданбай, тіл тазалығы мен сөз мәдениетіне жауапкершілікпен қарауға үйретеді.

Қазақ тілінің лексикалық байлығын танытуда сөздердің тақырыптық өрісін ашу маңызды. Мысалы, «адам мінезі», «туыстық атаулар», «табиғат атаулары», «мал шаруашылығы», «қолөнер», «салт-дәстүр», «рухани құндылықтар», «сөйлеу мәдениеті» сияқты тақырыптық топтар бойынша жұмыс жүргізу

оқушыға қазақ халқының өмір сүру салты мен дүниетанымын сөздік қор арқылы тануға мүмкіндік береді. Соған байланысты лексиканы құндылық бағдарлы оқытуда сөздікпен жұмыс ерекше орын алады. Түсіндірме, синонимдік, антонимдік, фразеологиялық, этимологиялық, терминологиялық және т.б. сөздіктерді жүйелі қолдану оқушының ізденімпаздығын арттырады. Мұғалім әр сабақта мағынасы көмескі, сирек қолданылатын немесе құндылықтық мәні жоғары сөздерді оқушыларға сөздіктен іздетіп, олардың мағынасы, қолданылуы, шығу төркіні, стильдік реңкі туралы шағын түсіндірме жасатса, оқушы сөзді дайын күйінде қабылдамай, зерттеу нысаны ретінде таниды. Сөздікпен жұмыс оқушыға әр сөздің артында мол мағына, мәдени ақпарат, тарихи тәжірибе жатқанын сезіндіреді. Лексикалық құбылыстарды талдау, корпустар, сөздіктердің көмегімен талдаулар жүргізу, мысалдар іздеу жұмыстарын жүргізу арқылы сөздің мағыналық өрісі ашылып, оқушының тілдік сезімі қалыптасады. Осы кезде оқушы мағынасын өз үшін жаңадан ашып, таныған сөздерді ұмытып қалмас үшін мини шығарма жазу әдісін қолдануға болады. Бұл әдіс бойынша оқушы алдымен әр күнгі сабақта тапқан асыл қазыналары – тың сөздерін дәптеріне жеке жазып алады. Содан кейін осы сөздерді өзара мағыналық тұрғыдан байланыстырып, олардың мағынасына қарай өз ойынан шағын шығарма жазып шығу тапсырмасын орындайды. Шығармасы кейде жеңіл әзілге құрылған, қызықты, көңілді болып шығуы мүмкін, кейде ақыл, өсиет беруге арналған ойлы тұжырымдардан тұруы мүмкін. Оқушы қиялының шырқауына қарай, әр оқушының шама-шарқына қарай белгілі бір мағынаға құрылған шағын шығармасы – оқушының төл туындысы дүниеге келеді. Дәстүрлі әдістемеде көп жағдайда жекелеген сөздермен бір-бір сөйлем құрастырып қана қоюмен шектелетіні белгілі. Ал оқушы өзі үшін тың, бұрын білмейтін сөзді жаңадан тауып, оны құнды қазынадай бағалап, мағынасын зерттеп, өз мини шығармасында қолданып, аяқталған мағынасы бар шағын туындысын дүниеге әкелген кезде оның бойын менің қолымнан келеді деген мақтаныш, қуаныш сезімі билейді. Осылайша жаңадан «тапқан» әр сөзді дереу қолданып, өз сөздік қоржынына

салып отырғанын, сол арқылы біртіндеп тіл байлығын арттырып келе жатқанын сезінеді.

ПРАКТИКАЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАР:

1. Қазақ тілінің ұлттық корпусының мақал-мәтелдер ішкорпусынан алынған мақал-мәтелдермен танысыңыз. Оларды қандай ортақ тақырып біріктіреді? Осы мақал-мәтелдерден қазақ халқының сөзге, сөз өнеріне деген қандай құндылық қатынасын көруге болады?

Айтылған сөз – атылған оқ. *Ат айналып иесін табады,* *Сөз айналып жүйесін табады.* *Аталар сөзі – ақылдың көзі.* *Аталы сөзге арсыз да тоқтайды.* *Әуелгі сөзің рас болса,* *Соңғы сөзіңнің өтуіне жақсы.* *Жаман сөз жанға кірген тікен.* *Абайлап сөйле сөзіңді, қабырғаның да құлағы бар.* *Түзу көңіл қисық сөзге мән бермейді.* *Кісіге қарап, сөзін алма,* *Сөзіне қарап, кісіні ал.* *Сөз – сабан, іс – дән.*	*Сөз тыңдап жүргеннен аулақ.* *Сөзде қаңқу жаман, ауруда шаншу жаман.* *Жақсы сөз – жарым ырыс.* *Сөзде тұру – ерлік,* *Сөзді жұту – қорлық.* *Айрылмастай досыңа қайырылмастай сөз айтпа.* *Ақпа құлаққа сөз айтсаң, ағып кетеді,* *Құйма құлақ сөз айтсаң, құйып алады.* *Жүйелі сөз жүйесін табады,* *Жүйесіз сөз иесін табады.* *Жылы киім тәнді жылытар,* *Жылы сөз жанды жылытар.* *Көңіл көзін сөз ашар.*

Таза мінсіз асыл тас су түбінде ж атады, *Таза мінсіз асыл сөз ой түбінде ж атады.*	*Қаһарлы сөз қамал бұзар.* *Сөз сүйектен өтеді,* *таяқ еттен өтеді.*

2. Берілген мақал-мәтелдерді қандай ортақ тақырыпқа біріктіруге болады? Қазақ халқының отбасы құндылығына деген қарым-қатынасын көрсететін тағы қандай мақал-мәтелдер білесіз?

Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер.

Інісі бардың тынысы бар, ағасы бардың жағасы бар.

Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі.

Арбаның алдыңғы дөңгелегі қайда жүрсе,
соңғысы сонда жүрер.

3. Академик Ә. Қайдардың қазақ тілінің сөз байлығы туралы пікірімен танысыңыз. Осы тақырыпта тағы да ақпараттар жинап, оқушыға түсіндіру жолдарын ұсыныңыз.

Сөз бен тіл, әдетте, синоним ретінде қолданылады. Бірақ тіл, әрине, ауқымы жағынан сөзден әлдеқайда кең ұғым. Қоғамдағы барша жанның қауымдаса өмір сүруіне қажетті қатынас құралы — тіл десек, сөз соның ең негізгі элементі болып саналады. Дегенмен тіл мен сөз «тіл байлығы», «сөз байлығы» деген ұғымдарға байланысты бірінің орнына бірі айтыла береді.

...қазақ тілін ондағы жеке-дара қолданылатын сөз санына қарай қарастырсақ, төмендегі жағдайды көреміз. Мәселен, 10 томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» 66931 атау сөз, 24497 лексикаланған тұрақты тіркес қамтылыпты. Бұл екеуі 91428 лексикалық бірлік деген сөз. Ал бұлардың барлығы болып, осы сөздікте 103 мың мағыналық бірлікті сипаттап

тұр. Өйткені бір сөздің бір емес, екі-үш мағынасы болуы мүмкін ғой. Сөздіктегі фразеологиялық тұрақты тіркестің саны 16 мың екен.

Басқа сөздіктер бойынша деректер: І. Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде» (1976 ж.) 10 мыңдай фразеологизм қамтылыпты. «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінде» (1988 ж. соңғы басылымында) 35656 реестр сөз қамтылыпты. «Абай тілінің сөздігінде» (1968 ж.) 6 мыңдай реестр сөз болса, М. Әуезовтің 20 томдық шығармалар жинағында 20 мыңдай сөз қолданыс тапқан екен.

Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері, 1998.

4. «Басу» көмекші етістігі арқылы жасалған сөз тіркестерін мағыналық жағынан ажыратып, төмендегі кестеге орналастырыңыз.

Мауқын басу, тот басу, қадам басу, шөлін басу, таңдай басу, еңсесін басу, су басу, ұйқы басу, жұмыртқа басу, мысын басу, қайғы басу, шаң басу, бетін басу, мөр басу, тақымға басу, алға басу, шалыс басу, киіз басу, ашуға басу, қаз басу, өкшесін басу.

1. «Басу» – аяқпен, қолмен, белгілі бір затпен басу әрекеті	**2. «Басу» –** дерексіз ұғым ретінде көмекші етістік қызметі	**3. «Басу» –** көму, көмкеру, жабу әрекеті

5. Қазіргі қазақ тілі: фонетика, лексикология, сөзжасам, морфология оқулығында берілген лексикалық кешенді талдау үлгісімен танысыңыз. Үлгіні пайдаланып, лексикалық талдау жасау әдістемесін ұсыныңыз.



6. Қ. Жұбанов еңбегінен алынған үзіндідегі сөздерге кешенді лексикалық талдау жасау әдістемесін ұсыныңыз.

Сөз деген – зат біткеннің бәрінің аты емес, әр елдің өзінің білген заттарының, білген құбылыстарының ғана аты. Ел-елдің білген заты да, білмеген құбылысы да толып жатыр. Танылмаған кісінің атын білмегеніміз сияқты, білмеген нәрсенің аты да тілімізде болмайды. Мәселен, шөптер мен жәндіктердің көбінің тілімізде аты жоқ. Өйткені олармен көп аса кездеспегенбіз, кездескенде де елемегенбіз.

Адам өзінің тіршілік тартысында кездесіп, пайдасын иә зиянын көрген нәрселерді ғана елеген, соларды ғана білген. Шөптердің ішінде мал жейтіндерін, отын болатын, бояу болатын, ем болатын, у болатындарын ғана білген де, соларға ғана ат қойған. Басқа заттардың аты да осылайша қойылған.

Жұбанов Қ. Қазақ тілінің грамматикасы

7. Қазақ тілінің ұлттық корпусынан осы тіркестермен келген мысалдар тауып, мәнмәтіндегі мағыналарын анықтап, жоғарыдағы тапсырманы қаншалықты дұрыс орындағаныңызды тексеріңіз.

Семинар сабағына арналған талқылау сұрақтары:

1. Лексикалық жүйені құндылық ретінде оқыту дәстүрлі оқытудан несімен ерекшеленеді?
2. Қазақ тілінің сөз байлығын молынан меңгеріп, соның арқасында өмірде жетістікке жеткен замандастардан кімдерді білесіз?
3. Лексиканы құндылық бағдарлы оқытуда жұмсалымдық және қатысымдық ұстанымдарды қалай жүзеге асыруға болады?
4. Сөз мағынасын мәнмәтінде меңгертудің артықшылықтары қандай?
5. Лингвомәдени ұстаным оқушының ұлттық дүниетанымына қалай әсер етеді?

6. Когнитивтік ұстаным арқылы оқушының сөйлеу қабілетін қалай дамытуға болады?

БӨЖ тақырыбы мен тапсырмасы:

Qazcorpus.kz вебсайтын пайдаланып, жаттығулар құрастыру.

Qazcorpus.kz вебсайтындағы «Терминологиялық ішкорпустан» лингвистикалық терминдерге бірнеше мысалдар теріп, жаттығу құрастырыңыз



Qazcorpus.kz вебсайтындағы «Фразеологизм ішкорпусы» мен «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінен» өзара мағыналас және қарама-қарсы мағыналы болып келетін фразеологизмдерді іздеп тауып, жаттығулар құрастырыңыз



Әдебиеттер тізімі:

Жұбанов Қ. Қазақ тілінің грамматикасы. Кітапта: Шығармаларының толық жинағы. – Ақтөбе: Жұбанов университеті, 2019. – 584 б.

Айғабылов А. Лексиканы оқыту методикасы, оның қазіргі міндеттері. – Алматы: Мектеп, 1988. – 95 б.

Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері: Актуальные вопросы казахского языка. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 бет.

Қайдар Ә. Халық даналығы: Қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу. Жауапты ред. Ө. Айтбаев... – Алматы: Тоғанай Т, 2004. - 559 б.

Бабалар сөзі: жүз томдық. Құрастырып, баспаға дайындағандар: Қ. Алпысбаева, Т. Әлібеков, Н. Елесбай. - Астана: Фолиант, 2010. – 66-том. Қазақ мақал-мәтелдері – 405 б.

Дәулетбекова Ж.Т. Жалпы білім беретін мектептерде қазақ тілінен сөз мәдениетін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: п.ғ.д. ...автореф. – Алматы, 2008. – 50 б.

3.4 СӨЗЖАСАМДЫҚ ЖҮЙЕ ЖАЙЛЫ БІЛІМДІ МЕҢГЕРТУДІҢ АКСИОЛИНГВОӘДІСТЕМЕСІ

Дәрістің мақсаты:

Қазақ тілінің сөзжасамдық жүйесі туралы білімді құндылық ретінде меңгерту арқылы оқушының аксиолингвистикалық құзыреттілігін дамыту мүмкіндіктерін білім алушылармен бірге талдау.

Қарастырылатын сұрақтар:

1. Қазақ тілінің сөзжасам жүйесінің ұлттық дүниетаныммен байланысы;
2. Сөзжасамды оқытудың ғылыми-әдістемелік (семантикалық, мотивациялық) ұстанымдары;
3. Сөзжасамдық білімді меңгертудің құндылық бағдары.

Қазақ тілін оқыту үдерісінде сөзжасам жүйесін меңгерту – оқушының қазақ тіліне деген құндылық қатынасы мен тілдік және қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудағы маңызды бағыттардың бірі. Тіл үздіксіз эволюциялық даму үстінде болатын динамикалық жүйе болғандықтан оның сөзжасамдық қабатының тарихи дамуы барысында белгілі бір заңдылықтарға негізделген үдерістер жүреді. Сөзжасамды құндылық бағдарлы меңгеруде оқушы ережелер жаттаумен, жаттығуларды механикалық түрде орындаумен шектелмейді, әрбір сөзді құндылық ретінде бағалап, олардың қандай заңдылықтарға сүйеніп жасалғанын, қандай жаңа мәнге ие болғанын егжей-тегжейлі түсіну мақсатында шағын зерттеу жұмысын атқарады. Осындай зерттеу жұмыстары жүйелі жүргізіліп, әбден төселген кезде оқушылар әр сөзжасамдық бірлікті, олардың атқаратын қызметін жылдам танып, ұқсату, салыстыру тәсілдерімен басқа ұқсас формаларды да жылдам тану дағдысы артады.

Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі құрылымы күрделі, тарихи кезеңдерден бері қалыптасып келе жатқан, өзіндік заңдылықтары бар тұтас жүйе болғандықтан, оның қыр-сырын

түсіндіру мұғалімге үлкен жауапкершілік жүктейді. Оқушыға сөз сырын таныту міндетіне жауапкершілікпен қараған мұғалім қажетіне қарай түрлі амал-тәсілдерді, оқушыларды қызықтыратын мысалдарды іздеп табады. Сөзжасам тәсілдерінің бастауы көне жазба ескерткіштері тілінде жатқанын біледі, оңтайлы жерінде осы ескерткіштер тілінен де орайлы мысалдар келтіріп, оқушыларға ой тастайды. Ол ой оқушы санасына себілген дән қызметін атқарады, оқушының тарихи тілдік санасын оятуға ықпал етеді. Қазіргі қолданып жүрген тілінің тамыры тереңге кететінін сезіндіреді, тіл тарихына деген зерттеушілік қызығушылығын оятуға ықпал етеді. Осындай құндылық бағдар беріп отыру арқылы сөзжасам білімін тілдік құбылыс және мәдени-танымдық құндылық ретінде қабылдауға мүмкіндік ашылады.

Сөзжасамды оқыту ең әуелі семантикалық ұстанымға сүйенеді. Бұл ұстанымға сәйкес туынды сөздердің мағынасы олардың құрамындағы негіз сөз бен сөзжасамдық жұрнақтың мағыналық байланысы арқылы түсіндіріледі. Мұғалім оқушыларды өзіндік зерттеу жүргізуге ынталандыру мақсатында бір түбірден тараған сөздерді табуға арналған жарыс сабағын ұйымдастыруына болады. Осы мақсатта қазақ тілінде бір ғана «жел» түбірінен 110 шақты, ал «бас» түбірінен 140-тан астам туынды сөз пайда болғандығы жайлы қызықты ақпарат беруге болады. Туынды сөздерді іздеудегі басты шарт олардың ортақ мағыналық өзегіне, сөзжасамдық ұяға назар аудару екендігін түсінген оқушылар әр сөздің мағынасын топ ішінде талдап, бір-біріне дәлелдеп, белсенді әрекетке кіріседі. Бір түбірден тараған туынды сөздерді топтастыру, олардың мағыналық айырмашылықтарын анықтау, сөйлем ішінде қолдану сияқты тапсырмалар оқушылардың тілдік сезімін қалыптастырады.

Сабақта қазақ тіліндегі туынды сөздерді, яғни түбірге жұрнақ жалғану, сөзжасамдық тәсілдер арқылы жасалған сөздерді жүйелеуге арналған туынды сөздер сөздігін қолдануға болады. Нақты дереккөзбен жұмыс оқушыларға сенімділік береді, алынатын нәтиженің шынайылығына көз жеткізуге мүмкіндік береді, сабақтың тартымдылығын арттыра түседі. Осындай қызу еңбекке құрылған сабақ нәтижесінде оқушылар қазақ тілінде

қандай сөзжасамдық жұрнақтар болатынын, олардың қандай қызмет атқаратынын жақсы білетін болады. Осындай өзіндік зерттеу жұмыстары арқылы алынған білім оқушының сөзтану дағдысын арттыра түседі, бұдан кейін алдында кездескен сөздерге мән беріп жүру, әрбір сөзді құндылық, байлық деп бағалау дағдысын қалыптастыруға ықпал етеді. Әрине, қазіргі оқыту тәжірибесінде де туынды сөздерді құрылымы мен мағынасына қарай талдау жұмыстары жүргізіледі. Құндылық бағдарлы оқытудағы ерекшелік – оқушының тілді сезінуіне әсер ете алу, әрбір сөзге мән бере оқып, қыр-сырын түсінуге ұмтылысын оята алуда жатыр. Қазақ тілін құндылық бағдарлы оқытатын мұғалім әрбір тың сөзді қалт жібермей, оқушының назарын аудартып, оның мағыналық, құрылымдық ерекшелігін жалықпай түсіндіріп, қазақ тілінің байлығын, ата-бабамыздың даналығын үнемі естеріне салып отырады. Сол кезде оқушы механикалық тапсырмаларды мұғалімнің қозғауымен ғана орындап шығып, артынан ұмытып қалмайтын болады, әр сөздің жасалу логикасын түсініп, өміріне қажетті сөзжасам технологиясының құпияларын меңгеретін болады.

Оқушының қызығушылығын арттыру, танымдық белсенділігін дамыту мақсатында «Бұл сөз қалай жасалған?», «Осы түбірден тағы қандай сөздер жасауға болады?», «Бұл сөздің мағынасы неге осылай қалыптасқан?» деген сияқты сұрақтар қойылып, оларды өз бетінше ойлануға жетелейді. Мысал ретінде ұйқы безі органының атауын қазақ халқы ерекше анатомиялық танымменжасағанын, бабаларымыз бұл без өз жұмысын тоқтатса, адамның терең ұйқы халіне (комаға) кететінін білгендіктен осылай атағанын айтуға болады. Салыстыру үшін осы органның басқа тілдерде қалай аталатынын анықтап, талдау жұмысын жүргізуге болады.

Сөзжасамдық білімді меңгертуде оқушының сөзжасамдық мағына мен лексикалық мағынаның арақатынасын сезіну дағдысын қалыптастыру маңызды. Туынды сөздің мағынасы көбіне түбір сөздің бастапқы мағынасы мен оған жалғанған жұрнақтың мағыналық қызметі арқылы қалыптасатынын түсінген оқушы сөздің кездейсоқ пайда болмайтынын, әрбір атаудың артында халықтың өмір тәжірибесі, танымы, бағалауы, қажеті мен

дүниені қабылдау ерекшелігі жататынын, қазақ тіліндегі туынды сөздер заттар мен құбылыстарды атаумен бірге оларды ұлттық таным тұрғысынан саралау, белгілеу, бағалау қызметін де атқаратынын түсінетін болады.

Сөзжасамдық білімді меңгерту барысында оқушыларға тілдің жаңару, толығу, даму үдерісін де түсіндіру қажет. Қоғам өзгерген сайын жаңа ұғымдар пайда болады, ал тіл сол ұғымдарды атау үшін өзінің ішкі мүмкіндіктерін пайдаланады. Қазақ тіліндегі оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым, бағдарлама, қолданушы, әзірлеуші, желі, жүктеме, қолжетімділік тәрізді сөздер тілдің қазіргі заман талабына бейімделе алатын өміршең жүйе екенін көрсетеді. Мұндай мысалдар оқушыға қазақ тілінің тек өткеннің мұрасы ғана емес, қазіргі ғылым, техника, білім, цифрлық кеңістік салаларында да жаңа атаулар жасауға қабілетті қуатты тіл екенін сезіндіреді.

Оқушылардың аксиолингвистикалық құзыреттілігін дамыту үшін сөзжасамдық талдауды келесі кезеңдермен жүргізуге болады: алдымен туынды сөздің түбірі анықталады; одан кейін сөзжасамдық қосымша немесе жасалу тәсілі көрсетіледі; үшінші кезеңде туынды сөздің мағынасы түсіндіріледі; төртінші кезеңде сол сөздің қандай құндылықтық ұғыммен байланысты екені айқындалады; соңында оқушы бұл сөзді сөйлем ішінде қолданып, оның қатысымдық қызметін көрсетеді. Мұндай жүйелі талдау оқушыны сөзді бөлшектеп тануға ғана емес, сөздің мағынасы мен қызметін тұтас қабылдауға үйретеді. Сөзжасамды құндылық бағдарлы оқытудың нәтижесінде оқушы қазақ тілінің ішкі мүмкіндіктерін тереңірек түсінеді. Ол әрбір туынды сөздің белгілі бір мағыналық, танымдық, мәдени негізге сүйеніп жасалатынын байқайды. Сөзге осындай саналы қатынас қалыптасқанда оқушының тілге деген құрметі артады, сөзді орнымен қолдануға, мағынасын дәл түсінуге, жаңа сөздердің жасалу заңдылықтарын аңғаруға дағдыланады. Бұл өз кезегінде оқушының тілдік сауаттылығы мен ұлттық дүниетанымын, сөз мәдениетін, құндылық бағдарын қалыптастыруға ықпал етеді.

ПРАКТИКАЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАР:

1. Кісі есімдерін қысқартып айту – дүниежүзі тілдерінде кездесетін құбылыс. Бұл қазақ тілінде де өнімді әдіс ретінде қолданылады. Қазақ тарихындағы азан шақырылып қойған есімдерімен емес, Абай Құнанбайұлы, Ыбырай Алтынсарин, Сәкен Сейфуллин, Қаныш Сәтбаев т.б. қысқартылған есімдерімен танымал болған атақты тұлғалардың толық есімдері қандай? Осы тізімге тағы қандай тұлғалардың есімдерін қосуға болады? Бұл дәстүр қазақ халқының қандай ерекшеліктерін көрсетеді?

2. «Қазақ грамматикасындағы» қазақ тілінің сөзжасам жүйесі туралы теориялық ақпаратты оқушыларға құндылық ретінде жеткізудің әдістерін көрсетіңіз.

Қай тілдің болмасын сөзжасам жүйесі ұзақ уақыттың ішінде қалыптасқан, ол қысқа аз уақытта тез қалыптаса қалатын құбылыс емес. Көне жазба ескерткіштер тілінде де негізгі түбір сөздермен қатар туынды сөздер болғаны белгілі. Олар: туынды түбір, күрделі сөз, бір сөздің бірнеше мағынада қолданылуы түрінде кездеседі. Басқаша айтқанда, көне жазба ескерткіштер тілінде жаңа сөз жұрнақтар арқылы (тір-іг, біл-іг, ур-уш, иел-ме, өт-унч), сөздердің тіркесуі арқылы жасалды (күнтүз, Темір-қапығ, Қара-құм, Ілтеріс, арқыш-тіркес, секіз он, йеті йуз), сол сияқты бір сөздің бірнеше мағынада қолданылуы да сол кездің сөзжасам жүйесіне жатады: [қат] 1) қабат, қатар; 2) жеміс; 3) жануардың аты; 4) қату; 5) араластыру. Бұл келтірілген мысалдар қазақ тілінің қазіргі сөзжасамдық жүйесінің түп негізі түркі халықтарының ең көне заманынан бастау алғанын көрсетеді.

«Қазақ грамматикасы».

3. Тіліміздегі «тігіс», «ағыс», «сөгіс» сөздері мен «жеңіс», «тыныс», «шабыс», «өзгеріс», «жиналыс», байланыс» сөздерінің мағыналық ерекшеліктерін түсіндіріңіз. «Қазақ грамматикасының» 196-бетіндегі тілдің сөзжасам жүйесінің толығуы, баюы көбіне сөзжасам жұрнақтарының мағыналық құрамының кеңеюі арқылы жүзеге асатыны жайлы ақпаратты пайдаланып, оқушыларға осы сөздердегі «-ыс», «-іс» қосымшаларының мәнін, атқарып тұрған қызметін құндылық ретінде түсіндіру жолдарын ұсыныңыз.

4. Қазақ тіліндегі «-лық/-лік; -дық/-дік; -тық/-тік» өнімді жұрнақтары арқылы жасалған сөздерді үй малы құрал-жабдықтары, үй бұйымдары, киіз үй жабдықтары, географиялық, өсімдікке және шаруашылыққа, тұрмыс-салтқа қатысты атаулар деген тақырыптық топтарға бөліп, жасалу жолдарын, мағыналарын түсіндіріңіз. Осы сөздердің бойынан қазақ халқының мәдени өміріне қатысты қандай ақпараттық кодтарды анықтауға болады?

Ауыздық, егіндік, қалыңдық, жазықтық, терістік, шабындық, желдік, мұрындық, өсімдік, белдік, орындық, түндік, қазандық, қымыздық, оңтүстік, көрімдік.

5. А. Байтұрсынұлының одағай туралы пікірімен танысып, оны оқушыларға түсіндіру жолдарын ұсыныңыз. Одағай туралы білімнің оқушы үшін қандай құндылық мәні бар деп ойлайсыз?

Одағай

Барша шапшаң болған істі көрсету үшін айтылатын, барша жекіру, ақыру, тыйу, қайыру, тоқтату, басу, жұбату үшін айтылатын барша қуаныш, реніш, кейістік, уайым, қайғы, күйінгенде, сүйінгенде, қорыққанда, шошығанда, таңданғанда, тамсанғанда, жан я тән күйзелгенде, қиналғанда, я рахаттанғанда айтылатын сөздер әм шығатын дыбыстар – бәрі одағай болады.

Одағайдан екі түрлі сөз туады:

1) Етістік арқылы, мәселен, лап ету, шап ету, жалт ету, жылт ету, зып ету, сып ету, дік ету, күмп ету, дүрс ету, мырс ету, қылт ету, барт ету, кірт ету, кілт ету, тырс ету, шақ ету, тақ ету, шық ету, зырқ ету, дүк ету, сап ету, қып ету, жып ету.

2) Жұрнақ арқылы, мәселен: лапылдау, шапылдау, жылтылдау, зыпылдау, сыпылдау, дікілдеу, күмпілдеу, дүрсілдеу, күрсілдеу, мырсылдау, тырсылдау, шықылдау, тақылдау, шиқылдау, қыпылдау, жылпылдау.

Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал.

6. Түркітанушы ғалымдардың тарихи тұрғыдан түбірлес деп танылған сөздер жайлы пікірін оқушылармен бірге талдау үшін қандай жетелеу сұрақтарын қояр едіңіз? Қазақ тіліндегі түбірлердің даму өзгерістерін, қызметін зерттеу не үшін маңызды деп ойлайсыз?

Түркітанушы ғалымдар жой - жоқ, той - тоқ, кел - кет сөздерін көне заманда туынды түбір болған түбірлес сөздер деп дәлелдеген. Қазіргі тілдің даму сатысында бұл сөздер туынды түбірлер ретінде танылмайды, олар негізгі түбірлер саналады.

«Қазақ грамматикасы».

7. Тіліміздегі «ай», «бет», «боз», «бой», «ду», «жан», «ақ», «ас», «ат», «бел», «бек», «бу», «жау» деген негізгі түбірлерден 30 бен 50-дің арасында туынды түбірлер жасалады. Осы туынды түбірлерді табу тапсырмасын орындату үшін қандай жетелеуші сұрақтар қояр едіңіз? Қандай құралдар мен тәсілдерді қолдану қажет деп есептейсіз?

9. Ш. Құрманбайұлының қысқарған сөздер жайлы еңбегімен танысыңыз. Бұл жерде сөзге қойылатын қандай талаптар жайлы сөз болып тұрғанын айтыңыз. Ғалымның қысқарған сөздердің қолданысындағы кемшіліктер жайлы пікірінен қандай құндылық мән таба алдыңыз?

Әдетте, сөзжасам үдерісі кезінде пайда болған жаңа сөзбен бірге жаңа мағына да туындайды. Мысалы, әкімдік, жасуша, кеденші, қаржыгер, хаттама т.б. қысқарған сөздер жасалғанда жаңа мағына туындамайды. Соған қарамастан қысқарған сөздер сөзжасам аясында қарастырылады. «Неге бұлай болуы керек?» деген сұрақтың жауабын іздесек, оның ең басты себебі – қысқарған сөздер күрделі толық атаулардың бір нұсқасы ретінде дербес сөз қызметін атқаратындығы. Яғни, қысқарған сөздердің де сөзге қойылатын талаптардың барлығына жауап беретіндігі.

Құрманбайұлы Ш. Қазақ тіліндегі қысқарған сөздер.

10. Қазіргі қазақ тілі: фонетика, лексикология, сөзжасам, морфология оқулығында берілген сөзжасамдық кешенді талдау үлгісімен танысыңыз. Еңбекте берілген сөзжасамдық кешенді талдау үлгісімен танысыңыз. Үлгіні пайдаланып, фонетикалық талдау жасау әдістемесін ұсыныңыз.

Семинар сабағына арналған талқылау сұрақтары:

1. Сөзжасамды құндылық ретінде оқыту дәстүрлі оқытудан несімен ерекшеленеді?
2. Сөзжасам жүйесінің тарихи дамуын көрсету оқушыға қандай танымдық әсер береді?
3. Семантикалық ұстаным арқылы туынды сөздердің мағынасын түсіндірудің тиімділігі неде?

4. Сөзжасамдық ұялармен жұмыс істеу оқушының тілдік сезімін қалай дамытады?

5. Мотивациялық ұстаным оқушылардың шығармашылық ойлауына қалай әсер етеді?

6. Сөзжасамдық білімді өмірде қолданудың қандай маңызы бар?

БӨЖ тақырыбы мен тапсырмасы:

Qazcorpus.kz вебсайтының мүмкіндіктерін пайдаланып, сөзжасамды құндылық бағдарлы оқытуға арналған тапсырмалар құрастыру.

Qazcorpus.kz вебсайтындағы ішкорпустар материалдары негізінде сөзжасамды құндылық бағдарлы оқытуға арналған 3 тапсырма құрастырыңыз. Тапсырмаларды бағалау критерийлерін ұсыныңыз.



Әдебиеттер тізімі:

Ибатов А. Қазақ тілінің туынды сөздер сөздігі. – Алматы: Мектеп, 1988. – 136 б.

Салқынбай А. Қазақ тілі сөзжасамы. – Алматы, 2003. – 217 б.

Қасым Б. Күрделі зат есімдер сөздігі. – Алматы, 1999. – 110 б.

Құрманбайұлы Ш. Қазақ тіліндегі қысқарған сөздер. – Алматы, 1999.

Мамаева Г.Б. Тіркесті күрделі сын есімдер: оқу құралы. – Астана: Елрда, 2005. – 140 б.

Бейсембаева З. Жоғары оқу орнында сөзжасам пәнін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. П.ғ.д. дисс. – Алматы, 2004.

Әдіскер анықтамалығы. – Астана, 2016. – 195 б.

Қазіргі қазақ тілі: фонетика, лексикология, сөзжасам, морфология: ЖОО филология факультетінің білім алушыларына арналған оқулық. - Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2025. - 290 б.

3.5 МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ЖҮЙЕ ЖАЙЛЫ БІЛІМДІ ҚҰНДЫЛЫҚ РЕТІНДЕ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Дәрістің мақсаты:

Қазақ тілінің морфологиялық жүйесі туралы білімді құндылық ретінде меңгерту арқылы оқушының аксиолингвистикалық құзыреттілігін дамыту жолдарын ұсыну.

Қарастырылатын сұрақтар:

1. Қазақ тілінің морфологиялық ерекшеліктерін құндылық ретінде меңгертудің мәні;
2. Морфологияны құндылық бағдарлы оқытудың дидактикалық ұстанымдары;
3. Мәтін негізінде морфологиялық талдау жүргізу әдістемесі.

Тіл оқыту үдерісінің басты мақсаттарының бірі – қатысымдық құзыреттілік қалыптастыру. Қатысымдық құзыреттіліктің құрамдас бөліктерінің ішінде ең маңыздысы – тілдік бірліктерді жағдаятқа сай, орынды таңдай білу дағдысы. Себебі тілдік қатынас барысында айтылатын ойдың мазмұны ғана емес, оны жеткізудің тілдік тәсілдері де үлкен мәнге ие болады. Ойды жеткізудің тілдік тәсілдерін меңгеру үшін қазақ тілінің грамматикалық жүйесі жайлы білімді меңгеру қажет.

Тілдегі сөздердің дұрыс қолданылуы морфологиялық білімге негізделеді. Морфологиялық білім оқушыға оқып шыққан мәтінді, көрген, білген немесе басынан өткізген белгілі бір оқиғаны өз сөзімен, түсінікті етіп жеткізе алу үшін, басқалармен қарым-қатынас барысында өз ойын нақты және сауатты жеткізіп, өзін тұлға ретінде сезіну үшін өте қажет. Грамматиканы оқыту арқылы айтылатын, жазылатын сөзді дұрыс құру жолдары үйретіледі. Тілдің морфологиялық жүйесін меңгеру арқылы оқушы сөздердің құрылымын, олардың түрленуін және грамматикалық формаларын түсінеді. Қазақ тіліндегі әрбір қосымша, әрбір грамматикалық форма белгілі бір мағынаны білдіреді және сөйлеушінің ойын нақтылауға қызмет етеді. Сондықтан

морфологиялық жүйені құндылық ретінде оқытуда ең алдымен оқушыға сөздің тұлғалық өзгерісі ойдың мағыналық дәлдігіне тікелей әсер ететінін түсіндіру маңызды. Қазақ тілі жалғамалы тіл болғандықтан сөз мағынасы мен грамматикалық қатынастар көбіне қосымшалар арқылы беріледі. Бір түбірге әртүрлі қосымша жалғану арқылы жаңа мағына, жаңа грамматикалық қатынас, жаңа сөйлеу мүмкіндігі жасалады. Сөздердің морфологиялық түрлену жүйесін меңгерген оқушы олардың сөйлем ішіндегі мағыналық және синтаксистік байланысын түсінеді, сөйлем құрау, ойды нақты жеткізу дағдысы қалыптасады.

Морфологияны құндылық бағдарлы оқытуда сөз таптарын оқушыға құрғақ жіктеу жүйесі ретінде емес, дүниені тану мен сипаттаудың тілдік тәсілі ретінде түсіндіру маңызды. Зат есімдер айналадағы заттар мен құбылыстарды атауға, сын есімдер олардың сапасын, белгісін, қасиетін сипаттауға, сан есімдер мөлшер мен реттілікті білдіруге, етістіктер әрекет пен қозғалысты жеткізуге, үстеулер әрекеттің мезгілін, мекенін, амалын нақтылауға қызмет етеді. Осы тұрғыдан қарағанда, сөз таптары адамның әлемді тіл арқылы жүйелеуінің, ойды категорияларға бөліп тануының көрінісі болып табылады. Мұндай түсінік оқушыға морфологияны ойлау мәдениетін дамытатын білім саласы ретінде қабылдауға мүмкіндік береді.

Морфологияны оқытуда «грамматикалық қате – қатысымдық кедергі» қағидасын түсіндіру маңызды. Оқушыға жалғауды, шақты, райды, етісті дұрыс қолданбау ойдың бұрмалануына, тыңдаушының қате түсінуіне, сөйлеушінің сауаттылық деңгейіне қатысты теріс әсер қалыптастыруына себеп болатынын нақты мысалдар арқылы көрсету керек. Морфологиялық норма сөйлеу мәдениетінің, өз ойын жауапкершілікпен жеткізудің маңызды шарты ретінде түсіндіріледі.

Қазіргі оқушылар тілінде көп кездесетін қате қолданыстардың қатарында етістіктің аналитикалық форманттарының үстейтін мағынасын түсінбей қолдану, шақ формаларын қате қолдану, етіс, есімше, көсемше формаларының қызметін ажырата алмау т.б. атауға болады. Ауызекі сөйлеу тілінде өткен шақтағы әрекетін баяндау үшін ауыспалы осы шақ формасын қолдану жиі кездеседі. Мысалы: *«Барамын, есікті ашамын, қарасам – ешкім жоқ».* Бұл

– орыс тілінің ықпалымен жасалып тұрған форма. Оқушы шақ формаларының қолданылу жолдарын анық біліп, сауатты сөйлеудің мәнін түсінсе, мұндай олқылықтарға жол бермейтін болады.

Грамматикалық заңдылықтарды оқытуда функционалдық әдісті қолдану маңызды. Функционалдық әдіс бойынша тілдік бірліктер сөйлеу үдерісіндегі қызметі арқылы түсіндіріледі. Белгілі бір грамматикалық форманың білдіретін мағынасы мен нақты қатысымдық жағдаятта атқарып тұрған қызметі қатар қарастырылады. Соның нәтижесінде оқушылар морфологиялық категориялардың грамматикалық сипатымен бірге сөйлем құраудағы және мәтін түзудегі, белгілі бір қатысымдық мақсатты жүзеге асыратын құралдар ретіндегі мүмкіндіктерін терең түсінеді, әртүрлі жағдаятта өз ойын дәл, әсерлі және орынды жеткізе алатын деңгейге жетеді.

Морфологиялық білімді мәтін негізінде меңгертуде талдау нысаны ретінде жеке-жеке алынған жасанды сөйлемдерді ғана емес, мазмұны құнды, тәрбиелік мәні бар, тілдік құрылымы бай мәтіндерді қолданған дұрыс. Мәтіндегі грамматикалық формалар автордың ойын жеткізуге, кейіпкер мінезін ашуға, уақыт пен кеңістікті көрсетуге, әрекеттің сипатын нақтылауға қызмет етеді. Сондықтан оқушы белгілі бір грамматикалық формаларды анықтаумен шектелмей, олардың мәтіндегі мағыналық, стильдік, қатысымдық қызметін анықтауы қажет. Бұл морфологиялық талдауды талдаумен байланыстыруға мүмкіндік береді. Морфологиялық талдауды құндылық бағдарлы ұйымдастыру үшін «форма – мағына – қызмет – құндылық» үлгісін қолдануға болады. Алдымен оқушы сөздің тұлғасын анықтайды, одан кейін оның қандай грамматикалық мағына білдіріп тұрғанын түсіндіреді, үшінші кезеңде сол форманың сөйлемдегі немесе мәтіндегі қызметін көрсетеді, соңында оның ойды дәл жеткізуге, сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға, белгілі бір құндылықтық мазмұнды ашуға қалай қатысып тұрғанын айтады. Мұндай талдау оқушыны грамматикалық форманы сыртқы белгісіне қарап танумен шектемей, оның ішкі мағынасы мен қатысымдық қызметін түсінуге үйретеді.

Қазақ тілінің морфологиялық жүйесі жайлы құндылық бағдарлы білім беруде ережелерді түсінбей жаттату, жаттығуларды механикалық түрде орындатумен шектелуге жол берілмейді. Оқушы орындалатын әрбір тапсырманың қандай пайдалы білім әкелетінін алдын ала болжауы тиіс. Пайдалы білім алу мақсатымен орындалатын тапсырма мәтін ішінде жиі кездесетін белгілі бір грамматикалық формалары анықтап, оларды жинақтай келе қандай жолмен, қалай құрылып тұрғанын, қандай мағынаға ие болып тұрғанын анықтау түріндегі зерттеушілік жұмыс ретінде ұйымдастырылады. Кей жағдайда ұқсас формадағы сөздер әртүрлі жолмен жасалып тұруы мүмкін. Айталық, «*барады», «қарады»* деген сөздерге морфологиялық талдау жасауда етістіктің түбірі дұрыс табылса, ары қарай талдау жасауда қателік орын алмайды.

Қазіргі қазақ тілінің морфологиялық жүйесі құрылымы күрделі, тарихи кезеңдерден бері қалыптасып келе жатқан, өзіндік заңдылықтары бар тұтас жүйе болғандықтан, оның қыр-сырын түсіндіру мұғалімге үлкен жауапкершілік жүктейді. Морфологиялық категорияларды оқытуда салыстыру әдісін кеңінен қолдануға болады. Оқушылар бір түбірден жасалған немесе бір грамматикалық категорияға жататын бірнеше форманы өзара салыстыру, туыстас түркі тілдеріндегі нұсқаларымен салыстыру, тарихи формаларын анықтау арқылы олардың мағыналық айырмашылығын өздері анықтайды. Бұл әдіс оқушыны дайын ережені қабылдаушы емес, грамматикалық мағынаны өзі ашатын зерттеуші тұлға ретінде қалыптастырады.

Оқушыға қазақ тілінің құрылымдық ерекшеліктерін таныту міндетіне жауапкершілікпен қараған мұғалім қажетіне қарай түрлі амал-тәсілдерді, оқушыларды қызықтыратын мысалдарды іздеп табады. Ең бастысы, оқушыларды пайдалы білім алуға ынталандырып, дұрыс құндылық бағдар беріп отыру қажет. Осы мақсатта қазақ тілі сабағында алатын білімнің құндылығына көз жеткізу үшін оқушылармен бірге қазақ тілін сауатты меңгеру арқылы қандай пайдалы білім алуға болатыны жайлы сұхбат жүргізіп отыру маңызды. Сұхбат барысында оқушыларды тілді дұрыс, сауатты қолданатын боламын, ойымды жүйелі жеткізу қабілетім артады, келіссөздерімнің тиімділігі арта түседі, оқыған

мәтіндерді түсінуімнің пайыздық көрсеткіші арта түседі, тілдік еркіндік пен шығармашылық мүмкіндіктерім артады, мәдениет пен тілдің байланысын тереңірек түсінетін боламын, қазақ тілінен басқа да тілдердің құрылымдық жүйесін жақсы түсінетін боламын деген сынды жауаптарды айтуға жетелеу арқылы өз әрекеттерін саналы түрде бағалауларына, болашаққа қатысты мақсаттарын айқындауларына ықпал етуге болады. Морфологиялық білімді бекітуде оқушының өз сөздерін талдату өте тиімді. Оқушы жазған шағын мәтінінен немесе ауызша айтылған жауабының ЖИ арқылы жазба мәтінге айналдырылған нұсқасынан белгілі бір грамматикалық формаларды тауып, олардың дұрыс немесе орынсыз қолданылғанын анықтайды. Бұл әдіс оқушының қате қолданыстарын түсінуіне, болашақта болдырмауға ұмтылуына мүмкіндік береді. Морфологиялық жүйені құндылық бағдарлы оқытудың нәтижесінде оқушы қазақ тіліндегі сөздердің түрлену заңдылықтарын саналы түрде меңгереді, грамматикалық формалардың мағынасын ажыратады, оларды сөйлеу жағдаятына сай орынды қолдануға дағдыланады. Ең бастысы, морфологиялық білім оқушы үшін жаттап алатын ережелер жиынтығы емес, өз ойын дәл, сауатты, мәдениетті және әсерлі жеткізуге мүмкіндік беретін өмірлік қажетті білім ретінде қабылданады. Мұндай білім оқушының қатысымдық құзыреттілігін, тілдік санасын, аксиолингвистикалық құзыреттілігін дамытуға қызмет етеді.

ПРАКТИКАЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАР:

*Сөз бұйымының қалай құралатынын, сөз материалының сыр-сипатын білдіретін ғылым **грамматика** аталады. Грамматика – грек халқының сөзі. Мағынасы – жазу танытқыш деген. Бұлай аталу себебі – ерте кезде грамматика тек жазылған сөзді оқып түсінуге ғана кілт болған. Бүгінде грамматика жазылатын сөзді де, айтылатын сөзді де дұрыс құруға, дұрыс түсінуге үйрететін ғылым болып кетті.*

Жұбанов Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері.

1. Құдайберген Жұбановтың грамматика ғылымы жайлы анықтамасын оқып шығыңыз. Оқулықта берілген анықтамалармен салыстыр. Грамматиканы білудің маңыздылығын түсіндіруге бағытталған сұрақтар құрастырыңыз.

Сөзді дұрыс құраудың жолын білу жазылатын сөзге ала-бөле керек. Өйткені ауызекі сөйленетін сөздің андай-мұндай қисығын елетпейтін басқа жағдайлар бар. Дыбыстап сөйлеген сөздің олқысы көбінесе ыммен толады. Тіпті бірінің тілін бірі білмеген, я болмаса бірінің тілі мүлде жоқ болған уақытта да ыммен лаждап түсінісуге болады. Оның үстіне, сөз-сөздің жігін дыбыс сазымен бірде айырып, бірде қосып айтқан соң, сөздің орны жылжып кеткені де онша байқалмайды. Сөздің әуені де басқа жағынан ұқсас сөздерді айырып тұрады. Дұрыс айтылмағанын сезсе, сөйлеушінің өзі де сөзін қайта түзеп айтып, түсінікті қылады. Мұның бәрі де жеткіліксіз болса, ауызба-ауыз сөйлескен адам қайта сұрап алуына болады.

Жазулы сөзде бұл кеңшіліктердің бірі де жоқ. Кітаптың сөзі қисық болсын, дұрыс болсын, қалай жазылған болса, солай оқылады; қалай оқылса, солай түсініледі немесе түсініксіз күйімен қалып қояды. Мұнда жазған кісіден қайта сұрап алуға болмайды. Жазылған сөздің бөлшек-бөлшегін және тыныс белгілерін өте сақтықпен өз орнына қоймасаң, мұнда оның олқысын толтыратын ым да, дыбыс әуені де жоқ. Сондықтан, әсіресе, жазылатын сөздің қалай құру тетігін білу өте қажет.

Сөзді қалай құрудың тетігін білу ауызекі сөз үшін де аса керекті. Өйткені топта сөйлейтін сөз де жазу тілі сияқты. Мұнда да екі кісі отырып сөйлескендегідей кеңшілік жоқ.

Жұбанов Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері.

2. Қ. Жұбановтың сөзді дұрыс құрауды білудің қажеттілігі туралы пікірін оқып шығыңыз. Оқушының осы мәтінді талдап, түсінуіне мүмкіндік беретін әдіс-тәсілдерді айтыңыз / көрсетіңіз. Оқушы осы пікірді естіген кезде қандай әсер алуы мүмкін, қандай ой түюі мүмкін?



3. Етіс категориясын оқытудың көкейкесті мәселелері жайлы ғылыми-әдістемелік мақаланы оқып шығыңыз. Авторлар пікіріне не алып-қосар едіңіз? Мектеп оқулығындағы етіс категориясын оқытуға арналған тапсырмалар жүйесімен байланыстырып, тұжырым жасаңыз.



4. «Қазақ грамматикасының» 507-511-беттеріндегі теориялық мәліметтерді қолданып, оқушыларға етіс категориясын түсіндіруге арналған дидактикалық материал дайындаңыз.



5. Сөзді сауатты қолданудың басты шарты не деп ойлайсыз? Қазіргі оқушылар тіліндегі қате қолданыстар жайлы пікірталас ұйымдастырсаңыз оқушыларға қандай құндылық бағдар көрсетер едіңіз?

6. А. Байтұрсынұлының сөз дұрыстығы жайлы пікірі оқушының тілдік санасын қалыптастыруға қандай әсер етуі мүмкін? Осы үзіндідегі «айтылу, жұмсалу, өзгерту, тұтыну, ыңғайластыру, орайластыру, құрмаластыру, орналастыру» деген етістіктер қандай қызмет атқарып тұр?



Сөз дұрыс айтылуы деп әр сөздің, әр сөйлемнің дұрыс күйінде жұмсалуы айтылады. Олай болу үшін керек:

Сөздердің тұлғасын, мағынасын өзгертетін түрлі жалғау, жұрнақ, жалғаулық сияқты нәрселерді жақсы біліп, әрқайсысын өз орнына тұтыну;

Сөйлем ішіндегі сөзді дұрыс септеп, дұрыс көптеп, дұрыс ыңғайластыру; сөйлемдерді бір-біріне дұрыс орайластырып, дұрыс құрмаластырып, дұрыс орналастыру.

А. Байтұрсынұлы. Әдебиет танытқыш.

7. «Қазақ грамматикасында» берілген қалып етістіктерінің тарихи және қазіргі сипаты туралы теориялық мәліметтерді қолданып, оқушыларға осы ақпаратты түсіндіруге арналған дидактикалық материал дайындаңыз.

Басқа шақ түрлеріне қарағанда осы шақтың жасалуында кейбір ерекшелік бар. Ол қалып етістіктерінің отыр, тұр, жатыр, жүр негізгі етістік мәнінде немесе негізгі етістіктің көсемше (-а, -е, -й, -ып, -іп, -п) тұлғасына қалып етістіктерінің көмекші етістік мәнінде тіркесіп, тікелей жіктеліп барып жасалуында. Шақтық мән отыр, тұр, жатыр, жүр қалып етістіктерінің өз семантикасында бар. Көне кезде: ***отыр - олтұрұр, тұр - тұрұр, жүр-жүрүр, жат-жатыр.*** *Осы тұлғасын тек жатыр етістігі сақтап қалған. Сөз соңындағы -ұр, -үр қосымшасы процессуальдық мәнді, болып тұрған қимылды білдірген.*

Сөйтіп, қосымша түсіп қалса да, қосымша білдіретін мағына түбірге ауысқан, қалып етістіктері (отыр, тұр, жатыр, жүр) осы күйінде шақ көрсеткіші де болып қалыптасқан. Сондықтан да қалып етістіктері тіліміздегі барлық етістіктерден өзгеше болып келеді. Әрі түбір етістіктер сияқты бұйрық райдың екінші жақ анайы жекеше түрімен сәйкес келеді: сен отыр, сен жүр, сен тұр, бірақ сен (жатыр емес) жат, әрі тікелей ешбір есімше, көсемше, шақ

рай тұлғаларсыз-ақ жіктеле алады да, сөйлемде тікелей қолданыла береді. Сөйтіп, қазіргі тұрғыдан нақ осы шақ арнайы грамматикалық тұлғаларынсыз-ақ қалып етістіктерінен жасалады да, ал тарихи тұрғыдан грамматикалық тұлғалары болған деген тұжырым жасауға болады.

«Қазақ грамматикасы».

8. «Қазақ грамматикасынан» және т.б. дереккөздерден I, II жақ жіктік жалғауларының жіктеу есімдіктерімен генезистік байланысы жайлы ақпаратты оқып шығып, оқушыға түсіндіру жолдарын ұсыныңыз.



1-2-жақ жіктік жалғаулары жіктеу есімдіктерінен (-мы н, -м ін, -бын, -бін, -пын, -пін тұлғалары мен дегеннен, -сың, -сің, сен дегеннен, -сыз, -сіз, сіз дегеннен, сондай-ақ біз сөзінен -мыз, -міз, -быз, -біз, -пыз, -піз сендер дегеннен -сыңдар, -сіңдер, сіздер дегеннен -сыздар, -сіздер жасалып) қалыптасқаны белгілі. Бұнымен бірге 1-2-жақ жіктік жалғаулары 1-2-жақта кейбір дыбыстық өзгерістерге түсіп, түрін өзгертіп, 1-жақта -м , мысалы, келді-м, барса-м, бара-мын дегеннің сөйлеу тілде барам болуы сияқты дамудың салдары болу керек, 2-жақта -ң, мысалы, келді-ң, барса-ң немесе сыпайы -ңыз, -ңіз: келді-ңіз, барса-ңыз болуын көрсете кеткен жөн.

«Қазақ грамматикасы».

9. Жақ категориясы мен жіктік жалғаулары жайлы мектеп оқулықтары мен ғылыми еңбектерде беріліп жүрген ақпараттарды салыстырыңыз. Оқушыға осы категориялардың ерекшеліктерін тереңірек сезіндіру мақсатында тағы қандай құнды ақпараттар беруге болады деп ойлайсыз?

Жақ категориясы

Әдетте мектеп оқулықтары мен грамматикаларда жақ ұғымы таза морфологиялық қана тұрғыдан жіктік жалғау я жіктелу деген парадигмалық жүйенің шеңберінде көрсетіліп келді. Бірақ одан жіктік жалғаудың табиғаты толық ашыла алмайды, әсіресе оның жақтық сипаты мен сөйлеу процесіндегі қызметі айқындалмай қалады. Рас, оқулықтар мен грамматикаларда беріліп жүрген жіктік жалғау жүйесінде оған жақтық сипат та берілген. ...Сөздердің жіктелу жүйесі, бір жағынан, морфологиялық түрлену тұлғаларының жүйесі, екінші жағынан, сол арқылы берілетін грамматикалық мағыналар жиынтығы арқылы грамматикалық категория болып танылатыны рас. ...Жіктік жалғаудың сонымен бірге сөйлем құрауға, сөйлемді тиянақтап, ой білдіруге тікелей қатысы бар... Сондықтан да түркологияда жіктік жалғауын баяндауыш (предикат) қосымшасы немесе баяндауыш категориясының тұлғасы деп атайды.

«Қазақ грамматикасы».

10. Қазіргі қазақ тілі: фонетика, лексикология, сөзжасам, морфология оқулығында берілген морфологиялық кешенді талдау үлгісімен танысыңыз. Үлгіні пайдаланып, морфологиялық талдау жасау әдістемесін ұсыныңыз.

Семинар сабағына арналған талқылау сұрақтары:

1. Морфологияны құндылық ретінде оқыту грамматиканы дәстүрлі түрде оқытудан несімен ерекшеленеді?
2. Морфологияны құндылық бағдарлы оқытуда жұмсалымдық ұстаным қалай жүзеге асады?

3. Грамматикалық формалардың мәтіндегі қызметін түсіну оқушының сөйлеу тілінің дамуына қалай әсер етеді?

4. Морфологиялық қателердің пайда болу себептері қандай?

5. Морфологиялық білімді өмірде қолданудың маңызы неде?

6. Мәтінге морфологиялық талдау жасау оқушының қандай қабілеттерін дамытады?

БӨЖ тақырыбы мен тапсырмасы:

Морфологияны құндылық бағдарлы оқытуға арналған шығармашылық тапсырма әзірлеңіз. Ең жақсы оқитын оқушының жұмысы қандай болуы мүмкін? Өзіңіз орындап көрсетіңіз. Бағалау критерийлерін құрастырыңыз.

Әдебиеттер тізімі:

Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. – Алматы, 2009. – 348 б.

Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 2013. – Т.1. – 384 б.

Жұбанов Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2013. – 640 бет.

Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер.- Алматы: «Ғылым», 1966. – 362 б.

Жұбанов Қ. Қазақ тілінің грамматикасы. Кітапта: Шығармаларының толық жинағы. – Ақтөбе: Жұбанов университеті, 2019. – 584 б.

Оралбай Н. Қазақ тілінің морфологиясы. ЖОО-на арналған оқулық. – Алматы, 2007.-390 б.

Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. - Астана, 2002. - 784 бет.

Сүлейменова Ж. Қазіргі қазақ тілі морфологиясын оқытудың әдістемесі. – Алматы: Мұрагер, 2006. – 348 б.

Қадырқұлов Қ., Садықова Р. Етіс категориясын оқытудың көкейкесті мәселелері // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, «Филология ғылымдары» сериясы. - № 2 (56). - 2016. – 206-209 б.

3.6 СИНТАКСИСТІК ЖҮЙЕ ЖАЙЛЫ БІЛІМДІ ҚҰНДЫЛЫҚ РЕТІНДЕ МЕҢГЕРТУДІҢ АКСИОЛИНГВОӘДІСТЕМЕСІ

Дәрістің мақсаты:

Қазақ тілінің синтаксистік жүйесі туралы білімді құндылық ретінде меңгерту арқылы оқушының сөйлеу мәдениеті мен тілдік тұлғасын дамыту жолдарын ұсыну.

Қарастырылатын сұрақтар:

1. Қазақ тілінің синтаксистік жүйесін құндылық бағдарлы оқытудың маңызы;
2. Синтаксисті құндылық бағдарлы оқытудағы жұмсалымдық және семантикалық ұстанымдар;
3. Морфология мен синтаксистің өзара байланысын мәтін негізінде оқыту;
4. Синтаксистік нормаларды меңгерту арқылы сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.

Тілдің синтаксистік заңдылықтарын меңгеру тілдік сауаттылықты арттырумен қатар оқушының мәдени, рухани және зияткерлік дамуына ықпал етеді. Синтаксистік жүйені терең игеру арқылы оқушы өз ойын анық, жүйелі және әсерлі түрде жеткізе алу мүмкіндігіне ие болады. Қазіргі цифрлық қоғам жағдайында кітап оқу үрдісі азайып, әлеуметтік желілер арқылы хабарлама, пікір жазу үрдісі артқан кезде синтаксистік білімді жүйелі түрде меңгеру ерекше мәнге ие. Синтаксистік жүйені құндылық ретінде меңгертуде ең алдымен оқушыға сөйлемнің адамның ойын жүйелі жеткізетін негізгі тілдік құрылым екенін түсіндіру маңызды. Адамның ойы ретсіз, шашыраңқы болса, оның сөйлемі де жүйесіз құрылады. Ал сөйлемді дұрыс құрау – ойды тәртіпке келтірудің, өз пікірін түсінікті жеткізудің, тыңдаушыға құрметпен қараудың белгісі.

Қазақ тілінің синтаксистік жүйесі – ұлттық дүниетаным мен тарихи жадының тілдегі көрінісін айқындайтын маңызды қабат.

Синтаксистік құрылымдарды дұрыс меңгеру арқылы оқушы қазақ халқының бай көркем әдебиетін, шешендік өнерін, ұлттық мәдениетті таниды, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлттық мәдени кодты құрметпен қабылдап, тарихи сабақтастықты жалғастырып, өз пайдасына жаратып, мақтанышпен қолдану мүмкіндігіне ие болады.

Синтаксис – сөздердің тіркесу заңдылықтарын, сөйлем құрылымын және олардың мәтін ішіндегі қызметін зерттейтін тіл білімінің күрделі бір саласы. Синтаксистік жүйенің заңдылықтарын білу оқушыға әлемнің тілдік бейнесінің ерекшеліктерін тану мүмкіндіктерін береді, лингвистиканың барлық деңгейлерін ескере отырып, лексика, морфология және грамматикадағы өзгерістерді анықтап, бағалау дағдыларын дамытады. Тілдік бірліктердің барлығы жиналып келіп, синтаксистік құрылым арқылы ғана сөйлеу құралына айналады. Сондықтан синтаксистік жүйені тілдің қатысымдық қызметін қамтамасыз ететін негізгі механизм деп тануға болады. Сөйлеу барысында адамның танымдық тәжірибесі, әлем туралы түсінігі, эмоциясы мен бағалауы синтаксистік құрылымдар арқылы көрініс табады. Адам сөйлем құрау арқылы ақпарат жеткізеді, көзқарасын білдіреді, қарым-қатынасқа түседі және өзге адамдарға ықпал етеді.

Синтаксисті морфологиялық біліммен ұштастыра оқытуда сөйлем ішіндегі грамматикалық тұлғалардың қызметіне назар аударылады. Септік жалғаулары сөздерді меңгерте байланыстырса, жіктік жалғауы бастауыш пен баяндауыштың қиысуын қамтамасыз етеді, тәуелдік жалғауы мен ілік септігі матаса байланысқан тіркестерді жасайды. Мысалы, оқушының кітабы, мектепке барды, досымен сөйлесті, біз оқимыз сияқты тіркестер мен сөйлемдерде морфологиялық тұлғалар синтаксистік байланысты жүзеге асырып тұр. Бұл оқушыға тіл деңгейлерінің өзара тұтастығын түсіндіреді.

Қазақ тілінің синтаксистік құрылымын құндылық бағдарлы оқытуда сөздердің орын тәртібіне ерекше назар аударылады. Қазақ тілінде сөйлем мүшелерінің орналасуында белгілі бір табиғи жүйе бар. Әдетте баяндауыш сөйлем соңында келіп, айтылатын ойды тиянақтайды. Бұл ерекшелік қазақ тілінің ой

құрау жүйесін, сөйлеу табиғатын танытады. Оқушы сөз тәртібінің өзгеруі сөйлем мағынасына, стильдік реңкіне, ой екпініне әсер ететінін түсінген кезде синтаксистік норманы саналы сақтауға дағдыланады. Әсіресе өзге тілдердің ықпалымен жасалатын жасанды сөйлем құрылымдарын түзету жұмыстары оқушының тілдік талғамын қалыптастырады.

Синтаксистік білімді құндылық ретінде оқытуда ережелер оқушы үшін бір күрделі, ауыр, түсініксіз дүние ретінде әсер етпеуі тиіс. Мәнін түсінбей, жаттап оқып, кейін ұмытылып қалатын ақпаратты білім деп санауға болмайды. Синтаксистік тақырыптарды меңгеруге арналған тапсырмалар да оқушы орындап болғанша асығып, жазудан қолы талып, шаршап отырып орындалатын механикалық әрекет түрде ғана қалып қоймауы тиіс. Сыныпта мұғаліммен бірге қызығушылықпен, өзім үшін пайдалы білім алайын деген ниетпен, зерттеушілік тұрғыда орындалған тапсырма үлгілерін ары қарай күнделікті өмірде, нақты бір жағдаяттарда қолданып көріп, содан шабыт алып, қажетіне жаратқанына қуанатындай деңгейде жүйелі, саналы әрекет түрінде жалғасын тауып жатуы тиіс.

Синтаксистік қатынастарды жүзеге асыратын негізгі құралдар – сөздердің грамматикалық формалары. Сөздер морфологиялық тұлғалар мен грамматикалық категориялар арқылы байланысқа түседі. Септік, көптік, жіктік, жақ, шақ сияқты категориялар морфологияның зерттеу нысаны болумен қатар синтаксистік байланыстарды айқындайтын маңызды көрсеткіштер ретінде де қарастырылады. Сондықтан синтаксисті оқытуда оны біртұтас грамматикалық жүйенің өзара тығыз байланысты екі қыры ретінде морфологиямен сабақтастықта оқыту қажет. Ол сабақтастық сөйлемді оқшау бірлік ретінде қарастырмай, мәтін құрамындағы қызметімен бірге талдау негізінде жүзеге асырылады. Мәтін тілдік бірліктердің қызметін толық ашатын негізгі орта болғандықтан, синтаксистік құрылымдарды мәтін негізінде талдау оқушыларға сөйлемдердің өзара байланысын, логикалық жүйесін және мағыналық тұтастығын түсінуге мүмкіндік береді. Мәтін ішіндегі сөйлем семантикасы мен прагматикасы, ойтүйін (пропозиция), сөйлемнің актуалды мүшеленуі сияқты ұғымдарды анықтау

синтаксистік білімнің мазмұнын кеңейтеді. Бұл бағыттар арқылы сөйлемнің құрылымдық сипатымен бірге ақпараттық мәні, қатысымдық мақсаты және мәтіндегі қызметі терең түсіндіріледі.

Қазақ шешендік өнерін синтаксисті оқытуда тиімді пайдалануға болады. Шешендік сөздерде ойдың ықшамдығы, сөйлемнің дәлдігі, ырғақтылығы, параллель құрылымдар, қайталаулар, сұрақ-жауап үлгілері мол кездеседі. Мысалы, билер сөзіндегі қысқа да нұсқа сөйлемдер, мақал-мәтелге айналған тұжырымдар оқушыға қазақ тілінің синтаксистік қуатын, ойды аз сөзбен терең жеткізу мүмкіндігін танытады. Мұндай мәтіндермен жұмыс синтаксистік білімді ұлттық сөз өнерімен ұштастырады.

Мәтін негізінде синтаксистік талдау жүргізуде сөйлемдердің бір-бірімен қалай байланысып тұрғанын анықтау маңызды. Әрбір сөйлем жеке тұрған кезде белгілі бір ойды білдіргенімен, мәтін ішінде ол алдыңғы және кейінгі сөйлемдермен мағыналық байланысқа түседі. Оқушы мәтіндегі сөйлемдердің байланысу тәсілдерін, қайталанатын тірек сөздерді, есімдіктер арқылы байланысуды, жалғаулықтардың қызметін, ойдың бірте-бірте дамуын анықтаса, мәтіннің ішкі құрылымын түсіне бастайды. Бұл оның өз мәтінін жүйелі құрастыруына көмектеседі.

Синтаксисті оқытуда абзац құрау дағдысын қалыптастыруға ерекше көңіл бөлу қажет. Абзац – ойдың белгілі бір бөлігі жинақталатын мәтіндік құрылым. Оқушы әр абзацта бір негізгі ой болатынын, сол ойды ашатын бірнеше сөйлем өзара логикалық байланыста құрылатынын түсінуі тиіс. Абзац ішіндегі алғашқы сөйлем ойдың басталуын, кейінгі сөйлемдер оның дамуын, соңғы сөйлем қорытындысын білдіретінін үйрету оқушының жазба тілін жүйелеуге мүмкіндік береді. Бұл синтаксистік білімнің мәтін құраудағы практикалық маңызын арттырады.

Қазіргі тілдік ортада синтаксистік нормалардың бұзылуы, әсіресе жастар тілінде жиі байқалады. Әлеуметтік желілердің ықпалымен сөйлем құрылымының ықшамдалуы, өзге тілдердің әсерінен сөз тәртібінің өзгеруі сияқты құбылыстар орын алуда. Сондықтан синтаксистік нормаларды меңгертуде оқушының күнделікті сөйлеуіндегі және жазбасындағы нақты қателермен жұмыс жүргізу тиімді. Әлеуметтік желі тіліндегі қысқа, толық құрылмаған, өзге тілдің үлгісімен жасалған сөйлемдерді

талдатып, олардың әдеби тіл нормасына сай нұсқасын құрату оқушыға синтаксистік білімнің өмірлік маңызын түсіндіреді. Мысалы, сөз тәртібі бұзылған, бастауыш пен баяндауыш қиыспаған, сөйлем мүшелері орынсыз қайталанған құрылымдарды түзету арқылы оқушы өз сөйлеуіне сын көзбен қарауға үйренеді. Қазақ тілінің синтаксистік жүйесі жайлы білімді құндылық ретінде меңгертуді тіл мәдениетін сақтаудың маңызды шарты ретінде қарастыруымыз керек. Бұл қазақ тілі мұғалімдеріне құндылық бағдарлы әдіс-тәсілдерді қолданып, әр сабағын барынша пайдалы етіп өткізу үшін өз кәсібіне, пәніне деген құндылық қатынасын қалыптастыру міндетін жүктейді.

Синтаксистік талдауды құндылық бағдарлы ұйымдастыру үшін «құрылым – мағына – қызмет – әсер» үлгісін қолдануға болады. Алдымен оқушы сөйлемнің құрылымын анықтайды, одан кейін қандай мағына беріп тұрғанын түсіндіреді, үшінші кезеңде сөйлемнің мәтіндегі қызметін көрсетеді, соңында оның оқырманға немесе тыңдаушыға қандай әсер тудырып тұрғанын бағалайды. Мұндай талдау оқушыны сөйлемді тек грамматикалық нысан ретінде емес, ойды жеткізетін, сезімге әсер ететін, құндылықтық мазмұнды танытатын тілдік бірлік ретінде қабылдауға үйретеді.

Синтаксистік білімді бекітуде оқушының өз мәтінін талдату тиімді нәтиже береді. Оқушы жазған эссе, пікір, әңгіме немесе хабарламасынан сөйлем түрлерін, сөз тіркестерін, құрмалас сөйлемдерді, сөйлемдердің байланысу тәсілдерін анықтап, қай жерде ой жүйелі, қай жерде сөйлем құрылысы әлсіз екенін талдайды. Өз мәтінін түзету арқылы оқушы синтаксистік білімнің жеке сөйлеу тәжірибесіне тікелей қатысты екенін сезінеді. Бұл әдіс оқушының жазба тілін, өзін-өзі бағалау және редакциялау дағдысын дамытады.

Синтаксисті құндылық бағдарлы оқытудың нәтижесінде оқушы сөйлемді дұрыс құрап, сөздерді мағынасына қарай орынды байланыстыруды, мәтін ішіндегі ой жүйесін сақтауды, синтаксистік құрылымдарды әртүрлі сөйлеу жағдаятына сәйкес таңдап қолдануды меңгереді. Ең бастысы, синтаксистік білім оқушы үшін өз ойын мәдениетті, жүйелі, дәл және әсерлі жеткізуге мүмкіндік беретін, сөйлеу мәдениетін, логикалық

ойлауын, тілдік тұлғасын және аксиолингвистикалық құзыреттілігін дамытуға қызмет ететін құнды құрал ретінде танылады.

ТАПСЫРМАЛАР:

1. Ахмет Байтұрсынұлының сөйлем жүйесі туралы пікірін оқып шығыңыз.

Ауызша шыққан сөздің бәрі сөйлем бола бермейді, айтушының ойын тыңдаушы ұғарлық дәрежеде түсінікті болып айтылған сөздер ғана сөйлем болады. Сондықтан сөйлемнің жаны – сөздердің басы мағыналы болып құрылуы (қысқа айтқанда, сөйлемнің мағынасы). Олай болмаса, құр сөздердің басын құрап айтқанмен, сөйлем болмайды. Сөйлем ішіндегі сөздердің басын түсінікті етіп құрастыру, сөйлемдерді түсінікті етіп жасау туралы сөз табиғатынан шыққан түрлі заңдар, тәртіптер бар – қысқасынан айтқанда, өз алдына білерлік толып жатқан білімдер бар. Ол білімдер сөйлем жүйесі деп аталады.

Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал.

2. QR–код арқылы Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл – құрал» еңбегімен танысыңыз. А. Байтұрсынұлының сөйлем жүйесі мен түрлері туралы тұжырымдарының қай тұстарын оқушыға қосымша ақпарат ретінде ұсынуға болады деп ойлайсыз?

3. Синтаксисті семантикалық тұрғыдан оқытуда қолданылатын лингвистикалық әдістер жайлы ғылыми-әдістемелік мақаланы оқып шығып, сыни пікір білдіріңіз. Синтаксисті

оқытуда тағы қандай тиімді әдістерді қолдануға болады?

4. Оқшау сөздерді оқыту жайлы ғылыми-әдістемелік мақаланы оқып шығыңыз. Мақалада Ғ. Бегалиевтің әдістемесі қалай ашылған? Авторлар ұсынған заманауи мультимедиалық құралдарды пайдалану жолдарына тағы нелерді жатқызар едіңіз?



Ғ. Бегалиевтің еңбектері жайлы қосымша ақпараттар іздеңіз.

5. Ж. Жақыповтың сөйлем мүшелері теориясы туралы мақаласын оқып шығыңыз. Тұрлаулы мүшелерді оқытуда қандай мәселелерге назар аударған жөн деп санайсыз? Предикативтілікті анықтауда неге назар аудару қажет? Үйірлі мүшені оқушыға қандай мысалдар арқылы түсіндірер едіңіз?



Тұрлаулы мүшеге байланысты тиянақталмаған бір мәселе – «бастауыш басым ба, баяндауыш басым ба» дейтін сұраққа бірегей жауап табылмай тұрғандығы. Бұл оқыту әдістемесінен де байқалады. Өткен ғасырдың 70-80-жылдары сөйлемді синтаксистік талдау бастауышты іздеп табудан басталатын еді. Сонан соң бұл баяндауышты іздеп табудан басталатын болды.

...Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері – бастауыш пен баяндауыштың сөйлемтүзімдегі қызметі бірдей. Сөйлемнің негізгі тірегі предикативтілікті жасауда олардың бірі басты, екіншісі кейінгі бола алмайды. Алайда сөйлемнің ядросы баяндауыш болады.

Жақыпов Ж.А. Сөйлем мүшелері теориясына.

6. Qazcorpus.kz вебсайтындағы «Оқу ішкорпусынан» сөз тіркестерінің байланысу түрлері мен тәсілдеріне қатысты мысалдар іздеп тауып, тапсырма құрастырыңыз. Тапсырманы бағалау критерийін ұсыныңыз.



7. Qazcorpus.kz вебсайтындағы «Жазушылар ішкорпусынан» құрмалас сөйлемдерге мысалдар іздеп тауып, тапсырма құрастырыңыз. Тапсырманы бағалау критерийін ұсыныңыз.



Семинар сабағына арналған талқылау сұрақтары:

1. Синтаксисті құндылық ретінде оқыту дәстүрлі оқытудан несімен ерекшеленеді?
2. Сөйлем құрылымын меңгеру адамның қатысымдық қабілетіне қалай әсер етеді?
3. Мәтін негізінде синтаксистік талдау жүргізудің артықшылықтары қандай?
4. Қазіргі жастар тіліндегі синтаксистік нормалардың бұзылу себептері қандай?

БӨЖ тақырыбы мен тапсырмасы:

ЖИ құралдарын қолданып, синтаксисті құндылық бағдарлы оқытуға арналған тапсырма әзірлеу

ЖИ құралдарын қолданып, синтаксисті құндылық бағдарлы оқытуға арналған тапсырма әзірлеңіз, тапсырманы әзірлеу және орындату бойынша мұғалімге арналған әдістемелік нұсқаулығын қоса ұсыныңыз.

Әдебиеттер тізімі:

Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал (Сөйлем жүйесі мен түрлері). Үшінші тіл танытқыш кітап. – Қызылорда, 1925.

Арғынов Х. Қазақ тілі синтаксисі методикасының негіздері. – Мектеп, 1969. – 296 б.

Шалабай Б. Қатысым синтаксисі. – Алматы, 1998. – 56 б.

Ерназарова З.Ш. Сөйлеу тілі синтаксисінің прагмалингвистикалық аспектісі. – Алматы, 2001. – 215 б.

Құрманова Н. Қазақ мектептеріндегі сөз тіркесі синтаксисін дамыта оқыту технологиясының ғылыми-әдістемелік негіздері: пед .ғыл. док. ... дис. – Алматы, 2004. – 245 б.

Рахметова Р.С. Қазақ тілі синтаксисін қатысымдық-танымдық тұрғыдан оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері (ЖОО филолог мамандықтары үшін). ДДА., Алматы, 2010. - 58 б.

Жанбиршиева А. С., Мамбеталиева А. Қ. Синтаксистік ұғым қалыптастыруда жаттығулар жүйесінің алатын орны // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2011. – Т. 134. – №. 4.

Жакупов Ж.А. Қазақ тілінің функционалдық синтаксисі (контекст проблемасы): 10.02.02: филол. ғыл. док. ... автореф. – Алматы, 1999. – 63 б.

Жақыпов Ж. Сөйлем мүшелері теориясына // Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2021. – 136(3). – 31-38 б.

Дуйсенова К., Тургунов Е. Синтаксисті семантикалық тұрғыдан оқытуда қолданылатын лингвистикалық әдістер // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы. – 2020. – Т. 2. – №. 2 (72). – С. 535-543.

Жәнгірова Н., Қалыбаева Қ. Жаңартылған білім мазмұны аясында оқшау сөздерді оқытуда Ғ. Бегалиевтің әдістемесі мен заманауи мультимедиалық құралдарды пайдалану (7-сынып) // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2023. – Т. 85. – № 3. – С.

3.7 СТИЛЬДІК ЖҮЙЕ ЖАЙЛЫ БІЛІМДІ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Дәрістің мақсаты:

Қазақ тілінің стильдік жүйесін құндылық тұрғысынан меңгерту арқылы тілдік құралдарды қатысымдық жағдаятқа сай саналы таңдап қолдана алатын, жоғары деңгейдегі қатысымдық және тілдік талғамы қалыптасқан тұлға тәрбиелеу жолдарын білім алушылармен бірге талдау.

Қарастырылатын сұрақтар:

1. Қазақ тілінің функционалдық стильдер жүйесі жайлы білімді меңгертудің құндылық мәні;
2. Стилистиканы оқытудың ғылыми-әдістемелік (функционалдық, қатысымдық, мәтіндік, лингвомәдени) ұстанымдары;
3. Стилистиканы оқыту әдістері және стильдік дағдыларды қалыптастыру жолдары;
4. Стилистикалық білімді құндылық бағдарлы меңгерту арқылы тілдік тұлға қалыптастыру.

Тіл стилистикасы тіл білімінің маңызды салаларының бірі ретінде мазмұн мен форма бірлігіндегі сөз құдіретін танып-білуге мүмкіндік береді, стиль түрлері мен тілдік құралдардың экспрессивтік, эмоциялық, бағалауыштық қасиеттерін, сондай-ақ грамматикалық бірліктердің ерекше реңкпен қолданылуын, тілдік бірліктердің мәтін ішіндегі қызметін, олардың әсер ету әлеуетін түсіндіреді. Стилистиканың міндеті тіл бірліктерінің жұмсалуын бағалау болғандықтан, сөз мәдениетімен байланыста қарастырылады. Соған байланысты стилистиканы құндылық ретінде меңгерту тілдік құбылыстарды түсіндіру арқылы сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға, оқушының қатысымдық қабілетін жетілдіре түсуге ықпал етеді.

Қазақ тілінің стилистикасын меңгертудің ғылыми-әдістемелік негіздері тіл біліміндегі функционалдық бағыттың

дамуымен тығыз байланысты. Стилистика тілдік бірліктердің белгілі бір қатысымдық мақсатқа сай жұмсалуын, адресатқа ықпал ету мүмкіндігін, мәтін құраудағы таңдалу себептерін қарастырады. Сондықтан стилистиканы оқыту үдерісінде басты назар тілдік құралдарды орынды қолдану, сөйлеу жағдаятына бейімдеу, жанр талаптарын сақтау, мәтінді құрылымдау және редакциялау дағдыларын қалыптастыруға аударылады.

Қазақ тілі сабағында оқушы функционалдық стильдер жүйесінің тілдік құралдарын, әр стильге тән лексика-грамматикалық ерекшеліктерді таниды, экспрессивтік-эмоциялық бояудың мәтіндегі қызметін ажыратуды меңгереді. Қазақ тілі сабақтарында оқу мәтіндерінің стильдік ерекшеліктерін тану үдерісі оның сыртқы формалық сипаттарын анықтаумен ғана шектеліп жататын жағдайлар жиі кездеседі. Сол стильді тудыруда қолданылатын басты тілдік құралдарды тауып, олардың қолданылу ерекшеліктерін егжей-тегжейлі талдауға уақыт бөлінбей, оның орнына мәтін мазмұнын баяндауға көп уақыт жұмсалып жатады. Бұл олқылық жүйелі сипатқа ауысқан кезде қазақ тілі пәні өзінің бастапқы мәнін жоғалтады. Сөзді, тілді танытып, оны өз өмірін сапалы ететін құрал ретінде оңтайлы қолдану жолдарын үйретудің орнына мәтінде баяндалған мәселені, оқиғаны, кейіпкерді, жағдайды талдап, өз мақсатынан ауытқыған түсініксіз пәнге айналады. Қазақ тілінің стилистикалық заңдылықтарын құндылық ретінде меңгерген кезде оқушы мәтіннің жанрлық ерекшеліктеріне байланысты нақты сөйлеу жағдаятындағы коммуниканттардың рөліне, әр сөздің қолданылу мақсатына назар аударып, коммуникация мәдениетінің деңгейін сыни тұрғыдан бағалап, сол білімді өзі қай жерде, қалай қолдана алатыны жайлы болашаққа ой жүгіртеді, біртіндеп өз қолданысына енгізіп көріп, әр жетістігіне қуанып, жоспарлы түрде әрекет етеді. Стилистикалық жүйені құндылық ретінде оқытуда ең алдымен оқушыға әр сөздің, әр сөйлемнің белгілі бір ортаға, мақсатқа, адресатқа сай таңдалатынын түсіндіру маңызды. Адамның тілдік мәдениеті оның не айтқанынан ғана емес, қалай айтқанынан да көрінеді. Бір ойды ресми ортада, достық әңгімеде, ғылыми талқылауда немесе көпшілік алдында сөйлеуде әртүрлі тілдік құралдармен жеткізу

қажет болады. Сондықтан стилистикалық білім оқушыға сөзді орнымен қолдануға, сөйлеу жағдаятын дұрыс бағалауға, тыңдаушының жасын, мәртебесін, көңіл күйін, қарым-қатынас мақсатын ескеруге үйретететін өмірлік қажетті білім ретінде ұсынылуы тиіс.

Стилистиканы оқыту әдістемесінде қолданылатын түсіндірмелі-репродуктивтік әдісте функционалдық стильдердің анықтамасы, олардың белгілері мен тілдік құралдары түсіндіріліп, дайын мәтіндерден стильді анықтау, тілдік бірліктерді ажырату, нормадан ауытқуларды табу сияқты тапсырмалар орындалады. Алайда бұл әдіс оқушылардың теориялық білімін қалыптастырғанымен, олардың стильдік таңдау жасау, нақты жағдаятқа сай мәтін құрастыру, тілдік құралдарды саналы түрде қолдану дағдыларын толық дамыта алмайды.

Сондықтан қазіргі стилистиканы оқыту әдістемесінде құндылық бағдарды айқындау маңызды. Қазақ тілінің стилистикасын құндылық бағдарлы оқыту тілдік бірліктердің мағынасын, олардың қолданылу ерекшелігін, әсер ету мүмкіндігін, мәтін ішіндегі қызметін меңгертетін кешенді үдеріс түрінде жүргізіледі. Стилистикалық білімді теориялық деңгей шегінен асып, практикалық тұрғыда игерген оқушы тілдік құралдарды саналы түрде таңдап, орынды қолдана алатын, сөйлеу мәдениеті жоғары тұлға деңгейіне жетеді. Стилистиканы құндылық бағдарлы оқытуда тілдік талғам ұғымына арнайы тоқталу қажет. Тілдік талғам – адамның сөзді, тіркесті, сөйлем құрылымын, мәтін түрін қатысымдық жағдаятқа сай таңдай білу қабілеті. Тілдік талғамы қалыптасқан оқушы дөрекі, орынсыз, жасанды, шұбарланған сөз қолданыстарынан сақтанады, өз ойын мәдениетті, түсінікті, әсерлі жеткізуге ұмтылады. Мұндай дағды бір күнде қалыптаспайды, ол мәтіндерді салыстыру, сәтті және сәтсіз сөз қолданыстарын талдау, өз мәтінін редакциялау, стильдік қателерді түзету сияқты жүйелі жұмыстар арқылы дамиды.

Стилистикалық білімді меңгертуде сөз мәдениетімен байланысты тапсырмаларға ерекше мән берілуі тиіс. Сөз мәдениеті тек орфографиялық немесе грамматикалық қатесіз

жазумен шектелмейді, ол сөздің дәлдігі, тазалығы, байлығы, әсерлілігі, орындылығы сияқты өлшемдерді қамтиды. Оқушы бір мәтіндегі артық сөздерді қысқартып, орынсыз қайталанған тіркестерді түзетіп, дөрекі немесе бейтарап сөздердің орнына жағдаятқа сай балама табуды үйренген кезде оның тілдік талғамы жетіледі. Мұндай жұмыс оқушыны өз сөзіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелейді.

Оқушының құндылық бағдарын қалыптастыру түсіну; бағалап, таңдау; өз өмірімен байланысын анықтап, мақсат құру; әрекет жасау, қолдану және өмірлік құндылықтар жүйесіне айналдыру кезеңдерінен тұратыны белгілі. Соған байланысты стилистиканы оқыту нәтижесінде стиль түрлерін білу, тану, ажырату деңгейіндегі тапсырмалармен шектеліп қалмай, стиль құралдарын қолданудың өз өміріндегі маңызын түсіну, қажеттілігін бағалау, қолданамын деп шешім қабылдап, тиімді қолдану мүмкіндіктерін үнемі жетілдіріп отыру бағытында ізденісте болу, қатысымдық міндеттерді шешуге бағытталған түрлі стиль мен жанрдағы мәтіндер тудыруға мүмкіндік беретін тапсырмалар орындау қажет.

Стилистиканы оқытуда тілдік бірліктерді олардың сөйлеудегі қызметімен бірлікте қарастыратын жұмсалымдық ұстаным; тілдік құралдарды қарым-қатынас мақсатына сай қолдануға үйретететін қатысымдық ұстаным; тілдік бірліктерді мәтін ішінде талдауда қолданылатын мәнмәтіндік (контекстік) ұстаным; теориялық білімді сөйлеу әрекетінде қолдану жолдарын көрсететін практикалық бағыттылық ұстанымы; түрлі стильдік бояудағы мәтіндер жүйесі арқылы ұлттық мәдениет пен дүниетанымды танытатын лингвомәдени ұстаным және сөздің эмоциялық әсер ету мүмкіндігін меңгертуге қызмет ететін экспрессивтік-стилистикалық ұстанымдарды негізге алу маңызды. Бұл ұстанымдар мәтінге стилистикалық талдау жасау, салыстырмалы талдау, редакциялау, трансформациялау, стилистикалық эксперимент, шығармашылық тапсырмалар, эссе жазу, әртүрлі жанрда, әртүрлі стильде мәтіндер құрастыру, бір ойды бірнеше стильдік нұсқада жеткізу сияқты әдістерді орнымен қолдану арқылы жүзеге асырылады. Соған байланысты стилистиканы оқытуда «бір ой – бірнеше стиль» әдісін қолдануға

болады. Бұл әдіс бойынша оқушы бір ғана мазмұнды әртүрлі стильде жеткізіп көреді. Мысалы, «Мектепте кітап оқу мәдениетін дамыту қажет» деген ойды ғылыми стильде дәлелді тұжырым ретінде, публицистикалық стильде үндеу түрінде, ресми стильде ұсыныс немесе хабарлама түрінде, көркем стильде бейнелі ой түрінде, ауызекі стильде еркін әңгіме түрінде құрастырады. Осындай тапсырма оқушыға стильдердің айырмашылығын дайын анықтама арқылы емес, өз тәжірибесі арқылы түсінуге мүмкіндік береді.

Стильдік талдауда мәтіннің кімге, қандай мақсатпен, қандай жағдайда арналғанын анықтау маңызды. Бір мәтіндегі тілдік құралдардың таңдалуы автордың мақсатына, адресаттың ерекшелігіне, мәтін жанрына және қатысымдық ортаға байланысты болады. Сондықтан оқушыларға мәтін талдауда «Кім сөйлеп тұр?», «Кімге арнап айтып тұр?», «Қандай мақсатпен жазылған?», «Қандай әсер тудыруды көздейді?», «Неге дәл осы сөздер таңдалған?» деген сұрақтар қойдыру қажет. Бұл сұрақтар оқушыны мәтін мазмұнын ғана емес, оның стильдік табиғатын түсінуге жетелейді. Стилистикалық білімді осындай тәсілдер арқылы меңгерту оқушының стильді танып, ажыратумен бірге оны өз өмірінде мақсатты түрде қолдана алатын тілдік тұлға ретінде қалыптасуына мүмкіндік туғызады, сөз таңдау, сөйлем құрау икемділігіне, тілдік нормаларды сақтауына және сөздің әсер ету мүмкіндігін түсінуіне ерекше көңіл бөлу арқылы сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, тілдік талғамын жетілдіру, тілдік санасын дамыту, алған білімі негізінде стильдік құралдарды тиімді қолданып, қатысымдық мақсатына сай өз мәтінін тудыру мүмкіндігін арттыруға бағытталады.

Стилистиканы оқытуда редакциялау әдісінің маңызы зор. Оқушы дайын мәтіндегі стильдік қателерді тауып, оларды түзету арқылы тілдік норманы саналы меңгереді. Мысалы, ресми мәтіндегі ауызекі сөздерді, ғылыми мәтіндегі эмоциялық бояуы басым тіркестерді, көркем мәтіндегі орынсыз кеңсе сөздерін, публицистикалық мәтіндегі дәлелсіз ұраншыл сөйлемдерді анықтау оқушының стильдік сезімін дамытады. Редакциялау жұмысы оқушыны тек қате табуға емес, мәтінді жақсартуға, ойды

дәл жеткізуге, сөздің сапасын бағалауға үйретеді.

Стилистикалық эксперимент әдісі оқушының шығармашылық және зерттеушілік қабілетін дамытады. Бұл әдісте оқушылар мәтіндегі белгілі бір сөзді, сөйлем құрылымын немесе стильдік құралды өзгертіп, оның мәтінге қандай әсер ететінін байқайды. Мысалы, көркем мәтіндегі бейнелі тіркестерді бейтарап сөздермен алмастырғанда мәтіннің әсері әлсірейтінін, ресми мәтіндегі нақты терминдердің орнына ауызекі сөздер қолданылса, мәтіннің ресмилік сипаты бұзылатынын көреді. Осылайша оқушы стильдік құралдардың мәтін мазмұны мен әсерін қалыптастырудағы рөлін тәжірибе арқылы түсінеді.

Стильдік қателермен жұмыс жүргізу оқушының тілдік жауапкершілігін арттырады. Стильдік қате кейде грамматикалық қатеден де қауіпті болуы мүмкін, себебі ол айтылған ойдың әсерін әлсіретеді, мәтіннің мақсатын бұзады, сөйлеушінің тілдік мәдениетіне күмән тудырады. Мысалы, ресми хатта тым еркін сөйлеу, ғылыми мәтінде бейресми тіркестер қолдану, көркем мәтінде орынсыз терминдерді көбейту, ауызекі сөйлеуде дөрекі сөздерге жол беру қатысымдық нәтижеге теріс әсер етеді. Сондықтан оқушы стильдік қатені тек техникалық кемшілік емес, қарым-қатынас мәдениетіне нұқсан келтіретін құбылыс ретінде түсінуі қажет.

Стилистикалық білімді мәтін тудыру әрекетімен байланыстыру маңызды. Оқушы дайын мәтінді талдап қана қоймай, өзі де әртүрлі стиль мен жанрда мәтін құрастыруы тиіс. Мысалы, бір тақырып бойынша ресми хабарландыру, қысқа ғылыми түсіндірме, публицистикалық пікір, көркем сипаттама, ауызекі диалог құрастыру тапсырмалары оқушының стильдік икемділігін дамытады. Мұндай жұмыс нәтижесінде оқушы тілдік құралдарды дайын үлгі бойынша емес, қатысымдық мақсатқа сай саналы таңдап қолдануға үйренеді.

Стилистикалық талдауды құндылық бағдарлы ұйымдастыру үшін «жағдаят – мақсат – адресат – стиль – тілдік құрал – әсер» үлгісін қолдануға болады. Алдымен оқушы мәтіннің қандай жағдайда туғанын анықтайды, одан кейін автордың мақсатын, адресатын, таңдалған стилін, қолданылған тілдік құралдарын

және олардың оқырманға әсерін талдайды. Бұл үлгі оқушыға стильді сыртқы белгісі арқылы ғана емес, оның қатысымдық және құндылықтық қызметі арқылы тануға мүмкіндік береді. Мұндай талдау оқушының мәтінді терең түсінуіне және өз мәтінін саналы құрастыруына көмектеседі.

Стилистикалық білімді құндылық бағдарлы меңгертудің нәтижесінде оқушы сөзді, сөйлемді, мәтінді жағдаятқа сай таңдауды үйренеді, тілдік құралдардың әсер ету күшін түсінеді, сөз мәдениетін сақтау дағдысын жетілдіру жолдарын меңгереді, бір ойды әртүрлі стильде жеткізе алады, мәтінді редакциялай алады, стильдік қателерді байқайды, өз сөзінің тыңдаушыға немесе оқырманға қалай әсер ететінін алдын ала болжайды. Ең бастысы, стилистикалық білім оқушы үшін қоғамда мәдениетті қарым-қатынас жасауға, өз пікірін әсерлі жеткізуге, тілдік тұлға ретінде қалыптасуға мүмкіндік беретін құнды білімге айналады.

ПРАКТИКАЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАР

1. Р. Сыздықтың еңбегімен танысып, ақын-жазушылар тілі мен стилі жөніндегі пікірлерін оқыңыз.

2. «Сөз құдіреті» еңбегінен берілген үзінді бойынша өз тұжырымыңызды айтыңыз.

Әр функционалдық стильдің өз ішінде кездесетін жекелеген ерекшеліктерді сол стильдің стильдік белгісі деп емес, «стильдік бояулары» деп атау керектігін қостаймыз. Мысалы, тарихи романдарда көнерген сөздердің орын алуы – жалпы көркем әдебиет үлгілерінің бәріне тән ортақ белгі емес, тарихи шығарманы әрлейтін стильдік бояуы деп тану қажет.

Айталық, жазушы Мұхтар Мағауин «Аласапыран» деген шығармасында қолданған шортабегі, есікағасы, ғаскербасы, сипағсалар, аталық, қараша бек, құма, емелдес,

тұтқауыл, ертауыл, маңдайсүбе сияқты көнерген тұлғалар – тарихи көркем туындының стильдік бояуын көрсететін элементтер. Немесе Мұхтар Әуезовтің «Білекке білек» әңгімесінде 30-ға жуық қолданылған жергілікті сөз (диалектизмдер) Қазақстанның оңтүстік өңіріндегі еңбек адамдарының нанымды бейнесін жасауға көмектесетін стильдік бояулар болып танылуы тиіс. Мұндай құбылыстарды шығарманың «стильдік тезге түсуі» (стилизация) деп атауға да болар еді.

Сыздық Р. Сөз құдіреті. 2014.

2. Қазақ тілінің стилистикасын меңгертудегі қатысымдық құзыреттілік жайлы мақала мазмұнымен танысып, өз тұжырымыңызды айтыңыз.



3. Қазақ тілінің дәстүрлі сөзсаптамы жайлы мақаланы оқып шығыңыз. Автор ұстанымына қатысты көзқарасыңызды білдіріңіз.



4. Ж.Т. Дәулетбекованың қатысуымен түсірілген «Ілімді Хәкімдер жасайды» тақырыбындағы подкастты тыңдап шығыңыз. Сізге қандай ақпараттар ерекше әсер етті? Ғалым тұжырымдарына қатысты өз пікіріңізді білдіріңіз.



Семинар сабағына арналған талқылау сұрақтары:

1. Стилистиканы құндылық ретінде оқытудың дәстүрлі оқытудан айырмашылығы қандай?
2. Функционалдық стильдерді меңгеру оқушының қатысымдық қабілетіне қалай әсер етеді?

3. Қатысымдық және жұмсалымдық ұстанымдар стилистиканы оқытуда қалай жүзеге асады?

4. Мәтін тілін талдау стилистикалық білімді меңгертуде қандай рөл атқарады?

5. Стилистикалық қателердің пайда болу себептері қандай және оларды қалай болдырмауға болады?

6. Тілдік құралдарды жағдаятқа сай таңдау неге маңызды?

7. Стилистикалық білімді меңгеру оқушының тілдік талғамы мен сөйлеу мәдениетіне қалай әсер етеді?

Әдебиеттер тізімі:

Сыздық Р. Сөз құдіреті. Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел-шежіре», 2014. – 296 б.

Әдіскер анықтамалығы / құраст. Б. Қапалбек, А. Кеңесова, А. Жұмағұлова. – Астана, 2016. – 195 б.

Күдеринова Қ.Б. Қазақ тілінің дәстүрлі сөзсаптамы // Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2022. – Т. 138. – № 1. – 8-18 б.

Матжанова Ж., Макулова Л. Қазақ тілінің стилистикасын меңгертудегі коммуникативтік-құзыреттілік әдіснама // Көкшетау университетінің Хабаршысы. Педагогикалық ғылымдар сериясы. – 2025. – № 4. – 25-33 б.

3.8 ОРФОГРАФИЯ МЕН ОРФОЭПИЯНЫ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Дәрістің мақсаты:

Қазақ тілінің орфографиясы мен орфоэпиясын құндылық тұрғысынан меңгерту арқылы оқушылардың сауатты жазу, дұрыс сөйлеу дағдыларын қалыптастырып, тіл мәдениеті мен қатысымдық құзыреттілігін дамыту жолдарын көрсету.

Қарастырылатын сұрақтар:

1. Орфографиялық және орфоэпиялық білімнің құндылық мәні;
2. Орфография мен орфоэпияны оқытудың әдістері мен жаттығулар жүйесі;
3. Цифрлық ресурстарды қолдану және тілдік нормаларды сақтау мәселелері.

Орфография мен орфоэпия тіл мәдениетінің екі іргелі негізі ретінде жазбаша және ауызша сөйлеу нормаларының заңдылықтарын ұсынады. Бұл екі жүйені құндылық тұрғысынан меңгерту оқушының сауатты жазу және дұрыс сөйлеу дағдыларын қалыптастырумен қатар тілді сауатты қолдануға деген саналы көзқарасын, тіл мәдениетіне құрметін және қатысымдық құзыреттілігін дамытады.

Орфографияны құндылық ретінде меңгерген оқушы әр сөздің сауатты жазылуына жауапкершілікпен қарайды, маңызды құжаттарда болсын, әлеуметтік желілерде болсын өз ойын жеткізуде дұрыс жазу нормаларын сақтап жазудың маңызын түсінеді, сауатты жазуды саналы түрде таңдайды. Орфоэпияны құндылық бағдарлы оқыту қазақ тілінің әуезділігін, басқа тілдерден ерекшелеп тұратын басты заңдылығы – үндестік заңын сақтауға, сол арқылы сөздің көркемдік-эстетикалық табиғатын сезініп қолдануға мүмкіндік береді. Орфографиялық, орфоэпиялық заңдылықтарына деген құндылық қатынасы қалыптасқан оқушының сөйлеу мәдениеті жоғары болады, тілдің табиғи қалпын сақтауға өз тарапынан үлес қосатын саналы азамат

ретінде қалыптасады. Сондықтан орфография мен орфоэпияны құндылық бағдарлы оқытуда ең алдымен оқушыға дұрыс жазу мен дұрыс сөйлеудің адамның жалпы мәдениетін танытатын маңызды көрсеткіш екенін түсіндіру қажет. Сауатты жазылған мәтін оқырманға құрметті, ойдың айқындығын және автордың жауапкершілігін көрсетеді. Ал орфоэпиялық нормаға сай айтылған сөз тыңдаушыға жағымды әсер етеді, сөйлеушінің тілдік мәдениетін танытады. Сол себепті орфографиялық және орфоэпиялық білім оқушыға қоғамда өзін сауатты, мәдениетті, сенімді тұлға ретінде таныту үшін қажет өмірлік білім ретінде ұсынылуы тиіс.

Оқушының орфографиялық және орфоэпиялық білімін қалыптастыруда ауызша және жазба сөз нормаларының арақатынасын түсіндіру ерекше маңызды. Бұл үдерісте фонема – әріп – дыбыс арасындағы сәйкестіктер мен айырмашылықтарды, мазмұн межесі мен грамматикалық қатынасты, тұлғасы бір немесе бірнеше фонемамен таңбаланатын тілдік бірліктерді, сондай-ақ сөз ішіндегі іргелес дыбыстардың фонетикалық ықпалға тәуелді және тәуелсіз түрлерін ажырата білу дағдылары қалыптастырылады. Осындай талдаулар негізінде оқушы жазу тұрпатының негізгісін дұрыс таңдай білуге дағдыланады.

Орфографиялық білімді құндылық ретінде меңгертуде оқушыға әрбір әріптің, әрбір емле ережесінің жазба тілдегі ойды дәл жеткізуге қызмет ететінін түсіндіру маңызды. Қате жазылған сөз кейде ойдың мағынасын бұрмалап, мәтіннің әсерін әлсіретеді, автордың сауаттылығына күмән тудырады. Орфоэпияны құндылық бағдарлы оқытуда қазақ тілінің табиғи әуезі мен дыбыстық үйлесімін сақтаудың маңызы айрықша түсіндіріледі. Қазақ сөзі жазба таңба арқылы ғана емес, табиғи айтылым арқылы да өмір сүреді. Сөзді жазылуына қарап жасанды түрде дыбыстау қазақ тілінің әуезділігін әлсіретеді, үндестік заңын бұзады, сөйлеудің табиғи қалпына нұқсан келтіреді. Сондықтан оқушыға орфоэпиялық норма тілдің тірі болмысын, ұлттық үнін, сөйлеу мәдениетін сақтайтын маңызды құндылық ретінде танытылуы қажет.

Орфография мен орфоэпияны салыстыра оқыту оқушының тілдік санасын дамытады. Бір сөздің жазылуы мен айтылуы

әрқашан толық сәйкес келе бермейтінін түсінген оқушы жазба және ауызша тілдің өз заңдылықтары бар екенін аңғарады. Мұғалім оқушыларға сөздің жазылу нұсқасын, айтылу нұсқасын және олардың айырмашылық себебін салыстыртып отырса, оқушы фонетикалық құбылыстарды, дыбыстардың ықпалын, үндесу заңдылығын саналы түрде меңгереді. Мұндай жұмыс орфографиялық қырағылық пен орфоэпиялық сезімталдықты қатар қалыптастырады.

Орфографиялық және орфоэпиялық дағдыларды қалыптастыру үшін ауызша және жазба тілдің айырмашылықтарын меңгертетін арнайы жаттығулар жүйесін қолдану қажет. Атап айтқанда, айтылуы бойынша берілген сөйлемдерді жазба нормаға түсіру, жазба мәтінді ауызша тіл нормасына сай дыбыстау, аудиоматериалдар негізінде күрделі лексикалық бірліктерді тыңдап жазу сияқты тапсырмалар оқушының екі жүйені салыстыра отырып меңгеруіне мүмкіндік береді. Мұндай тапсырмаларды саналы түрде орындау арқылы оқушы тілдік нормаларды сақтаудың қажеттілігін түсінеді, өзінің тұлға ретінде қалыптасу жолындағы маңызды әрекеттер екенін сезінеді.

Орфографиялық және орфоэпиялық білімді тиімді меңгертудің маңызды шарттарының бірі ретінде қазақ тілінің фонологиялық құрылымын жан-жақты түсіндіруді атап көрсету қажет. Дыбыстардың жасалу жолын, олардың өзара ықпалын, үндесу заңдылықтарын терең түсіну оқушылардың танымдық қызығушылығын арттырып, тілдік білім деңгейін көтереді. Бұл бағытта орындауға болатын құндылық бағдарлы әдістер ретінде жеке немесе жұптық тапсырмалар, деңгейлік жаттығулар, ойын элементтері, тест түріндегі тапсырмалар, шығармашылық жұмыстар ұйымдастыруды атауға болады. Осындай жаттығуларды жүйелі түрде орындау оқушының нормаға сай, сауатты жазу және айту қабілетін жетілдіреді және сонымен бірге сөйлесім әрекетінің түрлерін дамытуға да оң ықпал етеді. Орфографияны оқытуда көшіру, диктант, жатқа жазу сияқты дәстүрлі жұмыс түрлерін құндылық бағдармен жаңаша ұйымдастыруға болады. Мысалы, жай көшірудің орнына оқушы мәтіндегі емлесі қиын сөздерді алдын ала белгілеп, олардың

жазылу себебін түсіндіреді; диктанттан кейін қателерін топтастырып, қай ережеге қатысты екенін анықтайды; жатқа жазу кезінде тек есте сақтау емес, сөздің тұлғалық, дыбыстық, мағыналық ерекшелігіне назар аударады. Осылайша дәстүрлі жаттығулар механикалық әрекет емес, саналы талдау жұмысына айналады.

Орфоэпиялық дағдыларды қалыптастыруда мәнерлеп оқу, тыңдап қайталау, дыбыстық талдау, аудиожазбаға өзін жазып тыңдау сияқты әдістерді жүйелі қолдануға болады. Оқушы өз дауысын тыңдап, қай дыбысты дұрыс айтпағанын, қай сөзде екпін мен интонацияны сақтамағанын байқаса, өз сөйлеуіне сын көзбен қарауға үйренеді. Бұл әдіс әсіресе көпшілік алдында сөйлеуге, мәтінді мәнерлеп оқуға, пікір айтуға, баяндама жасауға дайындық кезінде өте тиімді. Оқушы дұрыс айту дағдысының өзіне сенімділік беретінін тәжірибе арқылы сезінеді.

Мұғалім оқушының орфографиялық және орфоэпиялық нормаларды сақтауын осы тақырыптарды өткен кезде немесе арнайы тапсырмалар берілген кезде ғана емес, қазақ тілінің барлық сабақтарында, үнемі қадағалап отырады. Сабақтан тыс уақытта да өзінің сауатты сөйлеп, сауатты жазуына жауапкершілікпен қарайтын, ол әрекеттерін қазақ тіліне деген құрмет деп бағалайтын ұрпақ қалыптастыруға ықпал етеді. Тыңдалым мәтіндерімен жұмыс барысында сөйлеушінің орфоэпиялық норманы қаншалықты сақтап сөйлейтініне мән бере тыңдап, ерекшеліктерін байқап, бағалап отыру маңызды. Сондықтан тыңдалым аудио, видео материалдарын іріктеуде тіл байлығы мол, орфоэпиялық норманы сақтап сөйлейтін, оқушыға үлгі болатын тұлғалардың сөздерін алған жөн. Оқылым мәтіндеріндегі әрбір жаңа сөздің дыбыстық құрамына, буын құрылымына, үндесу заңдылықтарының сақталуына және жазылу ерекшеліктеріне мән бере оқу қажет. Мән бере, мақсат көздей тыңдау, оқу жұмыстарынан кейін ауызша талдау, дәптерге жазу арқылы есте сақтау тапсырмалары орындалған кезде оқушы сөздерді дұрыс жазып, орфоэпиялық талаптарға сай дұрыс айтуға дағдыланады. Осылай үйрену, есте сақтау мақсатын көздей ұйымдастырылған тыңдалым, оқылым жұмыстары алғашқыда біршама уақытты алатын болса, оқушылар біраз дағдыланғаннан

кейін өз жемісін бере бастайды, орфографиялық, орфоэпиялық нормаларды сақтап, сауатты сөйлеу, сауатты оқумен қатар кез келген мазмұндағы мәтінді түсіну жылдамдықтары да артып, мазмұнын терең қабылдау деңгейлері де жоғарылай түсетін болады.

Орфографиялық сауаттылықты қалыптастыруда «қате – үйрену мүмкіндігі» ұстанымын қолдануға болады. Оқушының жазуындағы қате тек бағасын төмендететін кемшілік ретінде емес, оның қай ережені түсінбегенін, қай тұста шатасатынын көрсететін тілдік белгі ретінде қарастырылуы тиіс. Мұғалім қателерді жүйелеп, олардың себебін оқушымен бірге талдаса, оқушы өз қатесін саналы түсініп, келесі жолы қайталамауға дағдыланады. Бұл әдіс жазу мәдениетіне қорқынышпен емес, жауапкершілікпен және ізденіспен қарауға үйретеді.

Орфографиялық және орфоэпиялық білімді меңгертуде цифрлық ресурстарды пайдалану әдіскер мұғалімнің мүмкіндіктерін кеңейте түседі. Өз пәнін сүйетін, оқушылардың пәнді құндылық ретінде бағалап, жақсы меңгеруіне мән беретін мұғалім цифрлық құралдар мен интерактивті платформалардың түрлерін таңдап қолданып, көптеген тапсырмалар түрлерін дайындай алады. Мысалы, Қазақ тілінің ұлттық корпусындағы аудиоматериалдарды қолдану оқушылардың мәтінді орфоэпиялық нормаларға сай дұрыс дыбыстап оқу дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Оқушы корпустағы транскрипция мен просодикалық белгілерге сүйене отырып, сөздердің айтылу ерекшеліктерін, дыбыстардың үндесуін игере алады.

Орфографиялық және орфоэпиялық нормаларды меңгертуде сөздікпен жұмыс ерекше орын алады. Оқушы күмән туған сөздің жазылуын немесе айтылуын болжай салмай, орфографиялық, орфоэпиялық, түсіндірме сөздіктерден тексеруге дағдылануы керек. Бұл дағды оқушының өз бетінше білім алу мәдениетін қалыптастырады. Әр сабақта бірнеше сөздің жазылуы мен айтылуын сөздік арқылы анықтатып, оларды сөйлем ішінде қолдандыру оқушыны тілдік дереккөзге сүйенуге, дәлдікке, жауапкершілікке тәрбиелейді. Орфография мен орфоэпияны құндылық бағдарлы оқыту нәтижесінде оқушы сауатты жазу мен

дұрыс сөйлеуді жеке мәдениетінің маңызды бөлігі ретінде қабылдайды. Орфографиялық және орфоэпиялық білім оқушы үшін тек бақылау жұмысына дайындық емес, тілге құрметпен қараудың, өз ойын анық жеткізудің, қоғамда мәдениетті қарым-қатынас жасаудың құнды құралына айналады.

Қазіргі қазақ жазу емлесіндегі қиындықтар дұрыс жазумен бірге дұрыс айту нормаларының да бұзылуына әкеліп отыр. Сөздерді жазылуы бойынша дәлме-дәл оқу нәтижесінде қазақ тілінің ұлы заңдылығы – үндестік заңы бұзылуда. Бұл үрдістің болашақ қазақ тілі мұғалімдерінің сөйлеу тілінде де белең алып бара жатқаны алаңдарлық мәселе болып отыр. Педагог кәсібіне, өз пәніне құндылық қатынасы жоғары мұғалім бұл заңдылықтар мен нормаларды оқушыға түсіндіру үшін алдымен өзі сауатты қолданып, орфоэпиялық норманы сақтап сөйлеуді, кәсіби ортасынан тыс жерлерде де сауатты жазуды әдетіне айналдыруы тиіс.

ПРАКТИКАЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАР:

1. Х. Досмұхаметұлының жат сөздер туралы пікірі қай еңбегінде айтылған жөнінде зерттеу жүргізіңіз. Ол кездегі әлеуметтік-лингвистикалық жағдайды бүгінгімен салыстырып, талдау жасаңыз.

> Елдің тілінің бұзылуына ең алдыменен оқығандары себеп болады. Бұлар жат сөздерге бағынып кетіп, ана тілін өзгертуге жол басшы болады. Әдеби тілдің қаруы – баспа мен мектеп. Баспа мен мектеп деген адам шошынарлық өте қайратты қару. Баспа мен мектепте қолданған тіл елге ақырында сіңбей қалмайды.
>
> *Досмұхаметұлы Х. Таңдамалы. Алматы: Ана тілі, 1998.*

2. А. Байтұрсынұлының емле туралы пікірімен танысып, сын пікір білдіріңіз.

Тілдің ауанына қарамай, харіптің, емленің ауанына бұрып, тілдің көркін бұзған, әдеби тілмен жазамыз деп, жат тілмен жазып, өз тілінен айырылған басқа түріктердің ісіне түсіп, тілімізді аздырғанымызды мақұл көрмейді.

Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы.

3. Филолог студенттерге қазақ тілінің фонологиялық жүйесін лингвоәдіснамалық тұрғыдан оқыту негіздері жайлы мақаланы оқып шығыңыз. Автор пікіріне не алып-қосар едіңіз?



4. Жоғары оқу орындарында қазақ тілі орфографиясын модельдеу әдісі арқылы оқытудың тиімділігі мен қолдану мүмкіндігі жайлы мақала мәтінімен танысыңыз. Модельдеу әдісін өз тәжірибеңізде қолданар ма едіңіз?



5. Жастардың машықсыз сөйленген сөздерінің тілдік ерекшеліктері туралы мақаланы оқып шығыңыз. Мақалада қолданылған зерттеу әдісіне, эксперимент нәтижелеріне талдау жасаңыз. Осы мақаладан алынған ақпарат сізге қандай ой салды?



Семинар сабағына арналған талқылау сұрақтары:

1. Орфография мен орфоэпияны құндылық ретінде оқытудың дәстүрлі оқытудан айырмашылығы қандай?
2. Үндестік заңын сақтау сөйлеу мәдениетіне қалай әсер етеді?
3. Орфографиялық және орфоэпиялық қателердің негізгі себептері қандай?
4. Цифрлық ресурстар (ұлттық корпус, аудиоматериалдар) тіл үйретуде қандай мүмкіндіктер береді?
5. Мұғалімнің өз сөйлеу мәдениеті оқушыға қалай әсер етеді?
6. Адам үшін орфографиялық және орфоэпиялық норманы сақтаудың маңызы неде?

БӨЖ тақырыбы мен тапсырмасы:

Қазақ тіліндегі сингармонизм заңын оқытудың интерактивті әдістемесі

Қазақ тіліндегі сингармонизм заңын оқытудың интерактивті әдістемесін ұсыныңыз.

Әдебиеттер тізімі:

Байтұрсынұлы А. Емле туралы. Кітапта: Кітапта: XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Құрастырған О. Жұбаева. – Алматы, «Қазығұрт» баспасы, 2013. – 664 бет.

Досмұхамедов Х. Қазақ тіліндегі сингармонизм заң. – Ташкент, 1924. – 54 б.

Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы. Алматы: Ана тілі, 1998. – 108 б.

Дүйсебаева М. Қазақ әдеби тілі орфоэпиясының кейбір мәселелері. Алматы: Мектеп, 1973. – 65 б.

Сыздық Р. Сөз сазы. – Алматы: Ғылым, 1983. – 45 б.

Серғалиев М. Қазақ тілінің қысқаша орфоэпиялық сөздігі. – Алматы, 1996. – 146 б.

Уәли Н.М. Қазақ графикасы мен орфографиясының теориялық негіздері. – Алматы, 2025. – 181 б.

Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі. – Алматы: Арыс, 2005. – 44 б.

Байтелиева Ж., Күдеринова Қ. Жастардың машықсыз сөйлеген сөздерінің тілдік ерекшеліктері (НУ және СДУ студенттерінің сөзіне талдау). Көкшетау университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – № 3. – 2022. – 4-19 б.

Амиржанова Н. С. Филолог студенттерге қазақ тілінің фонологиялық жүйесін лингвоәдіснамалық тұрғыдан оқыту негіздері // Тілтаным. – №. 2. – 46-51 б.

Талдыбаева М. Д., Коч К., Айтенова Д. О. Жоғары оқу орындарында қазақ тілі орфографиясын модельдеу әдісі арқылы оқытудың тиімділігі мен қолдану мүмкіндігі // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2025. – Т. 1. – №. 135. – С. 349-359.

ГЛОССАРИЙ

Айтылым – ойды ауызша түрде жүйелі, сауатты және әсерлі жеткізу әрекеті.

Аксиолингводидактика – аксиология, тіл білімі және дидактика тоғысында тілдің құндылықтық табиғатын және оны құндылық бағдарлы оқытудың теориясы мен әдістемесін зерттейтін ғылыми бағыт.

Аксиология – құндылықтардың табиғатын, олардың қалыптасуы мен қызметін зерттейтін философия ғылымының бір саласы.

Аксиологиялық құзыреттілік – адамның құндылықтарды сезінуі, бағалауы және оларды іс-әрекетінде басшылыққа алу қабілеті.

Аксиологиялық лингвистика – адамгершілік, мәдени, рухани құндылықтардың тілдегі көрінісін зерттейтін тіл білімінің саласы.

Аксиологиялық лингвоәдістеме – тілді құндылық ретінде оқытуды, тіл арқылы көрініс табатын құндылықтар жүйесін меңгертуді, тілдік білімді тұлғаның құндылық бағдарымен байланыстыра оқытуды қарастыратын әдістемелік бағыт.

Аксиотілдік тұлға – қазақ тілін құндылық ретінде танып, бағалай алатын және оларды өз сөйлеуінде жүзеге асыратын тұлға.

Аксиотілдік тұлға – тіл арқылы құндылықтарды меңгеріп, оны өз өмірінде жүзеге асыра алатын тұлға.

Ақпараттық білім көздері – тіл үйретуде қолданылатын цифрлық ресурстар жиынтығы (корпустар, платформалар, ЖИ және т.б.).

Әдіс білім – тілдік білімді өмірде қолдануға мүмкіндік беретін практикалық, функционалдық білім.

Бағалау – нысанның жағымды / жағымсыз, қажетті / қажетсіз, пайдалы / пайдасыз қасиеттерін анықтап, оған мән беру үдерісі.

Жазылым – ойды жазбаша түрде құрылымға сай, логикалық түрде сауатты жеткізу әрекеті.

Жұмсалымдық ұстаным – тілдік бірліктерді мағынасы мен қызметінің бірлігінде қарастыру ұстанымы.

Зерттеушілік әдіс – оқушының тілдік деректерді өзі іздеп, тауып, талдау жасауына негізделген оқыту.

Идентификация – тұлғаның өзін белгілі бір адаммен, әлеуметтік топпен, мәдени қауымдастықпен немесе идеалдық үлгімен сәйкестендіру үдерісі.

Интегративтік ұстаным – оқытуда пәндер арасындағы байланысты сақтап, білімді кешенді түрде меңгертуді көздейтін ұстаным.

Интеллект көрсеткіштері (IQ, EQ, PQ) – адамның зияткерлік, эмоционалдық және әрекеттік қабілеттерінің жиынтығы.

Интенция – мәтін авторының белгілі бір мағыналық мазмұнды жеткізуге деген ниеті.

Интериоризация – сыртқы әлеуметтік тәжірибенің, нормалар мен құндылықтардың тұлғаның ішкі психологиялық құрылымына ауысу үдерісі.

Интернализация – тұлғаның белгілі бір құндылықты саналы қабылдап, оны өзінің тұрақты сенімі мен мінез-құлық ұстанымына айналдыру үдерісі.

Кәсіби мәдениет – педагог маманның кәсіби қызметін сапалы атқаруына негіз болатын білім, дағды, мінез-құлық және құндылықтар жүйесі.

Когнитивтік (танымдық) ұстаным – тіл арқылы ойлау, тану, талдау қабілеттерін дамытуға негізделген оқыту қағидасы.

Қатысымдық құзыреттілік – тілдік құралдарды нақты жағдаятта тиімді қолдану арқылы тілдік қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті.

Қатысымдық ұстаным – тілдік құралдарды қарым-қатынас мақсатына сай қолдануды көздейтін оқыту ұстанымы.

Қатысымдық ұстаным – меңгертуге бағытталған оқыту қағидасы.

Құндылық – адамның өз өмірі үшін бағалы деп санайтын рухани, мәдени немесе әлеуметтік мәні бар ұғымдар жиынтығы.

Құндылық бағдар – тұлғаның құндылықтар жүйесіндегі өз өмірлік мақсаттарын, таңдаулары мен әрекеттерін айқындап, шешім қабылдауы.

Құндылық бағдар қалыптастыру кезеңдері – түсіну; бағалап, таңдау; өз өмірімен байланысын анықтап, мақсат құру; әрекет жасау, қолдану және өмірлік құндылықтар жүйесіне айналдыру кезеңдері.

Құндылық бағдарлы оқыту – құндылықтарға негізделген білім мазмұнын тұлғаның рухани, мәдени және әлеуметтік құзыреттіліктерін қалыптастырумен байланыстыра оқыту үдерісі.

Құндылық қатынас – тұлғаның белгілі бір құбылысқа, әрекетке немесе нысанға сыни тұрғыдан бағалау арқылы өз көзқарасын анықтауы.

Құндылық нигилизмі – қоғамда немесе жеке тұлғаның бойында кездесетін құндылықтарды жоққа шығару, олардың маңызын төмендету құбылысы.

Құндылық ретінде оқыту – оқыту нысанының маңыздылығын таныту арқылы білім алушының оны құндылық ретінде саналы қабылдауына бағытталған оқыту.

Құндылықтар негізінде оқыту – оқу пәнінің мазмұнына ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды кіріктіру арқылы білім алушының оларды танып, түсінуіне, бағалауына және өмірлік ұстанымына айналдыруына бағытталған оқыту.

Лингвистикалық корпус – тілдің жазбаша және ауызша мәтіндерінен құралған, арнайы белгіленген және жүйеленген тілдік деректер базасы.

Лингвомәдени құзыреттілік – тіл арқылы ұлттық мәдениетті, дәстүрді, дүниетанымды түсіну және қолдана білу қабілеті.

Лингвомәдени ұстаным – тіл арқылы ұлттық мәдениетті, дүниетанымды танытуға бағытталған оқыту ұстанымы.

Лингвомәдениеттанымдық құзыреттілік – ұлттық мәдениетті, дәстүрді, дүниетанымды тіл арқылы қабылдау және дамытуға үлес қосу қабілеті.

Мәдени трансляция – құндылық бағдарлы оқытуда жүзеге асатын мәдени құндылықтарды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу үдерісі.

Мәнмәтіндік ұстаным – сөздердің мәтін ішіндегі қалыбы мен мағынасын талдау арқылы қызметін түсіндіре оқытуды көздейтін ұстаным.

Мәтін – тіл оқыту үдерісінде ерекше орын алатын дидактикалық құрал.

Мәтінді тілдік талдау – мәтіндегі тілдік бірліктердің мағынасы мен қызметін анықтау үдерісі.

Мәтіндік тапсырмалар жүйесі – оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым әрекеттерін дамытуға бағытталған тапсырмалар жиынтығы.

Оқу корпусы – тіл үйренушілерге арналған деңгейлік мәтіндер мен материалдардан тұратын цифрлық ресурс түрі.

Оқылым – жазба мәтінді түсіну, талдау және одан ақпарат алу әрекеті.

Пайдалы білім – оқу үдерісіне саналы түрде қатысып, өз өмірін жақсарту мақсатын көздей отырып алынған білім

Прагматикалық деңгей – тілдік бірліктерді нақты қарым-қатынас жағдайында мақсатқа сай қолдану қабілеті.

Прагматикалық ұстаным – тілдік бірліктердің қолданылуын сөйлеу жағдаятымен және сөйлеушінің мақсатымен байланыстыра түсіндіруді көздейтін оқыту ұстанымы.

Редакциялау – мәтінді стильдік, тілдік тұрғыдан жетілдіру, түзету жұмысы.

Рухани интеллект (SQ) – адамның құндылықтарды, өмірдің мәнін сезінуі және соған сай әрекет ету қабілеті.

Рухани-адамгершілік құндылықтар – адам бойындағы адамгершілік, адалдық, жауапкершілік, құрмет сынды ізгілік қасиеттер.

Семантикалық талдау – сөйлемдегі сөздердің мағыналық байланысын анықтау үдерісі.

Семантикалық ұстаным – сөз мағынасын терең түсіндіруге негізделген оқыту ұстанымы.

Сөз мәдениеті – тілдік нормаларды сақтай отырып, ойды әсерлі, сауатты жеткізу қабілеті.

Сөйлесім әрекеті – тілдік қатынас кезінде жүзеге асатын қабылдаушы (оқылым, тыңдалым) және өндіруші (айтылым, жазылым) әрекеттер.

Стилистикалық талдау – мәтіндегі тілдік құралдардың қызметін, әсер ету мүмкіндігін анықтау үдерісі.

Сыни ойлау – ақпаратты талдау, салыстыру, бағалау және негізделген қорытынды жасау қабілеті.

Танымдық (когнитивтік) құзыреттілік – тілдік білім негізінде әлемді тану, сыни ойлау қабілетінің дамуы.

Тілдік сана – адамның тіл арқылы әлемді тануы, түсінуі және бағалауы.

Тілдік тұлға – тілдік білімді құндылық ретінде қабылдап, оны қарым-қатынаста сауатты қолдана алатын, тіл арқылы ішкі жан-дүниесін жеткізе алатын тұлға.

Тілдің кумулятивтік қызметі – тілдің тарихи-мәдени ақпаратты жинақтап, сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу қабілеті.

Толық адам концепциясы – Абай іліміндегі адам кемелдігінің моделі («ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» бірлігі).

Тыңдалым – ауызша ақпаратты қабылдау, түсіну және бағалау әрекеті.

Уәждемелік деңгей – тілдік тұлғаның тіл оқуға деген саналы шешімі мен қажеттілігіне негізделген мақсатты деңгейі.

Уәждемелік ұстаным – сөздің шығу төркінін, аталу негізін түсіндіру арқылы оқыту ұстанымы.

Функционалдық әдіс – тілдік бірліктердің ауызша және жазбаша сөйлеу үдерісіндегі қызметін түсіндіре оқыту әдісі.

Функционалдық сауаттылық – тілдік білімді өмірлік жағдаяттарда қолдана алу қабілеті.

Экзистенциалды вакуум – адамның өмір мәнін, мақсаттарын жоғалтуынан туындайтын рухани бос кеңістік күйі.

Экспрессивтік-стилистикалық ұстаным – сөздердің әсер ету мүмкіндігін, стильдік реңкін меңгертуді көздейтін ұстаным.

Эмоционалдық-бағалауыштық кезең – ақпараттың құндылық мәнін сезіну және бағалау жүзеге асатын кезең.

БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

1. ШЕБЕРЛІК САҒАТЫН БАҒАЛАУ ПАРАҒЫ

Бағалау критерийлері	Берілетін ұпай саны	Білім алушының алған ұпайы, түсіндірмесі
1. Жаңа (грамматикалық) тақырыптың ашылу деңгейі 1.1 Мәтіндер мен тапсырмалар мазмұнының жаңа тақырыппен байланысы	1	
2. Жаңа тақырыптың құндылық мәнін жеткізе алуы 2.1 Осы тақырып аясына сәйкес келетін құндылық мәнді қосымша ақпараттарды дұрыс іріктеуі 2.2 Құндылық мәнді қосымша ақпараттарды оқушының сезіміне әсер ете отырып жеткізе алу шеберлігі 2.3 Құндылық мәнді қосымша ақпараттарды оқушының өз өмірімен байланыстыруына жетелейтін сұрақтарды дұрыс таңдап қоя алуы	1 1 1	
3. Тапсырмалармен жұмысты ұйымдастыру шеберлігі 1. Дәстүрлі және интерактивті тапсырмаларды орнымен қолдануы 2. Сергіту сәтін жаңа тақырыппен байланыстыруы	1 1	
4. Оқытудың көрнекілігі: 1. АКТ (ЖИ, тілдік корпустар) қолдануы; 2. Дидактикалық материалдардың сапасы	1 1	
5. Ұйымдастыру шеберлігі 5.1 Уақытты үнемді пайдалануы; 5.2 Тыңдаушылардың назарын өзіне аударуы (өзін-өзі ұстауы, дикциясы)	1 1	

2. ҚАЗАҚ ТІЛІ ОҚУЛЫҒЫ МЕН ПӘНДІ ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫН ҚОЛДАНА ОТЫРЫП, САБАҚ ЖОСПАРЫН ҚҰРАСТЫРУ ТАПСЫРМАСЫН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

Рубрикатор	Критерий	Дескриптор	Ұпай
Оқулықпен жұмыс	Оқулық бойынша сабақта атқарылатын жұмыстарды айқындай алуы	Жоғары - 3 Орта - 2 Төмен - 1 Жоқ - 0	3
Бағдарламамен жұмыс	Бағдарлама бойынша оқу мақсаттарының жүйесін таба алуы	Жоғары - 3 Орта - 2 Төмен - 1 Жоқ - 0	3
Сабақтың кезеңдері	Сабақтың кезеңдерін (басы, ортасы, аяғы) уақыт бойынша дұрыс жоспарлауы	Жоғары - 3 Орта - 2 Төмен - 1 Жоқ - 0	3
Педагог әрекеті	Педагог қолданатын әдіс-тәсілдерді дұрыс таңдап алуы	Жоғары - 3 Орта - 2 Төмен - 1 Жоқ - 0	3
Оқушы әрекеті	Оқушы әрекетін дұрыс болжауы	Жоғары - 3 Орта - 2 Төмен - 1 Жоқ - 0	3
Бағалау	Бағалауды дұрыс ұйымдастыруы	Жоғары - 3 Орта - 2 Төмен - 1 Жоқ - 0	3
Ресурстар	Қолданатын ресурстарды дұрыс іріктеп алуы	Жоғары - 3 Орта - 2 Төмен - 1 Жоқ - 0	3

Ұпай	18-21	15-17	13-16	9-12	5-8	2-4	0-1
Баға	95-100	90-94	85-89	75-84	65-74	50-64	0-49

3. «ОҚУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН ТІЛ ДАМЫТУ ҚҰРАЛЫ» ЖОБАСЫН ДАЙЫНДАУ ТАПСЫРМАСЫН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

Рубрикатор	Критерий	Ұпай
Тіл дамыту құралдарына қойылатын лингводидактикалық талаптардың сақталуы	Тіл дамыту құралында қамтылған оқу материалдарының тіл дамытуға бағытталуы	30
	Ғылыми-жаңашылдық деңгейі	
	Әдеби-тілдік нормалардың сақталуы	
Тақырыптық мәтіндер жүйесіне қойылатын талаптар	Мәтіндердің зерттеу тақырыбымен байланысы	20
	Мәтіндердің дидактикалық талаптарға сай өңделуі	
Тіл дамыту құралында ауыз әдебиеті үлгілерінің қамтылу деңгейі	Жұмбақ, жаңылтпаш, ертегі, мақал-мәтел, шағын өлең, әңгіме, ән т.б. саны мен сапасы	10
Мәтіндер бойынша практикалық тапсырмалар жүйесі	Жаттығу, суретті тест, ребус, сөзжұмбақ т.б. саны мен сапасы	10
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	Қолданылған нақты мәтіндердің дереккөздері мен суреттердің сілтемелері	10
Тіл дамыту құралының талапқа сай безендірілуі	Суреттер мен жазулардың көлемі, түсі, дизайны	10
Жобаны қорғау	Қатысымдық стратегияларды қолдану деңгейі	10
БАРЛЫҒЫ:		**100**

4. «ГРАММАТИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫПТЫ ОҚЫТУДЫҢ ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСТЕМЕСІ» ЖОБАСЫН ДАЙЫНДАУ ТАПСЫРМАСЫН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

Рубрикатор	Критерий	Ұпай
Грамматикалық тақырыпты оқытудың ғылыми-әдістемелік мәселелері	Тақырыптың өзектілігі	10
	Сауалнама қорытындылары	5
	Тақырыптың зерттелуі	10
	Проблемалық сұрақтар	10
Тақырыптық мәтіндер жүйесіне қойылатын талаптар	Мәтіннің тілдік тақырыппен байланысы	5
	Мәтіндердің дидактикалық талаптарға сай өңделуі	10
Мәтін бойынша практикалық тапсырмалар жүйесі	Практикалық тапсырмалардың тақырыпты жан-жақты меңгертуге бағытталуы	5
	Практикалық тапсырмалардың саны мен сапасы (берілуінің сауатты жазылуы)	10
	Практикалық тапсырмалардың интерактивті онлайн платформаларда дайындалуы	10
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	Нақты қолданылған материалдардың, цитаталардың дереккөздері мен сілтемелері	5
Жобаның талапқа сай безендірілуі	Әдеби-тілдік нормалардың сақталуы	10
	Слайдтың рәсімделуі	5
Жобаны қорғау	Қатысымдық стратегияларды қолдану деңгейі	5
БАРЛЫҒЫ:		**100**

5. ЭССЕНІ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

Рубрикатор	Критерий	Дескриптор	Ұпай
Құрылымы	Эссе құрылымын сақтауы	Эссе құрылымы қатаң сақталса - 3; 1-2 құрылымдық бөлігі болмаса - 2; 3-4 құрылымдық бөлігі болмаса – 1.	**3**
Эссе мазмұнының ашылуы	Тақырыпқа тікелей қатысы жоқ, жалпылама сөйлемдердің болмауы	Аталған сөйлемдер болмаса - 3; 1-3 сөйлем болса - 2; 4-6 сөйлем болса – 1. 6-8 сөйлем болса – 0.	**3**
Аргументтері	Аргументтердің сандық, сапалық көрсеткіштері	3 не одан көп мықты аргумент болса - 3; 2 аргумент болса - 2; 1 аргумент болса – 1. 0 аргумент болса – 0.	**3**
Өзіндік тұжырымдары	Пікірге қатысты аргумент анализінің сапалық көрсеткіштері	3 аргументі жақсы талданса – 3; 2 аргументі жақсы талданса – 2; 1 аргументі жақсы талданса – 1; Аргументтерінің анализі бөлігі жоқ болса – 0.	**3**
Тілі	Тілдік қателердің болмауы	Емлелік, стильдік, пунктуациялық қателер болмаса – 3; Қате саны – 1-3 болса – 2; Қате саны 4-6 аралығында болса – 1; Қате саны 7-ден көп болса - 0	**3**

Ұпай	12-15	9-11	8-9	6-7	4-5	2-3	0-1
Баға	95-100	90-94	85-89	75-84	65-74	50-64	0-49

6. ТАҚЫРЫПТЫҚ БЕЙНЕМӘТІН ЖӘНЕ СОҒАН СӘЙКЕС ИНТЕРАКТИВТІ ТАПСЫРМА ЖАСАУ ТАПСЫРМАСЫН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

Рубрикатор	Критерий	Дескриптор	Ұпай
Мәтіннің іріктелуі	Мәтінге қойылатын дидактикалық талаптарға сай болуы	Жоғары – 3 Орта – 2 Төмен - 1	3
Мазмұны	Мәтіннің құндылық мәні, тілдік, рухани құндылықтарды дәріптеуі	Жоғары – 3 Орта – 2 Төмен - 1	3
Өзіндік пікірі	Шығармашылық деңгейі	Жоғары – 3 Орта – 2 Төмен - 1	3
Кескіндердің сапасы	Эстетикалық талғамға сай келуі, стиль бірізділігі, ЖИ арқылы жасалуы, авторлық құқықтың сақталуы	Жоғары – 3 Орташа – 2 Төмен - 1	3
	Мәтін мазмұнын ашуы		3
Дыбыс сапасы	Әуеннің үйлесімділігі	Жоғары – 3 Орташа – 2 Төмен - 1	3
	Кадр арты мәтіннің өз даусымен дыбысталуы, орфоэпиялық норманың сақталуы		3
Уақыты	2-3 минут болуы	Иә - 3 Жоқ - 1	3
Кері байланыстың болуы	Бейнемәтіннің ортасында және соңында интерактивті сұрақ, тапсырмалардың болуы	Жоғары – 3 Орташа – 2 Төмен - 1	3

Ұпай саны	24-27	20-23	15-19	10-14	5-9	2-4	0-1
Баға	95-100	90-94	85-89	75-84	65-74	50-64	0-49

АРАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫ МЕН СҰРАҚТАРЫ

1. Қазақ тілі оқулығы мен пәнді оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын қолданып, сабақ жоспарын құрастыру;
2. Шеберлік сабағын өткізу;
3. Эссе жазу;
4. «Оқушыларға арналған тіл дамыту құралы» жобасын дайындау;
5. «Грамматикалық тақырыпты оқытудың интерактивті әдістемесі» жобасын дайындау;
6. Тақырыптық бейнемәтін мен оған сәйкес интерактивті тапсырма әзірлеу.

* * *

1. Аксиологиялық лингвоәдістеменің мақсаты мен міндеттері;
2. Қазақ тілін оқытудың құндылық негіздері;
3. Тіл оқытудағы құндылық бағдар ұғымы және оның құрылымы;
4. Болашақ мұғалімнің аксиологиялық құзыреттілігі;
5. Қазақ тілін құндылық бағдарлы оқытудың педагогикалық маңызы;
6. Абай шығармаларындағы дидактикалық идеялар;
7. Қазақ тілі сабағының бес асыл іс кезеңі;
8. Оқушының құндылық бағдарын қалыптастыру кезеңдері;
9. Құндылық бағдарлы оқытудағы Абай мұрасының орны;
10. Ахмет Байтұрсынұлының тіл оқыту әдістемесіне қосқан үлесі;
11. «Баулу мектебі» тұжырымдамасының мәні;
12. Тіл жүйесі жайлы білімді құндылық ретінде оқытудың маңызы;
13. Тілдік білімнің тұлғалық дамуға әсері;
14. Сөздің тұлға және мағына жағын таныту әдістері;
15. Тілді құндылық ретінде қабылдауда сын тұрғысынан ойлаудың маңызы;
16. Фонетикалық білімді құндылық ретінде оқытудың маңызы;

17. Фонетиканы құндылық бағдарлы оқытудың дидактикалық ұстанымдары;
18. Қазақ тілінің лексикалық жүйесі жайлы білімді құндылық ретінде оқыту әдістемесі ;
19. Қазақ тілінің лексикалық жүйесі жайлы білімді құндылық бағдарлы меңгерту әдістері;
20. Қазақ тілінің лексикалық жүйесі жайлы білімді құндылық ретінде оқытудың маңызы;
21. Сөзжасамдық білімді құндылық ретінде оқытудың маңызы;
22. Сөзжасамды құндылық ретінде оқыту әдістемесі;
23. Морфологиялық білімді құндылық ретінде оқытудың маңызы;
24. Морфологияны құндылық бағдарлы оқытудың дидактикалық ұстанымдары;
25. Синтаксистік білімді құндылық ретінде оқытудың маңызы;
26. Синтаксисті құндылық бағдарлы оқытудың дидактикалық ұстанымдары;
27. Қазақ тілінің стильдік жүйесі жайлы білімді құндылық ретінде оқыту әдістемесі;
28. Қазақ тілінің стильдік жүйесі жайлы білімді құндылық ретінде оқытудың маңызы;
29. Орфографиялық дағды қалыптастырудың құндылық бағдарлы әдістері;
30. Орфоэпиялық дағды қалыптастырудың құндылық бағдарлы әдістері;
31. Құндылық мәнді оқу мәтіндеріне қойылатын талаптар;
32. Мәтін мазмұнын талдауға арналған құндылық бағдарлы тапсырмалар;
33. Мәтін тілін талдауға арналған құндылық бағдарлы тапсырмалар;
34. Оқылым әрекетін дамытудың құндылық бағдарлы әдістері;
35. Тыңдалым әрекетін дамытудың құндылық бағдарлы әдістері;
36. Айтылым әрекетін дамытудың құндылық бағдарлы әдістері;
37. Жазылым әрекетін дамытудың құндылық бағдарлы әдістері;
38. Лингвистикалық корпус негізінде тапсырмалар құрастыру әдістемесі;
39. Қазақ тілін оқытуда жасанды интеллектіні қолдану әдістемесі;
40. Болашақ мұғалімнің кәсіби құндылықтары.

ПАЙДАЛАНУҒА ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

Абай шығармашылығын оқу мен оқытудың, білу мен түсінудің дидактикалық тетіктері. Кітапта: Абайдың таксономиясы. Білу, түсіну, қолдану: Монография. – Алматы, 2002. –Б.127-169.

Абай шығармашылығын оқу мен оқытудың, білу мен түсінудің дидактикалық тетіктері. Кітапта: Абайдың таксономиясы. Білу, түсіну, қолдану: Монография. – Алматы, 2002. –Б.127-169.

Абай. Абайдың қарасөздері. Слова назидания. Abai. The book of words – Алматы, 2020. – 196 б.

Абдразахова Ф.Ж. Қазақ тілін шетелдік студенттерге жазылым әрекеті арқылы үйрету әдістемесі (ЖОО филология факультетіне арналған): п.ғ.к. ...дисс. – Алматы, 2003. – 173 б.

Абдулла С. Қазақ тілі сабақтарында тыңдалым әрекеті тапсырмаларын ұйымдастыру жолдары // Педагогика и Методы Обучения. – 2024. – №. 1 (66) 2024. – С. 16-23.

Айғабылов А. Лексиканы оқыту методикасы, оның қазіргі міндеттері. – Алматы: Мектеп, 1988. – 95 б.

Аймауытұлы Ж. Ана тілінің оқыту әдісі // «Жаңа мектеп». 1929.-№1. 11-36-б. Аймауытұлы. Ана тілінің оқыту әдісі // «Жаңа мектеп». -1929.- №2.-7-31-б. Кітапта: ХХ ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Құрастырған О.Жұбаева. – Алматы, «Қазығұрт» баспасы», 2013. – 664 бет.

Аймауытұлы Ж. Психология / Араб жазуынан көшірген Ақажанова А./. – Алматы: Рауан, 1995. – 312 б.

Айтқазинова А. Қазақ тілі сабағында ұлттық корпусты қолдану жолдары // Шәкәрім университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – 2025. – 4(4). – 228-237.

Айтқазинова А. Қазақ тілі сабағында ұлттық корпусты қолдану жолдары // Шәкәрім университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – 2025. – 4(4). – 228-237.

Ақымет. Жалқылау (айырыңқы) әдіс // («Ана тілінің әдісі» атты мақаланың жалғасы). «Жаңа мектеп». 1927. №10. 45-49-б. Кітапта: ХХ ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер.

Құрастырған О. Жұбаева. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы», 2013. – 583-587 б.

Алтай А., Абызова А. Лингвистикалық интеллектіні дамытудың құрылымдық-лексикалық әдістемесі // Интеллект, идея, инновация. – 2025. – Т. 2. – №. 2. – С. 5-11.

Аханов К. Тіл білімінің негіздері. Университеттер мен педагогика институттарының филология факультеттеріне арналған оқулық. Төртінші басылымы. - Алматы, 2002. - 664 бет.

Ахметова М. Мәтін лингвистикасы: Оқу-әдістемелік құрал. – Орал: «Ағартушы», 2008. – 148 б.

Аяпова Т. Сөйлеу әрекетінің онтогенезі: синтаксистік семантиканың дамуы: филол.ғыл.докт. …автореф. – Алматы, 2003. – 54 б.

Әбілқаев А. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1995. – 120 б.

Әділбекова Ж.Б. Тілдік талдаудың негізгі шарттары // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2011. – Т. 133(3). – 27-31 б.

Әдіскер анықтамалығы / құраст. Б. Қапалбек, А. Кеңесова, А. Жұмағұлова. – Астана, 2016. – 195 б.

Әлметова Ә.С. «Қазақ тілі сабағында студенттердің сұхбаттық тілдесім мәдениетін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері. – П.ғ.д. автореф. – Алматы, 2007. – 48 б.

Әлімжанов Д., Маманов Ы. Қазақ тілін оқыту методикасы. - Алматы: Мектеп, 1965. – 247 б.

Әміржан С. Оқу, жазу, үйрену туралы психалогие не айтады? // «Жаңа мектеп». - №7. Кітапта: ХХ ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Құрастырған О.Жұбаева. – Алматы, «Қазығұрт» баспасы», 2013. – 664 бет.

Бабалар сөзі: жүз томдық. Құрастырып, баспаға дайындағандар: Қ. Алпысбаева, Т. Әлібеков, Н. Елесбай. - Астана: Фолиант, 2010. – 66-том. Қазақ мақал-мәтелдері – 405 б.

Байтелиева Ж., Күдеринова Қ. Жастардың машықсыз сөйленген сөздерінің тілдік ерекшеліктері (НУ және СДУ студенттерінің сөзіне талдау). Көкшетау университетінің хабаршысы. Филология сериясы. - № 3. - 2022. - 4–19 б.

Байтұрсынов А. Қазақша сөз жазушыларға. Кітапта: Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.

Байтұрсынұлы А. Ана тілінің әдісі 1927. №9 (24). 23-31-б. Кітапта: ХХ ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Құрастырған О.Жұбаева. – Алматы, «Қазығұрт» баспасы», 2013. – 664 бет.

Байтұрсынұлы А. Жалқылау (айырыңқы) әдіс. Жинақта: Бес томд. шығармалар жинағы. 3-т. – Алматы: «Алаш», 2005. - 352 б.

Байтұрсынұлы А. Жалқылаулы-жалпылау әдісі // («Ана тілінің әдісі» атты мақаланың жалғасы). «Жаңа мектеп». 1928. №1. 31-37-б. Жинақта: «Тіл тағылымы». Алматы: «Ана тілі», 1992. - 368-372-б.

Байтұрсынұлы А. Түрікшелер құрылтайы // «Жаңа мектеп», 1926. №7-8, 43-50 б. Кітапта: Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: «Ана тілі», 1992. - 411-416-бет.

Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. – Алматы: «Сардар» баспасы, 2009. – 348 б.

Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы». Алматы: «Ана тілі», 1992.

Бейсенбекова Г.Т. Қазақ тілін басқа ұлт өкілдеріне оқылым әрекеті арқылы үйрету әдістемесі: пед. ғыл. канд. ...дисс. – Алматы, 2001.

Бердикулова А., Қапантайқызы Ш. (2025). Аутентті мәтіндер арқылы оқылым дағдысын дамыту // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы, 150(1), 292–302.

Бітібаева Қ.О. Мектепте Абайды танытудың жаңашыл әдістемесі мен технологиясы. – Өскемен: Рекламный дайджест, 2013. – 167 б.

Выготский Л.С. Мышление и речь. – М.: Лабиринт, 1999. – 352 с.

Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию. – М., 2001.

Даулетбекова Ж., Рай Қ., Тазабек А., & Сейітова Б. (2025). Тілді оқытудағы «тірі білім» ілімінің қағидалары: отандық және әлемдік ғылым тоғысында. ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы, 198(2).

Дәулетбекова Ж. «Тірі білім» мен тіл экософиясының үндесімі – тілді құндылыққа бағдарлай оқытудың өзегі // «Тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту: тәжірибе, мәселелер және перспективалары» атты ғалымдар мен мұғалімдердің ХҒПК материалдарының жинағы. 1-том. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2025.

Дәулетбекова Ж. Сөз мәдениеті - тілдік білім нәтижесі. - Алматы: ҚБТУ, 2011. – 240 б.

Дәулетбекова Ж.Т. Жалпы білім беретін мектептерде қазақ тілінен сөз мәдениетін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: п.ғ.д. ...автореф. – Алматы, 2008. – 50 б.

Дәулетбекова Ж.Т., Рай Қ.М. «Тірі білім» ілімі: Абай және Ақымет Байтұрсынұлы тұжырымдарының әлем ойшылдары қағидаларымен сабақтастығы // Құтты білік. – 2025. - Т. 2. - № 4.

Дейкина А. Аксиологическая методика преподавания русского языка. – М.: МГУ, 2019.

Дейкина А.Д. Формирование языковой личности с ценностным взглядом на русский язык: методологические проблемы преподавания русского языка. – М.: Оренбург, 2009.

Досмұхаметұлы Х. Таңдамалы. А.: Ана тілі, 1998. – 108 б.

Дуйсенова К., Тургунов Е. Синтаксисті семантикалық тұрғыдан оқытуда қолданылатын лингвистикалық әдістер // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, «Филология ғылымдары» сериясы. – 2020. – Т. 2. – №. 2 (72). – С. 535-543.

Дүйсебаева М. Қазақ әдеби тілі орфоэпиясының кейбір мәселелері. Алматы: Мектеп, 1973. – 65 б.

Ергубекова Ж. С., Куралбаева А. А., Сакулова А. Б. Орта мектептің қазақ тілі оқулығына ендірілген мәтіндердің дидактикалық маңызы // Scientific Journal of Pedagogy and Economics. – 2023. – Т. 406. – №. 6.

Ермағамбетова Л.Н. Жай сөйлемді ізгілендіру технологиясы арқылы оқыту әдістемесі: пед.ғыл.канд.дисс. .. автореф. – Алматы, 2006. – 29 б.

Ерназарова З.Ш. Сөйлеу тілі синтаксисінің прагмалингвистикалық аспектісі. – Алматы, 2001. – 215 б.

Жакупов Ж.А. Қазақ тілінің функционалдық синтаксисі (контекст проблемасы): 10.02.02: филол. ғыл. док. ... автореф. – Алматы, 1999.

Жақсылықова К. Қазақ тілін орыс тілді бөлімдерде модульмен оқытудың ғылыми-теориялық негіздері: пед.ғыл.докт. ...дисс. – Алматы, 2001. – 286 б.

Жақыпов Ж.А., Ахметова М.К. Қазақ лингвофольклортануы (мәтінтүзімдік тұрғы). Филология мамандығының білім алушыларына арналған оқу-әдістемелік құрал. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2020. – 134 бет.

Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігі. Жалпы редакциясын басқарғандар: Қажыбек Е.З., Фазылжанова А.М. – Алматы: Дәуір, 2016. – 1472 б.

Жаманбаева Қ.Ә. Тіл қолданысының негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. – Алматы: Ғылым, 1998. – 140 б.

Жанбиршиева А. С., Мамбеталиева А. Қ. Синтаксистік ұғым қалыптастыруда жаттығулар жүйесінің алатын орны // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2011. – Т. 134. – №. 4.

Жапбаров А. Оқушылардың ауызша сөйлеу әрекетін дамыта оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері (5-10 сыныптар). 4-кітап. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2008. – 264 б.

Жаппар К.З., Курманбаева А.А., Томанова Н.М., Алдабергенкызы Л. Национальный корпус казахского и русского языков: педагогические аспекты применения //Eurasian Journal of Current Research in Psychology and Pedagogy. – 2025. – №. 1. – С. 45-50.

Жарықбаев Қ. Жантану негіздері (Жоғары және арнаулы орта оқу орындарының, пединституттардың педагогика және бастауыш мектеп әдістемесі факультеті студенттеріне арналған оқулық). – Алматы: Кітап, 2002. – 415 б.

Жахина Б. Сөздің лексика-семантикалық тобымен байланыста тіл дамытудың әдістемесі: оқу құр. – Алматы: «Эверо» баспаханасы, 2006.

Жәнгірова Н., Қалыбаева Қ. Жаңартылған білім мазмұны аясында оқшау сөздерді оқытуда Ғ. Бегалиевтің әдістемесі мен заманауи мультимедиалық құралдарды пайдалану (7-сынып) //

Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы. – 2023. – Т. 85. – №. 3. – 70-77 б.

Жұбанов А.Қ. Компьютерлік лингвистикаға кіріспе. – Алматы: Арыс, 2008. - 640 б.

Жұбанов А.Қ. Корпустық лингвистика. – Алматы: «Qazaq tili» баспасы, 2016. – 336 б.

Жұбанов Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2013. – 640 бет.

Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер.- Алматы: «Ғылым», 1966. – 362 б.

Жұбанов Қ. Қазақ тілінің грамматикасы. Кітапта: Шығармаларының толық жинағы. – Ақтөбе: Жұбанов университеті, 2019. – 584 б.

Жұмабаев М. Педагогика (баланы тәрбие қылу жолдары). – Алматы: Рауан, 1992. – 112 б.

Жүнісбек Ә. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, 2018.

Имаханбет Р. Ахмет Байтұрсынұлы мұрасын заманауи оқыту жүйесіне енгізудің тиімді жолдары //Научно-педагогический журнал «Білім-Образование» Национальной академии образования имени И. Алтынсарина. – 2023. – Т. 104. – №. 1. – 68-81 б.

Кемеңгерұлы Қ. Жат тіл оқыту әдісі. Кітапта: XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Құрастырған О.Жұбаева. – Алматы, «Қазығұрт» баспасы», 2013. – 664 бет.

Кенжебаева Г., Балтабаева Ж. " Қазақ тілі" пәнінен жазылым дағдысын дамыту жолдары // Научно-педагогический журнал «Білім-Образование» Национальной академии образования имени И. Алтынсарина. – 2023. – Т. 106. – №. 3. – С. 88-96.

Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы, 1977. – 719 б.

Клычниязова Г., Сырлыбаева Г. Оқушылардың айтылым мәдениетін қалыптастырудың лингвистикалық аспектілері // Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. – 2024. – №. 1. – 248-262 б.

Күдеринова Қ.Б. Қазақ тілінің дәстүрлі сөзсаптамы // Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2022. - Т. 138. - №1.

Күзекова З.С. Екінші тіл ретіндегі қазақ тілі оқулығы теориясының лингвистикалық негіздері: филол. ғыл. док. ... дис. – Алматы, 2005.

Күзекова З.С., Асанова Ұ.О., Аяпова Т.Т., Оразбаева Ф.Ш., Мамаева М.Қ. Қазақ тілін орта деңгейде меңгерудің деңгейлік тақырыптық лексикалық минимумы / Екінші басылым. – Астана: «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК, 2018. – 100 бет.

Күзембаева А. Оқу орыс тілінде жүргізілетін мектептердегі класс оқушыларының қазақша тілін дамыту әдістемесі: пед. ғыл. канд. ... дис. 1994. – 172 б.

Қадашева Қ. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Мұрагер, 2005. – 176 б.

Қадашева Қ., Асанова У.О., Ашикбаева Б.Г. Қазақ тілін туыс тіл ретінде оқыту әдістемесі (түркі тілдерінде сөйлейтіндер үшін). – Алматы: «Кантана-пресс», 2012. – 400 б.

Қадырқұлов Қ., Садықова Р. Етіс категориясын оқытудың көкейкесті мәселелері // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, «Филология ғылымдары» сериясы. - № 2 (56). - 2016. – 206-209 б.

Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. - Астана, 2002. - 784 бет.

Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: педагогика және психология / ред. А.Қ. Құсайынов. – Алматы: Мектеп баспасы ЖАҚ, 2002. – 256 б.

Қазақ тілін оқытуға арналған бірүлгі бағдарлама. (Қазақ тілін шетел тілі немесе екінші тіл ретінде оқыту әдістемесі негізінде). – Астана, 2016. – 84 бет.

Қазіргі қазақ тілі: фонетика, лексикология, сөзжасам, морфология: ЖОО филология факультетінің білім алушыларына арналған оқулық / Г.О. Сыздықова, Л.Ә. Еспекова, Қ.Қ. Сарекенова, С.С. Шоқабаева. - Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2025. - 290 б.

Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері: Актуальные вопросы казахского языка. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 бет.

Қайдар Ә. Халық даналығы: Қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу. Жауапты ред. Ө. Айтбаев... – Алматы, 2004. - 559 б.

Қапалбеков Б. Ұлттан тілді алса. Мақалалар жинағы. - Алматы, 2006.

Қапантайқызы Ш. Қазақ тілін оқытудың аксиолингводидактикасы. – Астана: МедиАСофт, 2026.

Қожахметова Г. Оқушыларға сөйлеу типтерін меңгерту әдістемесі (8-9 сынып). – PhD дисс. – Түркістан, 2023. – 144 б.

Қосымова Г. Қазақ шешендік өнерінің негіздері және тілдік танымы. – А.: Ғылым, 2005. – 296 б.

Қошке. Жат тіл оқыту әдісі // «Жаңа мектеп». 1927. № 3-4. Кітапта: XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Құрастырған О. Жұбаева. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы», 2013.

Құлмағамбетова Б. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: «Білім» баспасы, 2000, – 144 б.

Құрманбаева Ш.Қ. Қазақ тілін жеделдете оқыту: теориясы мен әдістемесі. Монография. – Өскемен, 2012. – 278 б.

Құрманова Н. Қазақ мектептеріндегі сөз тіркесі синтаксисін дамыта оқыту технологиясының ғылыми-әдістемелік негіздері: п.ғ.к. ... дис. – Алматы, 2004. – 245 б.

Құрманова Н. Логика және оны қазақ тілін оқытуда қолдану. – Ақтөбе, 2004. – 60 б.

Маслова В.А. Лингвокультурология. – М.: Академия, 2001. – 202 с.

Маслоу А. Новые рубежи человеческой природы. – М., 1999.

Матжанова Ж., Макулова Л. Қазақ тілінің стилистикасын меңгертудегі коммуникативтік-құзыреттілік әдіснама // Көкшетау университетінің Хабаршысы. Педагогикалық ғылымдар сериясы. – 2025.

Мешімбаева Б. Гуманитарлық бөлім студенттерін қазақша пікірлесім (диалог) арқылы сөйлеуге үйрету әдістемесі: п.ғ.к. ...автореф. – Алматы, 1999. – 26 б.

Мұратбекова А.М. Қазақ тілінің кәсіби лексикасын жазылым әрекеті арқылы оқыту әдістемесі: п.ғ.к. ...автореф. – Алматы, 2003. – 28 б.

Наркұлова Б.А. Қазақ тілі сабағында дидактикалық ойындарды қолдану әдістемесі (5-сынып материалдары бойынша): п.ғ.к. …автореф. – Алматы, 2006. – 27 б.

Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде емес). – Астана, 2017. – 103 б.

Нұржан Ж. Қазақ тілін оқыту технологиясы. – Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2003. – 146 б.

Оразбаева Ф. Тілдік қатынас пен қатысым әдісінің ғылыми-теориялық негіздері: п.ғ.д. ...дисс. – Алматы, 1996. – 417 б.

Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: Оқу құралы. – Қарағанды, 2014.

Оразбаева Ф. Тілдік қатынас. Ғылыми монография. – Алматы: «Ан-Арыс», 2019. – 584 б.

Оразбаева Ф.Ш., Рахметова Р.С., Қазақ тілін оқыту әдістемесі: Оқу құралы. – Алматы: Print-S, 2005. – 94 б.

Оралбаева Н., Жақсылықова К. Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 207 б.

Өмірбаева К.Ө. Қазақ тілін көпдеңгейлік оқыту. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2002. – 120 б.

Өмірбекова Ж.Қ. Көркем мәтінді лингвистикалық талдау: Оқулық. – Астана, 2025. – 160 б.

Рауандина А.К. Қазақ тілін оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру әдістемесі (орыс тілді мектептердің 5-6 сыныптар): пед. ғыл. док. ... автореф. – Алматы, 2010. – 24 б.

Рахметова Р.С. Қазақ тілі синтаксисін қатысымдық-танымдық тұрғыдан оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері (ЖОО филолог мамандықтары үшін). ДДА., А., 2010. - 58 б.

Рахметова С. Қазақ тілін оқыту методикасы. Оқу құралы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 184 б.

Сайленова А. Орта мектепте оқылым дағдыларын қалыптастыру мәселесі // Шәкәрім университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – 2025. – Т. 4. – №. 4. – 195-205 б.

Салқынбай А. Абай сөзінің лингвопоэтикасы. Монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 242 б.

Скрябина О.А. Аксиологическая основа настоящего и будущего методики преподавания русского языка (родного) // Русский язык в школе. – 2019. – No 1. – С. 16–19.

Смагулова Н. К. А. Байтұрсыновтың әдістемелік ұстанымдары //Bulletin of Shokan Ualikhanov Kokshetau University Philological Series. – 2022. – №. 1. – С. 120-125.

Сүлейменова Ж. Қазіргі қазақ тілі морфологиясын оқытудың әдістемесі. – Алматы: Мұрагер, 2006. – 348 б.

Сыздық Р. Сөз құдіреті. - Алматы: Атамұра, 2005. – 272 б.

Сыздықова Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. – Алматы: Арыс, 2004. – 616 б.

Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі (Лексикасы мен грамматикасы). – Алматы, 1968. – 336 б.

Торайғыров С. Асыл сөз: өлеңдер мен дастандар. Алматы: ҚазАқпарат, 2005. – 117 б.

Тілдік пәндер сабақтарында мәтіндерді пайдалану бойынша әдістемелік ұсынымдар – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2024. – 160 б.

Шагирбаева Б.Қ. Ұлттық құндылықтарды түркітанымдық контексте меңгертудің лингводидактикалық негіздері. – PhD дисс. ... – Астана, 2024. – 117 б.

Шалабай Б. Қатысым синтаксисі. – Алматы, 1998. – 56 б.

Шонанов Т. Жаңа әліппемен сауаттандыру жайында // «Жаңа мектеп». –1929. №1. Кітапта: XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Құрастырған О. Жұбаева. – Алматы, 2013. – 664 бет.

Шонанұлы Т. Зерттеу әдісі. Кітапта: XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Құрастырған О.Жұбаева. – Алматы, 2013.

Шонанұлы Т. Тіл тамыршысы. Жинақта: Шығармалар. Мақалалар. Зерттеулер. - Алматы: «Ел-шежіре», 2011. – 367 б.

Шонанұлы Т., Голәқабыскайа А. Емлә мен оқуу. Кітапта: Бес томдық шығармалар жинағы. Оқу құралдары, оқулықтар. 2-том. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты. – 2015. – 115-150 б.

ЭЛЕКТРОНДЫ РЕСУРСТАР:

https://abaiqunanbaiuly.enu.kz/.
https://new.qazcorpora.kz,
https://qazcorpus.kz/
«http://expert.mektep.kz/»
https://abai.kaznu.kz/rus/?p=98
https://www.youtube.com/watch?v=vHxhQNx6ifA
https://www.soyle.kz/
https://adisteme.kz/category/kazak-tili-zhane-adebieti;
https://bilimland.kz/kk/courses
https://okulyk.kz/
https://sozdik.kz/ru/translator/
https://sozdikqor.kz
https://tilalemi.kz/article/1017-.html

МАЗМҰНЫ

Кіріспе 3

І модуль. ҚАЗАҚ ТІЛІН ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ..... 5

1.1 Аксиологиялық лингвоәдістеме және қазақ тілін оқытудың құндылық бағдары..... 5

1.2 Болашақ қазақ тілі мұғалімінің құндылық бағдарын қалыптастыру мәселелері..... 25

1.3 Қазақ тілін құндылық бағдарлы оқытудағы Абайдың «бес асыл іс» тұжырымдамасы..... 38

1.4 Ахмет Байтұрсынұлы тұжырымдары – қазақ тілін құндылық бағдарлы оқытудың негізі..... 49

ІІ модуль. ҚАЗАҚ ТІЛІН ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ..... 58

2.1 Мәтін мазмұны мен тілін талдаудың құндылық бағдары..... 58

2.2 Оқушының сөйлесім әрекетін дамытудың құндылық бағдарлы әдістері..... 70

2.3 Қазақ тілін құндылық бағдарлы оқытуда ақпараттық білім көздерін қолдану әдістемесі..... 80

ІІІ модуль. ҚАЗАҚ ТІЛІН ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ..... 88

3.1 Тіл жүйесі жайлы білімді меңгертудің құндылық бағдары 75

3.2 Дыбыстық жүйе жайлы білімді құндылық ретінде оқыту әдістемесі..... 98

3.3 Лексикалық жүйе жайлы білімді құндылық бағдарлы оқыту әдістемесі..... 107

3.4 Сөзжасамдық жүйе жайлы білімді меңгертудің аксиолингвоәдістемесі..... 117

3.5 Морфологиялық жүйе жайлы білімді құндылық ретінде оқыту әдістемесі..... 126

3.6 Синтаксистік жүйе жайлы білімді құндылық ретінде меңгертудің аксиолингвоәдістемесі..... 137

3.7 Стильдік жүйе жайлы білімді құндылық бағдарлы оқыту әдістемесі..... 146

3.8 Орфография мен орфоэпияны құндылық бағдарлы оқыту әдістемесі..... 155

Глоссарий..... 163

Бағалау критерийлері..... 168

Аралық және қорытынды бақылау тапсырмалары мен сұрақтары.. 174

Пайдалануға ұсынылатын әдебиеттер тізімі..... 176

Электронды ресурстар..... 186

Қапантайқызы Шынар

ҚАЗАҚ ТІЛІН ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Оқу құралы

Редакторы: *Қ. Бибеков*
Тех. редакторлар: *Н. Аитова, Г. Бегимова*
Корректор: *А. Шалғынбекова*

Басуға 09.09.2026 жылы жіберілді.
Тапсырыс №157
Көлемі 11,75 б.т. Таралымы 50 дана.

«Ab_Group» типографиясында басылды.
010008, Астана қаласы, А. Бөлекпаев, 15

ISBN 978-601-385-231-7





ҚАПАНТАЙҚЫЗЫ ШЫНАР

Педагогика ғылымдарының докторы,
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры.

1992 жылы Е.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша, 1995 жылы Қаратеңіз техникалық университетінің (Трабзон қаласы, Түркия республикасы) магистратурасын түрік тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша бітірген.

1999 жылы “Түрік және қазақ тілдеріндегі етістік фразеологизмдерге салғастырмалы талдау” (ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д., профессор А.С.Аманжолов) тақырыбында кандидаттық, 2009 жылы «Мемлекеттік қызметшілерге казақ тілін жеделдете оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбында докторлық (ғылыми кеңесшісі – п.ғ.д., профессор Ф.Ш. Оразбаева) диссертациясын қорғаған.

140-тан астам ғылыми-әдістемелік еңбектердің авторы. Олардың ішінде 4 оқу құралы ҚР БжҒМ грифімен және 9 оқу құралы ҚР ММ Тіл комитетінің тапсырысы бойынша шығарылған.

Республикалық медиасабақтар фестивалі (Астана, 2007) мен Республикалық ЖОО арасындағы «Үздік әдіскер» сайысында (Алматы, 2013) жүлделі I орынды иеленген. «ЖОО үздік оқытушысы» мемлекеттік гранты (2013), «Тіл жанашыры» құрмет медалі (2013), және «ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері» (2025), «Қаниша Бітібаева» (2025) төсбелгілері иегері.

ISBN 978-601-385-231-7

9 786013 852317

Астана
2026